

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 31 қазандағы N 770-ю бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2080. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

К е л і с і л г е н

Қазақстан Республикасының
индустрия және сауда
министрлігінің құрылыс
істері жөніндегі комитеттің
төрағасы
5 қараша 2002 ж.

К е л і с і л г е н

Қазақстан Республикасының
энергетика және
минералды ресурстар
министрі
12 қараша 2002 ж.

К е л і с і л г е н

Қазақстан Республикасының
төтенше жағдайлар
жөніндегі агенттігімен
төрағасы
11 қараша 2002 ж.

Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті және Көліктік бақылау комитетінің жеке мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі 599 қаулысына, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде нормативтік құқықтық кесімдерінәзірлеу жоба-графигін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 15 қаңтардағы 23-1 бұйрығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігінің ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Азаматтық авиация комитетінің Төраға орынбасары А.Б.Жолдыбаевқа.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
к ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р л і г і н і ң а з а м а т т ы қ
а в и а ц и я к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 3 1 қ а з а н д а ғ ы N 7 7 0 - ю
б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л ғ е н

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігі Ережесі

1-Бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Ереженің қолданылу саласы

1. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігі ережесі (осыдан кейін - Ережесі) Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының барлық ұйымдары үшін міндетті.

2. Ереже Қазақстан Республикасының барлық территориясында меншіктің қандай болмасын түріне қарамастан іске қосу, пайдалануға беру, жұмыс істеп тұрған объектіні жөндеу тоқтатып қою және тарату кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейді.

2-тарау. Өрт қауіпсіздігі ережесін орындауды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру

3. Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі" туралы заңына сәйкес азаматтық авиацияда өрт қауіпсіздігі мен өрт сөндіруді қамтамасыз ету үшін жауапкершілік осы ұйымның басшысына жүктеледі. Ол:

1) қазіргі заңдардың, басшы органдардың қаулылары мен жарлықтарының, Мемлекеттік өрт қадағалау мекемесі ұйғарымдарының орындалуын қадағалайды;

2) мекемеге қарасты объектілерде ұйымдардың барлық қызметкерлерінің осы ережені оқып-үйренуі мен орындалуын ұйымдастырып, жұмысшыларға, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерге өрт қауіпсіздігі мәселесін о қ ы т ы п , н ұ с қ а у б е р е д і ;

3) өртке қарсы шаралардың орындалуына және өрт сатып алу үшін қажетті қаржы бөлуді сөндіретін құралдар қарастырады;

4) ұйымдарды өрттен қорғауды қамтамасыз ететін барлық шаралар кешенін ұйымдастырып және оны жүзеге асырады;

5) жаңа құрылыс салу кезінде және жұмыс істеп тұрған объектілерді қайта құруда өртке қарсы шараларды дер кезінде орындауды, ал үйлер мен ғимараттарды пайдалануға беруде, сондай-ақ өндіріс процесінде өртке қарсы тиісті тәртіп орнатып, оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

б) өрт-техникалық комиссияның құрамын, ұйымның бөлімдеріндегі, қоймаларындағы, цехтары мен басқа да құрылымдық бөлімшелердегі өрт қауіпсіздігі қызметін қамтамасыз ететін жауапты адамдарды (қызметі көрсетіліп) ; өртке қарсы нұсқау беру және өрт-техникалық минимум бойынша оқулар өткізу тәртібін; дәнекерлеу және отпен байланысты басқа жұмыстар жүргізу тәртібін өз б ұ й р ы ғ ы м е н ж а р и я л а у ғ а т и і с т і ;

7) өндірісте өрт қаупін азайтуға бағытталған техникалық шешімдер жасап, о н ы е н г і з е д і ;

8) азаматтық авиация объектілерінде өрт сөндірудің шұғыл жоспарлары мен карточкаларын жасауды қамтамасыз етіп, оларды пысықтау үшін жоспарлы жаттығулар мен оқулар ұйымдастырады;

9) объектінің өрт қауіпсіздігі жағдайын, өртке қарсы қорғану құралдары мен олардың дұрыстығын және ұйымның өртке қарсы қызметінің жауынгерлік дайындығын тұрақты тексеріп тұрады.

4. Жеке объектілердің (өндірістік цехтардың, учаскелердің, қондырғылардың, қоймалардың, қонақ үйлердің) өрт қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті ұйым басшысы өз бұйрығымен жауапты адамдар танысқаны туралы қол қойғаннан кейін анықтайды. Құрылымдық бөлімшелердегі өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамның міндетіне мыналар кіреді:

1) өндірістің технология процесіндегі өрт қауіпсіздігін білу және қарамағындағы адамдардан объектідегі өрт қауіпсіздігі ережелерінің о р ы н д а л у ы н т а л а п е т у ;

2) өндірістік және әкімшілік үйлері мен ғимараттарында, сондай-ақ объект территориясында өртке қарсы тәртіпті қатаң сақтау, шылым шегетін жерлерді

ж а б д ы қ т а у ;

3) қарамағындағы адамдарға өртке қарсы нұсқау беріп, өрт-техникалық минимум бойынша сабақ өткізу. Өртке қарсы нұсқау алмаған адамдарды жұмысқа жібермеу ;

4) қолда бар барлық өрт сөндіретін алғашқы құралдарды және өрт автоматикасы қондырғыларының дұрыстығын, дайындығын және қайта зарядталуын тұрақты түрде тексеріп тұру, бұл құралдардың орынсыз пайдаланылуына жол бермеу ;

5) белгіленген тәртіп бойынша жасалмаған жазба түріндегі рұхсат қағазсыз мекемеге қарасты объектілерде дәнекерлеу және басқа да от шығатын жұмыстарға жол бермеу ;

6) белгілі бір бөлімшеге бекітіліп берілген территорияны таза ұстау, жүретін жерлерді, баспалдақтарды және өртке қарсы құралдарға баратын жерлерді үйіндімен ыбырсытпау, осы территориядағы үйлерге, ғимараттар мен су ағатын жерлерге баратын жолдарды жақсы қалыпта ұстау ;

7) рұхсат етілмеген жерлерде шылым шегуге, от жағуға тыйым салу ;

8) жылыту құралдарын, желдеткіштер мен электр жабдықтарын тексеріп, дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету ;

9) мемлекеттік өрт қадағалау органдарының келісімінсіз немесе өртке қарсы нормалар мен ережелер талаптарын ұстанбай, үйлер мен өндіріс орындарында қайта жабдықтап (қайта жоспарлап) құрылыс жүргізуге жол бермеу ;

10) өрт немесе апат (авария) жағдайында дереу өртке қарсы қызметті шақырып, адамдарды тезірек эвакуациялап, қолда бар күшпен және құрал-жабдықтармен өртті сөндіріп, зардап шеккендерге қажетті медициналық көмек көрсету керек.

5. Ұйым басшылары осы Ереже және салалық нұсқау мен басқа да талаптар негізінде тұтас ұйымдар мен әрбір жеке объекті (цехтық) үшін ұсыныстар әзірлеп , жергілікті өртке қарсы қызметпен келісілген өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқауды бекітеді. Нұсқаулар өндірістік оқулар жүйесінде, өндірістік нұсқаулар жүргізу және өрт-техникалық минимум бойынша оқытылып үйретіледі және ол көрнекті жерге ілініп қойылады.

6. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқауда мыналар көрініс табуы тиіс:

1) территорияның, үйлер мен ғимараттардың, оның ішінде эвакуация жолдарының тазалығын талап ету ;

2) технологиялық процестерді орындау құрал-жабдықтарды пайдалану өрт қауіпті бар жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін оқып-үйрену жөніндегі шаралар ;

3) жарылыс және өрт қауіпі бар заттар мен материалдарды сақтау және жеткізу тәртібі мен нормалары ;

4) шылым шегетін, ашық отпен және отпен байланысты жұмыстар жүргізу
о р н ы ;

5) тұтанғыш заттар мен материалдарды жинау, сақтау шығару;

6) бақылау-өлшеу аспаптары (маномертлер, термометрлер) көрсеткіштерінің шегінде болуы, ауытқыған жағдайда өрт немесе жарылыс шығуы мүмкін;

7) өрт жағдайында нысанға қызмет көрсететін адамдардың іс-қимылы оның
і ш і н д е ;

өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру реті;

технологиялық құрал-жабдықтарды апаттық тоқтату тәртібі;

желдеткіштер мен электр жабдықтарын ағыту тәртібі;

өрт сөндіру құралдары мен өрт автоматикасы қондырғыларын қолдану тәртібі

;

адамдарды, тұтанғыш заттар мен материалдық байлықтарды эвакуациялау
т ө р т і б і ;

ұйымның (бөлімшелердің) барлық үй-жайларын қарау және өрт пен жарылыстан қауіпсіз жағдайға келтіру тәртібі.

7. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жалпы объектілік және цехтық нұсқаулар үш жылда бір рет, сондай-ақ технологиялық процесс пен жұмыс шарты өзгергенде, объектіде болған өрт, апат және жарылысқа жасалған талдау негізге алынған құжаттар өзгергенде қайта қарауға жатады.

8. Инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерін азаматтық авиация (осыдан кейін - АА) ұйымдарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өткізуге қатыстыру үшін өрт-техникалық комиссия (осыдан кейін - ӨТК) құрылады. Оған азаматтық авиация ұйымы басшыларының бұйрығымен мына құрам тағайындалады: бас инженер немесе ұйым басшысының орынбасары, өртке қарсы қызмет бөлімшесінің бастығы немесе оның орынбасары, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, күрделі құрылыс, жер үстіндегі ғимараттар, энергетика, механика, технология, сондай-ақ жанар-жағар май (осыдан кейін - ЖЖМ), авиациялық-техникалық база (осыдан кейін - АТБ), радиотехникалық құралдар мен байланысты пайдалану (осыдан кейін РТҚБП) қызметтерінің басшылары мен азаматтық авиация ұйымы басшыларының қалауы бойынша басқа да адамдар мүше болады.

Өрт-техникалық комиссиясы өз қызметінде осы Ережені және ұйымның өрт қауіпсіздігі мәселелеріндегі қызметі айқындалған басқа да құжаттарды басшылыққа алады. ӨТК өз жұмысын жасалып жатқан жоспарлар мен комиссияның мақсаттары мен қызметіне сәйкес оның мүшелері арасында міндеттерді болу негізінде құрады. АА ұйымдарында ӨТК туралы Ереже осы Ереженің 1-қосымшасында баяндалған.

9. Ірі құрылымдық бөлімшелерде (АТБ, ЖЖМ, РТҚБП) жалпы объектілік өрт-техникалық комиссиясынан басқа цехтық (нысандық) ӨТК құрыла алады. Соңғысы құрылымдық бөлімше бастығының бұйрығымен (ұйғарымымен) құрылып, өз жұмысын жалпы объектілік ӨТК-ге сәйкес ұйымдастырады, бірақ тиісті бөлімше шеңберінде ғана.

3-тарау. Қызметшілерді оқыту, нұсқау беру және жұмысқа жіберу

10. Азаматтық авиация ұйымдарының барлық жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаудан және өрт-техникалық минимум бойынша оқудан тұратын арнайы дайындықтан өтуге тиіс.

11. Басшының бұйрығымен әр ұйымда:

- 1) нұсқау беру және өрт-техникалық минимум өткізу тәртібі мен мерзімі;
- 2) нұсқау беру (алғашқы және екінші қайтара) және өрт-техникалық минимум бойынша оқу жүргізу жүктелген лауазымды адамдардың тізімі;
- 3) нұсқау беру және өрт-техникалық минимум бойынша сабақ өткізілетін о р ы н ;
- 4) оқып-үйретілетін ережелер мен нұсқаулардың тізімі белгіленеді.

12. Жұмысқа қабылданатын барлық жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері біліміне, мамандығы мен лауазымы бойынша жұмыс стажына қарамастан, сондай-ақ іссапар мен ұйымға тәжірибеден өтуге немесе уақытша жұмыс жасауға келгендерге өрт қауіпсіздігінен нұсқау беріледі.

Ол ұйымдағы өрт қауіпсіздігі ережелерімен және нұсқауларымен, өрт шығу қаупі басымдау объектілермен, өрт пен жарылыстың ықтимал себептерімен, өрт шыға қалған жағдайдағы нақты іс-қимылмен, өрт сөндірудің алғашқы құралдарын қолдану әдістерімен таныстыру мақсатында беріледі.

Нұсқау бағдарламасы өндірістің ерекшеліктерін ескере отырып, Мемлекеттік өртке қарсы қызметпен келісіп жасалады, оны ұйым басшысы бекітеді.

Нұсқау өрт қауіпсіздігі жөніндегі көрнекті құралдармен (плакаттар, нұсқаулар, макеттер) жабдықталған, өрт сөндіретін алғашқы құралдар үлгілері, өрт сөндіретін стационарлық қондырғылар схемалары және өрт байланысы мен сигналы бар арнайы бөлмеде өткізіледі.

Нұсқау берілгені туралы тіркеу журналына (осы Ереженің 3-қосымшасы) нұсқау берген адамның міндетті түрде қолы қойылып, жазылуы тиіс.

Өрт қауіпсіздігі туралы екінші қайтара нұсқау нысан басшысы белгіленген мерзім аяқталған соң (бір жылдан аспауы керек), сондай-ақ АА ұйымдары қызметкерлері мен қызметшілерінің жұмыс ерекшеліктері өзгерген жағдайда

б е р і л е д і .

Екінші қайтара берілетін нұсқауды нысандағы (учаскедегі) өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адам әр қызметкермен жеке-жеке жүргізеді. Екінші қайтара нұсқау берілгені туралы тіркеу журналына жұмыс орнында нұсқау берген және нұсқау алған адамдар (осы Ереженің 4-қосымшасы) міндетті түрде көл қойып жазулары керек.

13. Екінші қайтара нұсқау орнына өрт-техникалық минимум бойынша оқу өткізуге болады. Өрт-техникалық минимум бойынша оқу жұмысшылармен, қызметшілерімен, инженер-техник қызметкерлерімен объектіде және жұмыс орнында өрт қауіпсіздігі шараларын, технологиялық процесс ерекшеліктерін неғұрлым терең оқыту, сондай-ақ өрт сөндіру және өртке қарсы құралдармен және оларды пайдалану әдістерімен егжей-тегжейлі таныстыру мақсатында өткізіледі. Әр топ мамандық категориясы (газ-электр дәнекерлеуші, электриктер, операторлар) ескеріле отырып жинақталады. Өрт-техникалық минимум оқуларын ұйым мамандары мен өртке қарсы қызмет адамдары өткізуге тиіс. Оның бағдарламасы бойынша оқу аяқталғаннан кейін инженер-техник қызметкерлер, жұмысшылар мен қызметшілер сынақ тапсырулары керек. Сынақ нәтижелері оқылған тақырып бойынша алған бағалары көрсетіліп, тиісті құжаттармен (хаттама, ведомост) толтырылуы қажет, "инженер-техник қызметкерлерінен, қызметшілер мен жұмысшылардан сынақ алу" ведомосінің үлгісі осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетілген.

Сынақты ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған комиссия қабылдайды.

4-тарау. Жұмыскерлердің қызметі

14. Әр жұмыс орнында өртке қарсы ережені сақтау жауапкершілігі ұйым басшысының бұйрығымен сол учаскеде еңбек ететін адамға жүктеледі.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған кінәлі адамдар тәртіп бұзушылық түріне қарай (орындамаған, салғырт қараған немесе орындаудан бас тартқан), Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тәртіптік, әкімшілік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

15. Өндірістік учаскеде, лаборатория, қойма және әкімшілік ғимаратында жұмыс істейтін әрбір адам Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы"

З а ң ы н а с ә й к е с :

- 1) өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;
- 2) өрт шыға қалған жағдайда дереу өртке қарсы қызметке хабарлауға;
- 3) өртке қарсы қызмет келгенге дейін адамдар мен мүліктерді құтқарып, өртті сөндіруге қолдан келгенше шаралар қолдануға;

4) өрт сөндіру кезінде өртке қарсы қызметке көмек көрсетуге;
5) өртке қарсы қызмет органдарының ұйғарымдары мен басқа да заңды талаптарын орындауға;

6) Қазақстан Республикасының белгіленген заңына сәйкес өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылау және оларды бұзуға жол бермеу мақсатында олардың қарамағындағы өндірістік, шаруашылық және басқа да үй-жайлар мен құрылыстарды тексеруге мүмкіндік беруге міндетті.

5-тарау. Ұшуды өртке қарсы қамтамасыз ету

16. Ұшуды өртке қарсы қамтамасыз ету - азаматтық авиация аэродромдарының территориясында болған авиациялық немесе төтенше жағдайларда әуе кемелеріндегі өртті сөндіруге бағытталған және олардың бортындағы адамдарды құтқару мақсатында жасалған шаралар кешені.

17. Азаматтық авиация ұйымдарындағы әуе кемелері мен объектілерде өрт-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін өрттен құтқару бөлімдері құрылады, олар аэродромның апаттан құтқару командасының құрамына кіреді.

18. Өрттен құтқару бөлімдері өрттен құтқару техникасымен, өрт сөндіру құрамымен, арнайы апаттан құтқару жабдықтарымен жарақтандырылып, өздеріне жүктелген міндеттерді шұғыл орындауға әрқашанда дайын болуға тиіс.

19. Азаматтық авиация ұйымдарында қажетті өртке қарсы қорғаныс деңгейіне (осыдан кейін ҚӨҚҚД) байланысты аэродромдардың категориясына сәйкес өрт сөндіретін құрамның нормативті қоры болуға тиіс, ол авиация апаты болған жерге өрт сөндіретін автокөлікпен жеткізіледі.

20. Қажетті өртке қарсы қорғаныс деңгейі бойынша аэродромдарды категориялау тәртібі, өрттен құтқару автокөліктерінің саны мен типі, сондай-ақ өрттен құтқару бөлімшелерінің сандық құрамы азаматтық авиацияның мемлекеттік реттеу саласындағы өкілетті органдары бекіткен өте жеңіл авиация аэродромдарының жарамдылығын анықтаумен белгіленеді.

21. Азаматтық авиация ұйымдарында әуе кемелеріндегі өртті сөндіруге арналған құрамның үш еселік қоры үнемі сақталып тұруы керек.

22. Өрт сөндіру бөлімшелері мен өрттен қорғау техникасы әуежайдың ұшу алаңы жақсы көрініп тұратын апаттан құтқару станцияларында орналастырылады. Ұшу алаңындағы өрістеу уақытында бірінші автокөлік 3 минуттан аспайтын уақытта, ал одан кейінгілері 4 минутта жетуі керек.

23. Өрістеу уақыты деп өрттен қорғау бөлімдеріне "Дабыл" сигналы түскеннен бастап авиация оқиғасы болған жерге бірінші өрттен қорғау автокөлігі өрт сөндіре бастағанға дейінгі уақыт саналады.

24. Өрттен құтқару жұмыстарына басшылық жасау, сондай-ақ қосымша күштер шақыру үшін апаттан құтқару станцияларының әуежайдың қозғалыс қызметтерімен, қаланың өрттен құтқару жөніндегі орталық пунктімен немесе Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің жақын маңдағы өрт бөлімдерімен тікелей байланысы, сондай-ақ апаттан құтқару жұмыстарының басшысымен, азаматтық авиация ұйымының өрттен құтқару және арнайы автокөліктермен радиобайланысы болуға тиіс.

25. Апаттан құтқару жұмыстары кезіндегі тікелей байланыс және арналармен радио арқылы сөйлесулер автоматты түрде магнитофон таспасына жазылуы керек. Бұл материалдар кемінде үш тәулік сақталуға тиіс.

26. Азаматтық авиация ұйымдарының аэродромдарында су көздеріне және авиация оқиғалары болуы ықтимал жерлерге баратын кірме жолдар болуы қажет. Әсіресе әуеге ұшу жолының соңынан 1000 метрге дейінгі қашықтықта орналасқан ұшу және қону алаңдарына еркін жетуді қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуы керек.

27. Негізгі немесе старттық ұшулар кезінде апаттан құтқару станциясында әуе кемелерінің ұшуын, қонуын және жүргізіп әкелуіне тұрақты түрде бақылау жасау үшін өрттен құтқару бөлімшелері санынан кезекшілік қойылады. Кезекшілер авиация оқиғасы немесе өрт жағдайында, шұғыл түрде хабар беру үшін бақылаудың оптикалық құралдарымен және байланыспен, сондай-ақ әуе кемелері мен қозғалыс қызметі диспетчерлерімен радио арқылы сөйлесуді тыңдау үшін ультра қысқа толқынды (осыдан кейін - УКТ) қабылдағыштарымен қамтамасыз етіледі.

28. Азаматтық авиация ұйымдарының объекттерінде өртті өшіру кезінде, ұшуды жалғастыру барысында өрттен құтқару бөлімшелері өртке қарсы қорғаныс талаптары деңгейіне сәйкес есеппен жіберілуге тиіс.

29. Азаматтық авиацияның әрбір ұйымдарында өрттен қорғау бөлімшелерінің және зардап шеккен әуе кемелерінде өртті сөндіру және апаттан құтқару жұмыстарын жүргізетін күштермен және құралдармен өзара байланыстыратын апаттан құтқарудың жоспары жасалады. Ол ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.

30. Апат жоспарын пысықтау тактикалық дағдыны көтеру және өрт сөндіру бөлімшелерінің дайындықты бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жылында кемінде бір рет бірлескен оқулар өткізіледі.

31. Өрттен құтқару бөлімшелерінің әуе кемелерінде апаттан құтқару жұмыстарын жүргізу және объектілерде өртті сөндіру мақсатындағы әрбір шығуы арнайы журналға жазылады.

6-тарау. Авиация техникалары мен объектілерін өртке қарсы қамтамасыз ету

32. Авиация техникасы мен объекттерін өртке қарсы қамтамасыз ету - авиация техникасы мен объектілерінде өрт пен жануға бермеуге, ал өрт бола қалған жағдайда оны дер кезінде сөндіруге, адамдар мен материалдық байлықтарды қауіпсіз жерге көшіруге, сондай-ақ үйлер, ғимараттар, қоймалар мен әуе кемелері тұратын орындарды өрттен қорғау құралдарымен жараландыруға бағытталған шаралар кешені.

33. Авиация техникасы мен объектілерді өртке қарсы қамтамасыз етудің негізгі түрі өрттің алдын алу жұмыстары болып табылады. Өрт пен жануға жол беретін себептерді дер кезінде тауып, оны жою мақсатында жүргізіледі.

Өрттің алдын алу жұмыстары жоспарлы тексеру, тұрақты түрде бақылау жасау, өртке қарсы нормалар мен ережелердің сақталуын күнделікті қадағалау және техникалық қызмет көрсету көмегімен объектілер мен әуе кемелерінде байқалған кемшіліктерді жою жұмыстарымен біртұтас жүргізіледі.

34. Өрттің алдын алу жұмыстарын:

1) өрт-техникалық комиссиясы жоспарлы тексеру (кемінде жылына екі рет) және бақылау мақсатындағы тексеру (әр тоқсан сайын) жолымен;

2) құрылымдық бөлімшелердегі өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамдар (қызмет, бөлім, қойма, цех, қонақүй басшылары) тұрақты түрде өздеріне қ а р а й т ы н б ө л і м ш е л е р д е ;

3) азаматтық авиация ұйымының өрттің алдын алу жөніндегі инженерлері (нұсқаушылары) тұрақты түрде барлық объектілер бойынша жүргізеді.

35. Объектіде өрттің алдын алу жұмыстары немесе бақылаулық тексеру жүргізу кезінде мына жайларды анықтау қажет:

1) өрт қауіпсіздігі шаралары және олардың сақталу дәрежесі туралы н ұ с қ а у л а р д ы ң б о л у ы ;

2) объекті өрт қауіпсіздігінің нақты жағдайының өртке қарсы белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкестігі;

3) бұдан бұрын ұсынылған өртке қарсы шаралардың орындалу дәрежесі;

4) объекті қызметкерлерінің белгіленген өрт қауіпсіздігі ережелерін білуі және өрт шыққан жағдайдағы іс-әрекеті;

5) өрт байланысы, өрт сөндірудің алғашқы құралдары және өрт автоматикасы қондырғысының техникалық жағдайы және олардың қолда болуы.

36. Өрттің алдын алу, бақылаулық тексерулер қорытындылары мен күнделікті қадағалау нәтижелерінде төмендегідей шаралар қабылданады:

1) өрт-техникалық комиссиясы өрт-техникалық тексеру актісін жасап, бекіту үшін азаматтық авиация ұйымы басшысына береді. Ұйым басшысы арқылы

күрделі қаржы талап етіледі, өртке қарсы шаралар өткізуге қаржы бөлу, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған адамдарды жауапқа тарту мәселелері шешіледі. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің жекелеген басшылары тыңдалады;

2) құрылымдық бөлімше басшылары өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуын жойып, оған жол берген адамдар жауапқа тартылады;

3) өздерінің қарамағындағы қызметкерлерде анықталған өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылғаны туралы құрылымдық бөлімшелердің басшыларына х а б а р л а н а д ы ;

4) өртке қарсы қызмет бөлімшелердің бастығы арқылы азаматтық авиация ұйымы басшысына объектідегі өрт қауіпсіздігінің жағдайы хабарланып, оны жақсарту жөнінде ұсыныс жасалады;

5) азаматтық авиация ұйымының басшысы бекіткеннен кейін өрт-техникалық тексеру актісі реттеуші құжат болып табылады және қандай болмасын қосымша бұйрықсыз-ақ орындалуға жатады.

Актіде өртке қарсы шараларды нақты жүзеге асыру мерзімі мен орындаушылары атап көрсетіледі. Актінің көшірмесі орындаушыларға қолхат арқылы тапсырылады;

37. Құрылымдық бөлімшелердің өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамдары жұмыс күні аяқталғаннан кейін демалыс күндері өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жабылар алдында учаскелерді, бөлмелерді, қоймаларды тексеріп қарауды ұйымдастырады. Қараудың нәтижелері арнайы журналға жазылады. Жекелеген өрт қауіпсіздігі бар деген учаскелер, бөлмелер, қоймалар өртке қарсы қызметкерлермен бірлесіп қаралады. Бұндай объектілер тізімі өртке қарсы күрес қызметі бастығы жасаған ұсыныс бойынша азаматтық авиация ұйымының б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

Жабылар алдында объектілерді қарау кезінде төмендегілерді тексеру керек:

1) объектінің жиналуы және оған қарасты территорияны өндірістік қалдықтар мен қоқыстан мұқият тазарту;

2) эвакуация кезінде авариялық есіктер мен жолдардың бос болуы;

3) ғимарат конструкцияларымен және оның ішіндегі құрал-жабдықтар (материалдар) арасы үйінділерден бос болып, өртке қарсы шараларға кедергі келтірмеулері керек;

4) электр аспаптары мен электр жабдықтарын токтан ажырату;

5) өрт автоматикасы қондырғыларының жағдайы, олардың жұмысқа әзірлігі;

6) пештерді жану өнімдерінен мұқият тазарту.

Аталған осы шарттардың бірі орындалмаған немесе өрт қауіпсіздігін басқа да бұзу жағдайлары белгілі болған кезде объекті өртке қарсы жағдайда анықталған кемшіліктерді жоюға дейін жабуға дайын емес деп саналады.

38. Жұмыс істемейтін мереке күндері объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен мереке қарсаңында олар жабар алдында тексеріліп, қабылданып а л ы н а д ы .

Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында объектіні қарап, қабылдап алуға оларды жабар алдында азаматтық авиация ұйымының басшысы бұйрығымен объектіні қарап, қабылдап алуға комиссия тағайындалады. Бұйрықта сондай-ақ қабылдауға жататын объектілердің тізімі, қарап тексерілген уақыт атап көрсетіледі. Комиссияның объектіні қарау және қабылдау тәртібі осы Ереженің 37-ші тармағында көрсетілген. Қарау және қабылдап алу нәтижелері жазылған актіні азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді.

39. Жұмыс істеп тұрған өндіріске жаңа технологиялық процестерді енгізу кезінде технологиялық операцияларының өрт қауіпсіздігін төмендетуге және олардың өртке қарсы қорғанысын жетілдіруге бағытталған шешімдер жасалып, енгізіледі. Бұл орайда төмендегі жайлар негізгі бағыт болуы қажет

1) өрт қауіпсіз бар органикалық ерітінділерді (бензин, спирт, керосин, уаит-спирт) қауіпсіз техникалық жуу құралдарына айырбастау;

2) өндірісте пайдаланатын заттар мен материалдардың өрт қауіпсіз бар қасиетін зерттеу және оларды қауіпсіз қолдану жөнінде ұсыныстар беру;

3) өрт және жарылыс қауіпсіз бар бөлмелерді өрт автоматикасы қондырғыларымен жабдықтау.

40. Азаматтық авиация ұйымдарында әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуде өрт қауіпсіздігінің бұзылуына дер кезінде жол бермеу, сондай-ақ өрт шыға қалған жағдайда оны жедел түрде өшіру мақсатында әскери есеппен өрт сөндіру автокөліктерінің патрульге шығуы ұйымдастырылады. Патрульге шығу мерзімі мен бағыты жергілікті жағдай мен ұшудың жиілігіне байланысты белгіленеді.

41. Азаматтық авиация ұйымының қызметкерлері өндірістік оқу жүйесінде міндетті түрде арнайы өртке қарсы дайындықтан өтеді. Ол өрт қауіпсіздігі ережелерін, сондай-ақ өрттің алдын алу шараларын кеңінен оқып үйрену, өрт сөндірудің алғашқы және стационарлық құралдарымен жұмыс істеу ережелеріне және өрт шыққан жағдайда әрекет жасауды үйрету мақсатында жүргізіледі.

2-Бөлім

Өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары

7-тарау. Территорияны, ғимараттарды, құрылыстарды және үй-жайларды ұстау

42. Азаматтық авиация ұйымдарының барлық территориясы, өндірістік қойма және қызмет бөлмелері таза ұсталып, өндірістік, тұрмыстық және басқа қалдықтардан, сондай-ақ қоқыстардан үнемі тазартылып тұру керек.

Металл жаңқалары, май сіңген сұрту материалдары және өндірістік қалдықтар ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 6 метр қашықтықтағы арнайы бөлінген орындарда сақталуы керек.

43. Аэродром, ЖЖМ қоймалары, РТКБП объектілерінің территорияларындағы шөп шабылып, тазартылуға тиіс. Шабылған шөпті кептіру және сақтау ерекше жағдайда ғана аэродром, жанар-жағар май қоймалары мен радиотехникалық құралдар мен байланысты пайдалану объектілерінің бос учаскелерінде ғана ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр жерде сақталуға тиіс.

44. Радиотехникалық құралдар мен байланысты пайдалану объектілерінің территориясы егістік және орман алқаптарынан периметрі бойынша ені кемінде 3 метр өртке қарсы боразда арқылы жыртылады. Радиотехникалық құралдар мен байланысты пайдалану объектісінің территориясы шымтезек алқабынан тереңдігі бойынша шымтезек қорының ені кемінде 3 метр минералдандырылған алқаппен бөлінеді.

45. Ғимараттар мен құрылыстарға, су қоймаларына, өрт гидранттары (өртке су себетін кран) мен өрт сөндіру құралдарына апаратын жолдар, өткелдер, кіреберістегі жолдар, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстар арасындағы жерлерге материалдар, құрал-жабдықтар мен қораптарды үйіп жинауға және автокөлік тұрағы үшін пайдалануға болмайды.

46. Өрт машиналарының қозғалысына кедергі келтіретін кейбір жолдарды жабу кезінде айналып өтетін жолдар жасалып, белгіленген тәртіппен жол белгілері қойылуы керек. Қандай болмасын осындай өзгерістер туралы ұйымның өртке қарсы қызмет бөлімшесімен Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі хабардар болуға тиіс.

47. Ұйым объектілерінің территориясындағы теміржол арқылы өтетін жолдар өрт автокөліктерінің жүруі үшін әрқашан бос болуға және рельстермен бір деңгейде тұтас төсеніштері болуға тиіс. Локомотивсіз вагондардың өткелдерде тоқтап тұруына тыйым салынады.

48. Жарылыс қаупі бар және өрт қаупі бар объектілердің территориясында, сондай-ақ жанар-жағармай сақтау және оны қайта өңдеу орындарында ұйымның белгіленген формада жазба түріндегі рұхсатынсыз от жағуға тыйым салынады.

49. Жанар жағармай буы немесе газ шоғырлануы мүмкін объекті территориясының учаскелерінде автотехниканың жүруіне жол берілмейді. Бұл туралы тиісті жазулар ілініп қойылуы тиіс.

50. Автокөліктердің уақытша тұратын орны объектіні салу жоспарында көрсетілуі тиіс. Автокөліктердің белгіленбеген жерлерде, сондай-ақ тез тұтанатын заттар мен жанар жағармай және газ тасымалдайтын автокөліктердің ғимараттар мен құрылыстар жанында тұруына тыйым салынады.

51. Өртке су себетін крандардың (гидрант) тұратын орны көрсеткіштермен белгіленіп түн мезгілінде жарық түсіп тұруы қажет. Қыс кезінде өрт гидранттары және оларға баратын жолдар қардан тазаланып, ал, гидранттың люктерінің қақпағы мұздан тазартылуы керек. Су қоймалары мен гидранттарға баратын жолдар мен кіреберістерге қатты жамылғы төселеді. Олар еңістеу жасалады, бұл жаңбыр және қар суының табиғи түрде ағып кетуіне әсер етеді.

52. Өндірістік, қоғамдық және басқа ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары отқа төзімді затпен өңделуге тиіс, оның әсер ету мерзімі осы затты жасап шығарған заводтың техникалық жағдайларымен анықталады.

53. Сатып қалған аппаратураны, құбырларды, ысырмаларды тағы басқа бумен немесе ыстық сумен жылытуға рұқсат беріледі. Ол үшін отты пайдалануға тыйым салынады.

54. Құрал-жабдықтардың (фланц құрылымдарын, сальниктер) саңылаусыз болуы үшін қатаң бақылау қойылуы қажет. Ал саңылау байқалған жағдайда оларды жою шараларын қолдану қажет.

55. Су құбыры жүйесінің кейбір учаскелерін, өрт гидранттары мен крандарын ажырату, су құбыры жүйесінде белгіленген қысымды төмендету ұйымның өртке қарсы қызметімен алдын ала келісілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

56. Өрт автокөліктерінің жүруіне кедергі келтіретін жекелеген жол учаскелерін жөндеу үшін (немесе басқа себептер бойынша) жабу ұйымның өртке қарсы қызметімен және таяу маңдағы өрт бөлімшелерімен келісіп жасалады. Жолдарда жөндеу және басқа да жұмыстар жүргізу кезінде айналып өтетін жолдардың көрсеткіш белгілері орнатылып немесе жөндеу учаскесі арқылы ені кемінде үш жарым метр өткелдер жасау қажет.

57. Өрт және жарылыс қаупі бар объектілер мен қондырғылар тұрған территорияларға арнайы рұқсат қағазымен жіберіледі, ал автокөлік ұшқын тұтатын сөндіргіштерімен жабдықталуы тиіс.

58. Ғимараттар мен құрылыстардың көлемдік-жобалық шешімдері қазіргі құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келіп, ғимаратта адамдардың нормадағыдан аспайтын мөлшерде болуын қамтамасыз етеді.

59. Жүретін жолдар, шығатын есіктер, дәліздер, стационарлық өрт баспалдақтары және ғимарат төбесіндегі жанбайтын қоршаулар, баспалдақ клеткалары, төбедегі жайларды үнемі жарамды жағдайда ұстап, ешқандай заттарды үйіп тастауға болмайды. Төбедегі жайлардың есігі, терезелері жабық болуға тиіс. Баспалдақ алаңында қойма салуға тыйым салынады.

60. Ғимараттың астындағы төле (подвал) мен цокольдық қабатта жарылғыш заттар, өрт қаупі жоғары газ және басқа материалдар бар баллондарды пайдалануға және сақтауға тыйым салынады. Төле мен цокольдық қабаттағы терезелер мен люктер түтінді шығару мен өртті сөндіру үшін қолданылатын төле және цокольдық қабаттағы терезелер мен люктарды таза және жарамды жағдайда ұстаған дұрыс. Терезелерге металл қоршауларын орнатып, оларды үйінділермен жауып тастауға тыйым салынады.

61. Ғимараттағы стационарлық өрт баспалдақтары, үйдің жоғары қабатындағы басқыштар, төбедегі қоршаулар жарамды және өрт кезінде оларды пайдалануда қолайлы болуға тиіс.

62. Барлық үйлер, қондырғылар, құрылыстар өрт сөндірудің алғашқы құралдарымен, өрт инвентарларымен, өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамның аты-жөні жазылған және ұйымның өрт қауіпсіздігі қызметінің телефон нөмірі көрсетілген табличкамен қамтамасыз етілуге тиіс. Өрт сөндіру құралдарын өрт сөндірумен байланысты емес шаруашылық және өндірістік қажеттілікке пайдалануға тыйым салынады.

63. Жанар-жағармай сіңген сүрту материалдарын мықты жабылатын қақпақтары бар арнайы металл жәшіктеріне жинап, салып, жұмыс аяқталғаннан кейін (немесе ауысым ауысқан кезде) жәшіктерді қауіпсіз жерге шығару керек.

64. Өндірістік ғимараттардағы жанар-жағармай материалдарын өндірістік ғимараттарда бір тәуліктегі шығыннан аспайтын мөлшерде өндірістік ғимараттағы өртенбейтін шкафтарда, мықты жабылатын қақпақтары бар саңылаусыз ыдыстар мен жәшіктерде, ал жанар-жағармай материалдарының тәуліктік шығыннан астам мөлшерін осы арнайы жасалған бөлмелерде сақтауға рұхсат етіледі.

65. Арнайы киімдерді осы мақсатқа арнайы арналған жеке шкафтарда сақтау қажет. Арнайы киімдерді жұмыс орнында қалдыруға рұхсат етілмейді.

Жанар-жағармай материалдар сіңген киімдер мен басқа заттарды жылу көздеріне жақын жерге іліп және кептіру үшін жайып қоюға тыйым салынады.

66. Жанар-жағармай материалдарын радиаторлар мен колориферлерге, жылыту құралдарын жақын жерлерге жинап сақтауға тыйым салынады.

67. Тез тұтанатын және жанар май сұйықтарымен еденді, қабырғаны, сондай-ақ киімдерді жуып, құрал-жабдықтарын тазалауға тыйым салынады.

68. Өрт қаупі бар ғимараттардағы телефон аппараты мен сигнал беру қондырғысы белгілі бір категория мен топқа сай жарылыстан қорғанысы болуы керек.

69. Ұйым территориясының көрнекті жерінде өрттен қорғау қызметін шақыру тәртібі туралы жазылған кесте және өртке қарсы инвентарлар жиынтығының щиттері тұруы қажет.

8-тарау. Өртке қарсы бөгеттерді ұстау

70. Ғимаратты немесе құрылысты бөліп тұратын өртке қарсы бөгеттер қазіргі құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына жауап беруі керек.

Оттың бүкіл ғимаратқа тарауына тосқауыл болатын бөгеттер өртке қарсы қабырғалар немесе қайта жабулар түрінде қолданылады немесе өртке қарсы аймақтар жасалады.

Өртке қарсы қабырғалар (брандмауэрлер) іргетасқа бекітіліп, бой көтеруі керек.

Өртке қарсы қабырғалар әртүрлі өрт қаупі бар өндірістік және қоймалық үй-жайларды секцияларға бөлу үшін қызмет етеді.

71. Өртке қарсы аймақ бір немесе бірнеше қатар жанбайтын бағаналарға тіреліп, жанбайтын жамылғылар жолағын жасауға тиіс.

72. Өртке қарсы бөгеттер қиылысатын жерде әртүрлі коммуникациялар мен конструкция тесіктері жанбайтын материалдармен қалың етіп жабылып тасталуы тиіс.

73. Түгін тарататын каналдар мен шахталарды, төбеге шығатын есіктер мен люктерді, балконнан-балконға өтетін өткелдері жабуға және эвакуация үшін пайдаланатын лоджия мен балкондарды әйнекпен жабуға тыйым салынады.

74. Сылақтың қалың қабаты немесе ғимараттың құрылыс, конструкцияларының басқа да отқа төзімді жамылғылары зақымдалмауға тиіс.

75. Қабырғаның іш жағындағы және қабат аралығындағы қайта жабылған жерлер технологиялық және есік ойықтарының өртке қарсы қорғану құрылғысы үнемі жұмыс жағдайында болуы керек.

76. Құрылыс конструкцияларын жанатын материалдармен өңдеуде басқыштардың қанатынан басқа баспалдақ клеткаларында қолдануға тыйым салынады, қанаттар мен қоршаулардың шығып (көріп) тұратын бөлігі баспалдақтар мен олардың арасындағы енін тарылтпау керек.

9-тарау. Адамдарды эвакуациялау қауіпсіздігін қамтамасыз ету

77. Өрт қауіпсіздігі үшін жауап беретін адамдар өрт жағдайында адамдардың ұйым немесе жеке объектілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды дер кезінде жүргізуге жауап береді.

78. Адамдарды эвакуациялау жоспары көрнекті жерге ілініп қойылуы қажет.

79. Өрт жағдайында адамдарды эвакуациялау қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек.

80. Есіктердің барлығы ғимараттан сыртқа шығатын бағытқа қарай еркін ашылуы керек. Шығар жолдағы есіктер ақаусыз дұрыс болып өздігінен нығыздап жабылатын стационарлық қондырғылармен қамтамасыз етілуі қажет. Іштен тез ашылатын ілгектердің орнына іштен құлып салуға рұхсат етілмейді. Ерекше жағдайда ғана салынған ішкі құлыптардың кілттері нөмірлі биркалармен кезекші бөлмесінде сақталуы керек.

81. Ғимараттан немесе қабаттан шығатын қосалқы эвакуациялық есіктерді қатты нығыздап жабуға болмайды.

82. Ғимараттардың баспалдақ астындағы бос жерлерді қойма ретінде немесе қажеттіліктерге пайдалануға, тез тұтанатын жанармай сұйықтары бар газ құбырлары мен труба құбырларын төсеуге, сондай-ақ адамдардың жүріп-тұруына кедергі келтіретін жабдықтар қоюға тыйым салынады.

83. Эвакуация жолында тиісті пандустар мен баспалдақтарсыз құлама биіктіктер жасауға болмайды.

84. Адамдарды эвакуациялау жолындағы конструкцияларды жанғыш материалдармен әшекейлеп, әрлеуге болмайды.

85. Ғимараттар мен үйлерді пайдаланғанда нормадан асып кететін және сенімді және қауіпсіз эвакуациялауға мүмкіндік бермейтін адамдар санын орналастыруға тыйым салынады.

10-тарау. Ғимараттар мен сыртқы қондырғыларды электр құралдармен жабдықтау

86. Ғимараттардың электр жабдықтары мен ішкі қондырғылары типі және жасалуы жағынан ғимараттың өрт жарылыс қаупі немесе ішкі қондырғылардың класына, сондай-ақ қоршаған ортаға сәйкес келіп қазіргі нормативті құқықтық актілер талаптарына сәйкес жасалады және пайдаланылады.

87. Ұйым басшысының бұйрығымен ғимараттағы әрбір объектіде электр қондырғыларының жағдайына, сондай-ақ электр жабдықтарына уақытында қызмет көрсететін және техникалық пайдалануды қамтамасыз ететін жауапты адам тағайындалуы керек.

88. Кез-келген мақсаттағы сымдар апаттық режимді ескере отырып мүмкін болған қызу талаптарын қанағаттандырулары керек.

89. Өндіріске қажетті электр мен жылыту құралдары жанар-жағар материалдарына жанаспай, жанбайтын жерлерге орнатылуы қажет. Қоймаларда электрмен жылыту құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

90. Қоймалар мен өндірістік жайларда жанғыш материалдарды немесе жанғыш қораптарды (мата, қағаз, ағаш) сақтау және пайдалану кезінде шамдар шыны қалпақпен қорғалуы керек.

91. Тасымалданатын шамдар жарылыс қаупі жоқ жерлерде қолданылып, В-1 және В-1а класындағы үй-жайларға арналған шамдардың сынбайтын материалдардан жасалған қалпағы немесе алдын-ала өшіру блокировкасы және қорғайтын металл торы болуға тиіс.

92. Өртүрлі бағыттағы қоймаларда тек электр жарығы болуы керек және қойманың әр секциясында олар дербес өшірілуге тиіс. Электр қалқандары қоршалып, рубильниктер мен штепсель розеткаларымен қойманың сыртында жанбайтын қабырғаларға немесе бөлек тұрған жабық өртенбейтін жәшіктерге бекітіліп қойылуға тиіс. Демалыс күндері жәшіктер құлыпталады немесе пломба салынады.

93. Ашық қоймалар үстімен электр желілерін тартуға және әуе арқылы тартылған электр желісінің астында шикізат пен материалдарды сақтауға тыйым салынады.

94. Электр желілері мен прожекторларды қойманың төбесіне және қалқалар мен қатарлардан 10 метрден жақын жерге орнатуға рұхсат етілмейді.

95. Жабық қоймалардан, қалқалар мен қатарлардан тартылатын жоғарғы вольтті желілер электр желісі тіреуі биіктігінен, бір жарым есе қашықтықта орналасуы керек.

96. Электр қондырғыларының барлығы қысқа тұйықталу тогынан, өртке әкеп соқтыратын басқа да дұрыс емес режимдерден қорғаныс аппаратымен қорғалуға тиіс.

97. Сымдар мен кабельдерді жалғау немесе тармақтау кезінде жайсыз жағдайлардан қашу үшін бүріккіштерді, дәнекерлеу немесе арнайы қышқыштарды қолданған жөн.

98. Электр қондырғыларын пайдаланғанда төмендегілерге тыйым салады:

1) тамақ әзірлеу үшін бұл мақсатқа бейімделмеген үй-жайларда тұрмыстық электр құралдарын қолдануға;

2) электр сымдарын шегемен бекітуге оларды есіктің жабылатын жері арқылы өткізуге, сымға, роликке, сөндіргіш тетікке қандай болмасын заттар ілуге ;

3) электр шамдарын қағазбен, матамен, басқа да жанғыш заттармен орауға;

4) электр желісі үшін радио және телефон сымдарын пайдалануға;

5) есептегіш электр жүйесі мен электр қондырғылаңын себепсіз және рұхсатсыз ауыстыруға ;

6) электр сымдарының металл конструкциялармен жанасуына жол бермеу.

99. Электр жүйесі мен электр аппаратураларындағы ұшқын шығатын ақауларды кезекші қызметкер тез арада жоюы керек.

Ақауы бар электр жүйесін өрт қауіпсіздігі жағдайына келгенше токтан ажыратып тастау керек.

100. Авариялық жарық беру шамдары дербес ток көздеріне қосылуы тиіс.

101. Кез-келген кластағы өрт қаупі бар жабылатын қойма ішіндегі, электр қондырғылардың іштен токтан ажырайтын аппараттарына қарамастан сырттан ажырататын аппараттары болуға тиіс.

102. Түтікті сымдардың металл қабықтарын жерге қосу (заземление) ретінде пайдалануға тыйым салынады.

103. Кернеуі 1000 В және одан да жоғары нейтралды трансформатордың электр желісінде жекелеуші бақылау қондырғысы болуға тиіс.

104. Құбырлардың кабель желісі қиылысында, мұнай және газ құбырларын қосқанда, кабель мен труба құбырлары арасындағы қашықтық кемінде 0,5 метр болғаны жөн.

105. Тасымалданатын электр қабылдағыштарды жерге қосу фазамен бірге ортақ қабықта тұрған икемді өткізгішпен және жүйеге сенімді жалғастырылған жерге қосумен жүзеге асырылады.

Бұл мақсат үшін тікелей электр қабылдағыштардағы жерге қосылған нольдік өткізгіштерді пайдалануға тыйым салынады.

106. Ақауы бар шлангы кабелін (тесілген, кесілген) қолдануға мүлде болмайды.

11-тарау. Жарылыс қаупі бар ғимараттар мен сыртқы қондырғыларды электр жабдықтарымен жарақтандыру

107. Жарылыс қаупі бар ғимараттар мен сыртқы қондырғыларда қолданылатын электр желісі мен электр жабдықтары қазіргі нормативті құқықтық актілер талаптарына жауап беруі керек.

108. Әрбір жарылыс қаупі бар ғимарат пен жарылыс қаупі бар қондырғы қазіргі нормативті құқықтық актілерге сәйкес жарылыс қаупінің белгілі бір тобына жатқызылуы қажет. Бұл туралы кіре берісте жазылып қою керек.

109. Өзінің типі мен жасалуы ғимарат пен сыртқы қондырғының өрт-жарылыс қаупі класына, сондай-ақ қоршаған ортаның сипатына сәйкес келетін электр жабдықтарды ғана құрастырып, пайдалануға болады.

Жарылыс қаупі бар ғимараттарда тек жарылыстан қорғалған электр жабдықтары ғана пайдаланылады. Олар жарылыс қаупі бар қоспалар категориясы мен тобына сәйкестендіріліп жасалады. Электр жабдықтардың жарылыстан қорғаныс белгілері болуға тиіс.

110. Жарылыстан қорғалған электр жабдықтарының конструкциясына қандай болмасын өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

111. Детальдары, оның ішінде конструкцияда көрсетілген бекіту бөлшектері жоқ жарылыстан қорғалған электр жабдықтарын пайдалануға тыйым салынады.

112. Жарылыс қаупі бар ғимараттар мен сыртқы қондырғыларда кернеуі 1000 В электр қондырғыларын орнатқанда тұйықталу жағдайында корпусқа немесе нольдік желіге қысқа тұйықталған ток келетіндей өткізгіш таңдап алынуы қажет.

113. Жұмыс кернеуі 1000 вольттан жоғары сымдар мен кабельдер қысқа тұйықталған ток арқылы тексерілуге тиіс.

114. Нольдік желілердің тазалық сымдардың изоляциясына тең келетін изоляциясы болуы керек және олармен бірге ортақ құбырда немесе қабықта орналасады.

115. Жарылыс қаупі бар ғимараттардың ішіне ашық өткізгіштер салуға тыйым салынады.

116. Құрамында жанар май және жарылысқа қауіпті қоспалар бар труба құбырдың сымдарын жерге қосушы (заземлителей) және жерге қосылушы (заземляющий) ретінде пайдалануға тыйым салынады.

117. Электр сымдары мен кабельдерді қоймалар, өндірістік, тағы басқа бағыттағы үй-жайлар арқылы транзитпен төсеуге болмайды.

118. Өндірістік үй-жайлар мен қоймаларда жанар-жағар май, сондай-ақ жанатын орағыш ыдыстардағы бұйымдар сақталған жағдайда электр шамдары жарылысқа қарсы заттармен қорғалып, шыны қалпақтар кигізілуі керек.

119. Электр двигательдері, шамдар, сымдар, таратқыш қондырғылардағы жанатын шаңдарды айына кемінде екі рет, ал үй-жайлардағы шаңдарды айына төрт рет тазалап тұру қажет.

120. Ғимараттардағы май толтырылған электр жабдықтары "Электр қондырғыларының құрылымы ережесіне" сәйкес стационарлы немесе жылжымалы өрт сөндіргіш қондырғылармен қорғалуға тиіс.

121. Өрт қаупі бар үй-жайларда және сыртқы өрт қаупі бар қондырғыларда төмендегілерге тыйым салынады:

1) жерге қосу дұрыс жүргізілмеген, аппарат қақпақтарын блокировкада ақаулықтар болғанда және қабықтардың жарылыстан қорғалу қасиеті бұзылған жағдайда электр қондырғыларын жұмысқа қосуға;

2) жоғары кернеулі ток жүріп жатқанда жарылыстан қорғалған жабдықтар қ а б ы ғ ы н а ш у ғ а ;

3) қысқа тұйықталу кезінде автоматты электр қондырғыларын қосуға;

4) пайдаланылмайтын электр желілерін кернеуде қалдырмауға;

5) электр қондырғыларын қысқа тұйықталу және шамадан артық токтан қорғалмау жағдайында іске қосуға болмайды;

6) электр жабдықтарын, сымдарды және кабельдерді номиналдық параметрден тыс пайдалануға;

7) бұл құралдардың құрамына кірмейтін ұшқынға қауіпсіз аспаптарды, аппараттарды және тізбектерді қамтамасыз ететін арнаулы трансформаторларға

қ о с у ғ а ;

8) электр жабдықтарын қорғауды (жылу элементтері, сақтандырғыштар, ағытқыштар) қорғаудың басқа түрлерімен немесе оған осы электр жабдықтары арналмаған басқа параметрлермен ауыстыруға.

122. Жарылыс қаупі бар ғимараттар мен сыртқы қондырғыларда электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек заңы ережесі мен техникалық қауіпсіздік ережесіне сәйкес салалық нұсқау мен төмендегідей талаптарды ұстану керек:

1) дәнекерлеу генераторын, трансформаторды, токтан ажырататын аппаратураны газ, бу көп жинақталған немесе жанар май төгілген, сондай-ақ шапшаң тұтанатын сұйықтар сіңген учаскелерге қоюға тыйым салынады;

2) дәнекерлеу немесе басқа сымдардың барлық құрамалары изоляциялық лентамен оралған ұштықпен және болт құрамаларымен атқарылуы керек;

3) кернеуде тұрған дәнекерлеу сымдарын орнынан ауыстыруға тыйым салынады. Тасымалданатын сымдар оралады, содан кейін жақсылап орналастырылады;

4) дәнекерлеу сымдарын егер сенімді изоляциясы болмаса, металл заттарының үстіне салуға тыйым салынады;

5) жерге қосу сымдарын кері тармақпен пайдалануға тыйым салынады. Сондай-ақ, металл конструкцияларын, жабдықтардың корпустары мен труба құбырларын қайта пайдалануға болмайды. Кері тармақты сымдар электр ұстағыштардың сымдарындай болуға тиіс.

123. Кабельдердің, сымдардың изоляциясын, құрамалар мен жерге қосудың сенімділігін, электр двигательдерінің жұмыс тәртібін ұйымның жауапты электриктері сырттай қараумен қатар аспаптардың көмегімен тексеруге тиіс.

Сымдардың қарсыласу изоляциясын өлшеу қазіргі нормативті құқықтық актілерде белгіленген мерзімде жүргізіледі Бұл туралы акт жасалып, журналға жазылады.

12-тарау. Жарылыс қаупі бар үй-жайларға және жарылыс қаупі бар сыртқы қондырғыларға жарық беру

124. Кез-келген мақсат үшін тек электр жарығын беруге рұхсат етіледі.

125. Қондырғыларды (ғимараттағы және сырттағы) жұмыс жарығын беру тоқтатылғанда және осыған байланысты жабдықтар мен механизмдерге дұрыс қызмет көрсету бұзылса (жұмыс тоқтатылып немесе қызметкердің қате әрекеттері), ол жарылысқа немесе өртке себеп болуы мүмкін. Бұл жағдайда авариялық жарық беру қондырғысы жұмыс істеуі керек.

126. Тасымалданатын қол шамдарының кернеуі 12 Вольттан аспауы керек. Олар дербес төк көздеріне немесе корпусы мен орамдарынан бірі (12В) жерге қосылған екі орамды трансформаторға қосылуы керек. Стационарлық және қол шамдарын қалпақсыз, шынысыз және торсыз пайдалануға болмайды.

127. Жарылыс қаупі бар үй-жайлардағы электр жарығы әр секцияда дербес қосылып, ажыратылуға тиіс.

128. Жарылыс қаупі бар үй-жайларға жарық терезе сыртында орнатылған жарылыстан қорғалған немесе шаң кірмейтіндей етіп жасалған шамдармен беріледі.

129. Жарық сымдары өндіріс ортасы категориясына сәйкес таңдалып а л ы н а д ы .

Жарылыс және өрт қаупі бар өндіріске арналған сымдар газды болат құбырларға салынады немесе асфальт лагымен не эмальды бояумен сырланып, қорғалады.

130. Шамдардың қуаты осы типтегі шамдарға есептелген мөлшерден аспауы керек.

131. Жарық арматурасын ауыстырғанда, басқа жерге жеткізгенде немесе жаңа шамдар орнатқанда жарық беру аппаратурасынан немесе патроннан шығатын сымдардың қосылған жерлерінен бастап изоляциясы болуына баса назар аудару қ а ж е т .

Шамдарға қосылатын сымдар тартылмауға, қажалмауға, ал патрондар өте қатты бұралмауға тиіс.

132. Дымқыл немесе жарылыс, өрт қаупі бар үй-жайларға орнатылатын сальнигі жоқ шамдардың саңылауына арнайы жасалған масса құйылуы керек.

133. Жарықтың топтық желілерін жарылыс қаупі бар үй-жайлардан тыс жерлерде жүргізуге рұхсат етіледі.

134. Барлық жағдайларда шамдардың арматураларын берік ұстау керек. Аспалы арматура арнаулы ілгекке ілінеді немесе құрылымдармен болат трубаға бекітіледі. Жарық арматураларды сымға ілуге тыйым салынады.

Сымдарды кронштейндердің немесе трубалардың ішінде қосуға тыйым салынады. Арматура солардың көмегімен орнатылған.

135. Тарату щиттері мен ажыратқыштарды қоймалардан тыс жерлерге орнату керек.

136. Конструкцияда көзделген жарылыстан қорғаныс белгісі, пломбасы немесе кейбір детальдары жоқ жарылыстан қорғалған шамдар пайдалануға берілмейді.

137. Жарылыстан қорғалған шамдардың лампасын, аккумуляторлары мен батареикасын оған қызмет көрсету жүктелген адамдар ғана ауыстырады. Бұл жұмыстарды қауіпсіз үй-жайларда орындау керек.

13-тарау. Жылыту жүйесін ұстау

138. Жылыту маусымы алдында қазандықтар, калорифер қондырғылары мен жергілікті жылыту аспаптары мұқият тексеріліп, жөндеуден өткізілуі тиіс. Жылу беретін барлық қондырғылар паспорттандырылуы керек.

139. Труба құбырлары, жылыту аспаптары және калориферлер 100°C -ден жоғары температура кезінде үй-жайдың жанғыш элементтерінен кемінде 10 см қашықтықта тұруы қажет.

140. Жанбайтын конструкциялар арқылы өткен кезде жылу тасушының температурасы 100°C -ден асқан кезде құбырға жанбайтын материалдан гильза жасау керек. Гильза мен труба арасындағы саңылау бүкіл шеңбер бойында кемінде 100 мм болуы керек.

141. Өндірістік және қосалқы үй-жайлардағы жылыту жүйесі қазіргі нормативтік техникалық құжаттарға сай болуы керек.

142. Электр жылытқыш, жергілікті жылыту аспаптарын пайдалануға беру және орнату объект басшысының өрт күзетімен жазбаша келісім бойынша, бұйрық шығарылып, жауапты орындаушылар тағайындалғаннан кейін, өрт күзеті ұсынған барлық шаралар жүзеге асқаннан соң рұхсат етіледі.

143. "Электр қондырғылары құрылғыларының ережесіне" сәйкес келмейтін уақытша электр желілерін, стандартқа сай емес сақтандырғыштарды қоюға және қолдан жасалған электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

144. Автоматикамен жарақтандырылған жылыту пештері мен аспаптарды жұмыс істеп тұрған кезде бақылаусыз қалдыруға тыйым салынады.

145. Жұмыс аяқталғаннан кейін жылыту пештерін жағу тоқтатылып, электр аспаптары ажыратылуға тиіс.

146. Пештерді газбен жылытуға қайта жабдықтау және газ құралдарын пайдалану қазіргі заңға сәйкес жүргізілуі керек.

147. Сұйық отынмен жанатын тұрмыстық жылыту аппараттарын тек аталған үй-жай үшін төлқұжатта және өнімді пайдалану туралы нұсқауда көрсетілген ұсыныстар орындалғаннан кейін пайдалануға болады.

148. Ғимараттың жанатын конструкцияларынан өртке қарсы белгіші жоқ қазандықтар, пештер жылыту құралдары пайдалануға берілмейді.

149. Сұйық отынмен жылытатын қазандықтың жұмысы кезінде әр форсункаға тұғырықта құм қойылып, отын жіберу құбырында кемінде екі вентель, ал оттық пен сыйымдылықта бір-бірден болуы керек.

150. Ауа жылытқыш пен жылыту құралдары қарап тексеру және тазалау үшін оларға еркін баратындай орналасуы керек.

151. Қазандық бөлмелерінде жабық үлгідегі шығын бактарды көлемі қосымша салынған қазандықтарда бір текше мөрден аспайтын, ал жеке қазандықта 5 текше метр етіп салуға болады.

152. Қазандық бөлмесінде төмендегілерге тыйым салынады:

- 1) қазандық қондырғысын пайдалануға қатысы жоқ жұмыстар жүргізуге;
- 2) труба құбыры жалғанған жерден және форсункадан сұйық отын немесе газ шығуына жол бермеу керек. Оларды байқаған жағдайда оны жою үшін дереу ш а р л а р қ о л д а н ғ а н ж ө н ;
- 3) форсунка немесе газ оттығы өшкен кезде отын жіберуге;
- 4) оттық жұмысына бақылау жасайтын автомат бұзылғанда;
- 5) алдын ала ауа жіберіп қазандық қондырғысын қосуға;
- 6) қазандықтар мен бу жібергіштерде жанар-жағар материалдарын кептіруге;
- 7) ауамен жылыту жалюздерін жанғыш материалдармен жабуға.

153. Уақытша металл пештерін орнатуда өрт қауіпсіздігінің төмендегідей т а л а п т а р ы с а қ т а л у ғ а т и і с :

- 1) металл пештері аяғының биіктігі кемінде 0,2 М болуы керек;
- 2) металл пештер астындағы еден өртенбеу үшін бір қатар кірпіш қаланып, топырақпен сыланады немесе қалыңдығы 12 мм жанбайтын материалдармен, ал ү с т і қ а ң ы л т ы р м е н к ө м к е р і л е д і ;
- 3) металл пештерді ғимараттың өрттен қорғалмаған ағаш конструкцияларынан кемінде 1 метр қашықтықта, ал өртенуден қорғалған конструкциялардан кемінде 0,7 метр қашықтықта орналастыру керек;
- 4) аяғы жоқ металл пештері мен уақытша жасалған кірпіш пештері тақтай еденге қойылған жағдайда еден үстіне топырақ-пен сыланған төрт қатар кірпіш салынуы керек, оның бір қабатының арасы қуыс болуы қажет.

154. Жанатын төбе астына немесе өртенетін қабырғалар мен қалқаларға қатарластыра салынатын металл трубалары, егер изоляция болмаса немесе труба сыртындағы температура 90 С-ден аспаса олардан 0,7 метр қашықтықта орнатылады.

155. Жылыту пеші оттығының алдындағы тақтай еденге көлемі кемінде 50х70 см металл табақшасы қағылуы керек.

156. Құрылыс жанына өшірілмеген күл, шлак және көмір төгуге рұхсат жоқ. Мұндай орындар құрылыстардан 15 метр қашықтықта болуы керек.

157. Отын арнайы бейімделген жайларда немесе арнайы бөлінген алаңдарда сақталуы керек. Ол құрылыстардан 8 метр, жерде болуы қажет.

158. Пешпен жылытуды пайдаланғанда төмендегілерге тыйым салынады:

- 1) отынды пештің тесігі бар оттығы алдына қоюға;
- 2) пеш жағу үшін бензин, керосин, дизель отыны, тез тұтанатын және жанар м а й с ұ й ы қ т ы қ т а р ы н қ о л д а н у ғ а ;

3) пеш үстіне отын, киім-кешек, жанғыш материалдар мен заттарды кептіруге қ о ю ғ а ж ә н е ж и н а у ғ а ;

4) пешті бұл мақсатқа арналмаған көмір, кокс не газбен жағуға;

5) ұзындығы оттықтан ұзын отын жағуға және есікті ашып қойып жағуға.

159. Су және бумен жылыту қондырғысын пайдаланғанда труба құбырлары мен жылыту аспаптары ғимараттың өртенетін конструкциялары мен құрал-жабдықтарынан кемінде 10 см алыс тұруы қажет.

160. Жылыту қондырғысы, сондай-ақ температура режимі бұзылғанда немесе термореттегіштің ақауы байқалған жағдайда оны дереу ажыратып, бұл туралы пайдалану үшін жауапты адамға хабарлау керек.

161. Электр пештерін жылыту мақсатында пайдаланғанда төмендегілерге р ұ х с а т е т і л м е й д і :

1) пешті ажыратпай тасымалдауға;

2) пешті бұл мақсатқа арналмаған розеткалар мен рубильниктерге қосуға;

3) жылыту аспаптарында арнайы киімдерді, ағаш материалдарын, ескі-құсқы н ә р с е л е р д і к е п т і р у г е ;

4) пешті жарылыс-өрт қаупі бар үй-жайларда орнатуға;

5) өрт қаупі сынағынан өтпеген электр пештерін пайдалануға.

162. Үй-жайларда жанар-жағар май заттары мен материалдарын сақтағанда олардың жылытқыштар үстіне түспеуін қадағалау керек.

163. Электр калориферін тоққа қосу "Электр қондырғыларының құрылғысы ережесінің" талаптарына сәйкес дербес жүйе бойынша жүзеге асырылады. Жылыту элементтеріне электр энергиясын беруде желдеткіш жұмысы қатар жүруі қажет.

164. Электр калориферін пайдаланғанда:

1) электр калориферінің үстінде киім немесе басқа жанар материалдарды к е п т і р у г е ;

2) электр калорифері тұрған жерде жанар материалдары мен заттарды с а қ т а у ғ а :

3) жұмыс істеп тұрған электр калориферін бақылаусыз қалдыруға;

4) электр калориферін үй-жайдағы ауаның температурасын бақылайтын құралсыз, сондай-ақ металл тордағы кіретін трубкада көлемі 10x10 мм ұя болмаған жағдайда пайдалануға рұхсат етілмейді.

165. Жылу генераторына арналған отын сыйымдылығының көлемі 200 литрден аспауы керек және ол үй-жайдан тыс жанар май үшін кемінде 12 метр қашықтықта, ал тез тұтанатын материалдар үшін 20 метр қашықтықта орналасуы қажет. Отынды жылу генераторына ажырататын аппараты бар металл труба

құбыры арқылы беру керек.

Отын сыйымдылығының астында төгілуі мүмкін сұйықты жинайтын құрылғы қарастырылып, найзағай мен статикалық электр қуатынан қорғалуы қажет.

166. Жылу шығаратын агрегатпен бір бөлмеде сыйымдылығы 100 литрден аспайтын (тек жанар-жағармай) қақпағы қатты жабылған шығыс багін орналастыруға болады. Ол агрегат жанындағы қабырғадан 2 метр қашықтықта болуға тиіс. Бакты форсункаға қарама-қарсы орнатуға тыйым салынады. Шығыс багының диаметрі 500 мм трубасы болуы керек.

167. Жылу шығаратын қондырғыларды іске қосу, жұмыс істеу және тоқтату кезінде төмендегідей шараларды міндетті түрде сақтау қажет:

1) шығыс және су багіндегі отын мен судың мөлшерін шығарғанға дейін тексеріп, ал қажет болған жағдайда толтырылуы керек;

2) қондырғыны қосар алдында жану камерасын ауамен үрлеу керек;

3) электродтар арасында ұшқынның жоқтығына көз жеткізу;

4) ауаны беруді реттеу;

5) таза және жарық жалын алу.

168. Газ отынымен жұмыс істейтін қондырғыларды жобалау кезінде құрылыс нормалары мен ережелерінің төмендегідей талаптары сақталуға тиіс:

1) жылу шығаратын қондырғыларға газ төмендегі қысымды $0,05 \text{ кг/см}^2$ дейінгі труба құбырларымен беріледі;

2) жеке тұрған үй-жайдағы газдың қысымы 6 кг/см^2 дейінгі газ реттеу қондырғылары тікелей газ пайдаланатын агрегаттар тұрғын үйге немесе биіктігі үйдің биіктігімен бірдей ашық ойықпен байланыстырылған үй-жайда орналастыруға рұхсат етпеді. Бұл жерде сағатына кемінде 3 есе ауа алмасуы қамтамасыз етілуі керек. Бір ғимаратта бір ғана газ реттеу қондырғысын орнатуға болады;

3) газ құбырлары үй-жайға кіретін есікті бөгемеу керек;

4) қазандықтар мен жылу генераторларында заводтың паспорты бар стандартты газ оттықтары орнатылуы тиіс;

5) жылу өндіретін агрегаттармен орнатылған желдеткіш 3 есе ауа алмастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

169. Қатты отынмен жұмыс істейтін қазандықтардың түтін шығаратын трубасы ұшқын сөндіргіштермен жарақталып, айына кемінде 3 рет күйеден тазартылып тұруы керек. Өртенетін шатыры бар үй-жайлар үшін трубаларда ұшқын тұтқыштар (тесігі 5 мм аспайтын металл сеткалары) қойылады.

Металл түтін трубасын терезе арқылы шығарғанда шатырға жабатын қаңылтырдан көлемі 3 диаметрден кем емес труба орнатылады.

170. Түтін шығаратын каналдар мен трубалар өтетін шатыр астындағы жайлардағы пештер мен қабырғалар әктелуі керек.

171. От жағу маусымы басталар алдында және оның барысында трубалар мен пештерді күйеден тазалау төмендегідей тәртіппен жүргізілгені дұрыс:

- 1) от жанатын пештерді екі айда бір рет;
- 2) ас үй плитасы мен қайнатқыштарды айына бір рет;
- 3) ұзақ уақыт жағылатын арнайы пештерді айына екі рет.

14-тарау. Желдеткіш және түтінге қарсы қондырғыларды ұстау

172. Желдеткіш жүйесін пайдалану кезінде техникалық жағдайға, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына жауапкершілік ұйым мен объекті бойынша бұйрықпен анықталады.

173. Желдеткіш жүйесінің пайдалану және өртке қарсы жұмыс тәртібі өрт қауіпсіздігі шаралары, желдеткіш камераларға, ауа жібергіштерге, сүзгіштер мен от жібермейтін клапандарға профилактикалық қызмет көрсету мерзімдері, сондай-ақ өрт, апат және ақаулық болған жағдайда қызмет көрсететін адамдардың іс-қимылы қарастырылатын жұмыс нұсқауында айқындалады.

174. Өрт шыққан жағдайда дереу желдеткіш жүйесін іске қосуды қамтамасыз ету керек.

175. Желдеткіш жүйесін өрт шыққаны туралы автоматты белгі бергішпен және өрт сөндіру жүйесімен қосатын қондырғы дұрыс күйде тұруы қажет.

176. Желдеткіш қондырғысын пайдалануда таза ауа алу орындарында жанар-жағармай, улы газ, бу, сондай-ақ түтін, ұшқын шығуға жол берілмеуі қажет.

177. Желдеткіш жүйелерінің конструкциясы мен құрал-жабдықтары тұрған өндірістік үй-жайларда (мұнда тез тұтанатын заттар мен жанар майлардан бу мен газ бөлінуі мүмкін) ұшқын шығуға жол берілмеуі қажет.

178. Жарылыс қаупі бар өндірістік үй-жайларда орнатылған желдеткіш жүйелерінің металл ауа жібергіштері жерге қосылуы керек.

179. Газ тарататын орындар дефлекторлы шахтаның көмегімен үйдің төменгі және жоғарғы аймақтарынан ауа шығаратын табиғи желдеткішпен жаракталуға тиіс.

180. Тез тұтанатын сұйықтар айдайтын насостарда зиянды заттарды шығарып тастайтын ортақ ауа алмастыратын желдеткіш қойылады.

181. Лабораториялар ортақ ауа алмастыратын, қажет жағдайда бір жерден соратын механикалық ағу-тартып алу желдеткіштерімен жаракталады.

182. Аса зиянды және улы заттармен жұмыс жүргізілетін үй-жайларда басқа үйлердің желдеткіштерімен байланыспайтын дербес желдету жүйесі болуға тиіс.

183. Жарылыс қауіпі бар бірнеше үй-жайларды ортақ ауа тазартқышқа біріктіруге болмайды.

184. Желдеткіш жүйесін пайдаланғанда төмендегілерге тыйым салынады:

- 1) желдеткіш арналарын түтін шығарғыш ретінде пайдалануға;
- 2) желдеткіш арналарына газбен жылыту аспаптарын қосуға;
- 3) отқа жол бермейтін қондырғыларды ажыратуға немесе алып тастауға;
- 4) ауа айдағышта жинақталған майларды, жанатын заттарды өртеуге.

185. Түтінге қарсы қорғанысы бар объектілерді автоматиканың электр щиттерінде құлып пен пломбаның болуын әр аптада кемінде бір рет тексеріп тұру керек.

186. Түтінге қарсы қорғанысы бар жүйені жұмыс қабілеті жағдайында ұстап тұру үшін :

1) желдеткіш қоршауды, клапандарды, атқарушы механизмдерді, құлыптарды , ажыратқыштарды ластану мен шаңнан, ал қыста жалюзді тосқауылдарды мұздан оқтын-оқтын тазалап тұру;

2) ауа тарқыштың біртұтас жұмыс істеуі мен оның қорғалуын және клапандар мен терезелерін қолмен ашатын тартпаларының бұзылуына жол бермеу керек.

187. Өртке қарсы қорғаныс және түтін шығару жүйесіне кесте бойынша қызмет көрсетіліп, ол үнемі дұрыс жағдайда болуын қадағалау керек.

188. Өртке қарсы қорғаныс жүйесі қондырғысының қолмен басқару пультінде оларды жұмыс қосу тәртібі туралы нұсқау болуы қажет.

15-тарау, Лаборатория және тексеру құралдары мен автоматиканы ұстау

189. Лаборатория қондырғысы "құрылыстың нормасы мен ережесінің" талаптарына жауап беруі керек.

190. Лабораторияның әрбір жеке бөлмесінде бөлменің нөмірі және өрт қауіпсіздігі ережесінің сақталуына жауапты адамның аты-жөні жазылған қағаз ілінуі қажет.

191. Жұмыс алдында лабораторияны ашқан жауапты адам не қызметкер ең алдымен бөлмеде қауіпті газ иісінің жоқ екендігіне көз жеткізуі керек.

192. Лаборатория бөлмесіндегі газ құбыры мен газ жабдықтары "Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесінің" талаптарына сәйкес болуы керек.

193. Лаборатория газ жүйесінің жұмыс орнындағы вентиль және крандармен қатар, үй-жай сыртында ортақ жабу вентилі болуы керек.

194. Газ құбырының ақауы бар крандары мен вентильдері арқылы тараған газды сезген жағдайда ортақ вентильмен газ жүйесін жауып, бөлмені желдету керек.

195. Газ құбырынан шыққан газды отпен тексеруге рұқсат берілмейді. Ол сабын ерітіндісімен, газ анализаторларымен ғана тексеріледі.

196. Газ тексеру кезінде лабораторияда кемінде екі адам ғана болуы керек. Ауысымға (сменаға) бір адам қалдыруға рұқсат етілмейді.

197. Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтардан бу мен газ бөлінетін жұмыстар тарту шкафтары мен желдеткіштері іске қосылып тұрған кезде жүргізіледі.

198. Лабораторияның барлық бөлмелерінде ағу-тартып алу желдеткіштері жұмыс басталар алдында қосылып, жұмыс аяқталған ажыратылуы тиіс.

199. Тарту шкафының ішіне орнатылған шамдардың жарылыстан қорғану қасиеті болуы керек. Тарту шкафының ішіндегі сым В-1 класындағы жарылыс қаупі бар үй-жайларға қойылған талапқа жауап беріп, химиялық заттардың әсерінен сақталуы тиіс.

200. Өрт-жарылыс қаупі бар заттармен жұмыс істеуге арналған үстелдер мен тарту шкафтарына жанбайтын материалдар жағылып, заттар төгілмеу үшін ернеуі болуы керек.

201. Өрт қаупі бар сұйықтардың төгілуі, сондай-ақ газдың шығуы жағдайында оттықтарды дереу өшіріп, төгілген сұйықты жинап тастау керек.

202. Тез тұтанатын сұйық заттарды анализ алдында жылыту қажет жағдайда көпіршіп, шашырамау үшін алдын ала судан бөліп алу керек.

203. Тез тұтанатын сұйықты лабораторияда қайнату және жылыту тек кері тоңазықышты қолдана отырып жабық типтегі электр плиткаларында немесе су құйылған ыдыс ішінде жүргізіледі.

204. Өнімді айдау және жылыту кезінде (газбен, электр тогымен) үстелде жанар-жағар май заттарын сақтауға және құюға, сондай-ақ онымен аппаратураны толтыруға болмайды.

205. Жылыту мен айдау жұмыстары оны орындаушы адамның тұрақты бақылауымен жүргізілуі керек.

206. Аспаптар мен аппаратураларды салқындататын су кенеттен тоқтап қалған жағдайда оттықтар дереу өшіріліп, электр тогы ажыратылуға тиіс.

207. Лабораторияда заттар мен материалдарды түр-түрге бөліп сақтау керек. Химиялық әсерден өрт немесе жарылыс шығаратын заттарды бірге қоюға болмайды.

208. Ғимаратта, лаборатория үй-жайында тәуліктік ғана қажеттілігі бар тез тұтанатын сұйықтар, жанар майлар мен газдар сақтауға рұқсат етіледі. Олардың қорын арнайы үй-жайда сақтау керек.

209. Сұйық ауа мен оттегінің жанармаймен бір бөлмеде сақтауға тыйым салынады.

Сұйық отын, оттегі мен басқа да газдар лабораторияға арнайы ыдыстармен жеткізіліп, олар зақымданбайтын жерлерде сақталады.

210. Сығымдалған, сұйытылған газ баллондарын олардың көлеміне қарай үй-жайдан тыс жерлерде металл шкафтарында ұстау керек.

211. Лабораторияда тек инертті газ балонын орнатуға рұхсат беріледі.

212. Балондар сақтандырғыш қалпағымен арнайы орынға қойылуы керек.

213. Лаборатория үй-жайында сығымдалған және сұйытылған газ баллондарының арматурасын жөндеуге тыйым салынады.

214. Үй-жайда от жанып, электр құралдары қосылып, құрал-жабдықтар ұшқын шашып тұрғанда сұйық және сығымдалған ауамен оттегімен, газбен жұмыс істеуге тыйым салынады.

215. Газ крандары мен вентильдерді ай сайын тексеріп тұру керек.

216. Ыдыс жуатын заттар қақпағы жабылатын сыйымдылықтарда сақталады.

2 1 7 . Л а б о р а т о р и я д а :

- 1) еден, жиһаз, қабырға жуу үшін бензин, керосин, жанар майлар қолдануға;
- 2) тез тұтанатын заттар сіңген сұрту материалдарды (орамал, киім-кешек) а ш ы қ т ү р і н д е с а қ т а т у ғ а ;
- 3) труба құбыры мен жылыту аспаптарында қандай болмасын затты кептіруге ;
- 4) бумен жылытатын құбыр үстінде мұнай өнімдерімен жұмыс істеуге;
- 5) төгілген мұнай өнімдерін жинаусыз қалдыруға;
- 6) отын жанып тұрғанда төгілген өнімді жинауға тыйым салынады.

218. Жұмыс аяқталғаннан кейін үй-жайдың өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адам немесе оның тапсыруы бойынша соңынан кететін қызметкер төмендегілерді т е к с е р у г е м і н д е т т і :

1) газ және су крандарының және лабораторияға газ жіберетін ортақ вентильдердің ж а б ы қ б о л у ы н ;

2) оттықтың және электрмен жылыту құралдарының ажыратылуын;

3) үй-жайдағы жарық пен желдеткішті ажыратуға.

Сондай-ақ ғимараттағы өрт қауіпсіздігіне жауапты адам жұмыс аяқталған соң қоймаларды, лабораторияларды және басқа үй-жайларды қарау журналын толтыруы қажет.

219. Үй-жай лабораториясында тиісті өрт сөндіретін құрал жабдықтар болуы қажет.

220. Тексеру және автоматтандыру қондырғысын монтаждау мен пайдалануға беру қазіргі заң талаптарына жауап беру керек.

221. Өндірістік қондырғыларды тексеру, автоматтық-қорғаныс және өрт қауіпсіздігі параметрлерін реттеу (температура, қысым, сұйықтың деңгейі, газбен ластану) жүйелерімен қамтамасыз ету қажет.

222. Автоматиканың барлық реттеуші органдары (клапандар, жапқыштар) ашу мен жабудың жергілікті немесе дистанциялық көрсеткіштерінің дәрежесімен , сондай-ақ қолмен басқару дублерімен жаратқандырылады.

223. Автоматикалық тексеру мен реттеу аспаптары мен аппаратуралары өндірістік процестер жүріп жатқан үй-жайдан басқа жерлерге орналастырылады.

224. Өрт қаупі бар үй-жайларда және сыртқы өрт қаупі бар қондырғыларда " Өрт қаупі бар кенішке арналған электр құрал-жабдықтарын жасау ережесі" мен " Электр қондырғылары құрылғысы ережелерінің" талаптарына сәйкес электр тізбекті автоматика аспаптарын қолдануға болады.

225. Автоматиканың жергілікті щиттері (қалқандары) үй-жайдың өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келетін шкафтық типке жасалу керек. Олар құлыпталып, кілттері автоматика қызметі қызметкерінде және диспетчерлер бөлмесінде болуы қажет.

226. Лабораторияны адамдарды эвакуациялауда кедергі келтірмейтіндей етіп жабдықтау керек. Құрал-жабдықтар арасымен өтетін жолдардың ені кемінде 1 метр болуы қажет.

227. Өрт-жарылыс қаупі бар заттармен жұмыс жасауға арналған үстелдердің, стеллаждар мен шкафтардың бетіне стеллаждар жанбайтын материалдар жағылып, ерітінді жерге ақпау үшін биіктігі кемінде 10 мм ернеуі болуға тиіс.

16-тарау. Өрт туралы сигнал беру және өрт сөндіру қондырғысын, түтінге қарсы қорғаныс жүйесін қамтамасыз ету, өрт туралы адамдарға хабарлау және эвакуацияға басшылық жасау

228. Өрт туралы сигнал беру және өрт сөндірудің автоматтық қондырғысына, түтінге қарсы қорғаныс жүйесіне техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы ескерту, жөндеу жұмыстарын, өрт туралы адамдарға хабарлау, эвакуацияға басшылық жасау дайындаушы заводтардың техникалық құжаттары мен жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімдеріне сәйкес жылдық жоспарлы графикпен жүзеге асырылады. Техникалық қызмет пен жоспарлы-ескерту жөндеу жұмыстарын арнайы оқытылған қызметкерлер немесе лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдар келісім шарт бойынша жүргізеді.

Қондырғыны ажыратумен байланысты техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ұйым басшысы ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайлар мен технологиялық құрал-жабдықтарды өрттен сақтау шараларын қабылдауы керек.

229. Диспетчерлік пунктте өрттің шыққанын және өрт автоматикасы қондырғысының бұзылғаны туралы сигнал түскенде қызметкерлердің (кезекшінің) шұғыл әрекеті жазылған нұсқау ілініп тұруы қажет. Диспетчерлік

пунктің (өрт постысы) телефон байланысы және дұрыс жұмыс істейтін электр фонарлары (3-тен кем емес) болуы керек.

230. Өрт автоматикасының қондырғысы дұрыс күйде және әрдайым әзірлік калпында тұрып, жобалық құжаттарға сәйкес болуы керек.

Қондырғыны автоматтық ережемен қолмен басқару режиміне ауыстыруға болмайды, тек ерекше оқиғада нормалар мен ережелерде көрсетілген жағдайда ғана рұхсат етіледі.

231. Өрт сөндіретін заттың массасы мен қысымы есептелгеннен 10 % төмен болса, өрт сөндіру қондырғысының баллондары мен сыйымдылықтары толық зарядталуға немесе қайта зарядталуға жатады.

232. Спинклерлік (дренчерлік) қондырғының суландырғыштары механикалық ақау қаупі бар жерлерде жылуды таратуға және суландыру картасын өзгертуге әсер етпейтін сенімді қоршаулармен қорғалуы тиіс. Бұзылған суландырғыштар орнына тығындар мен бұқтырмалар орнатуға болады.

233. Өрт сөндіру станциясы сол аймақтың схемасы және өрт кезінде қондырғыны басқару нұсқауымен қамтамасыз етілуі тиіс. Басқарудың әр торабында қорғайтын үй-жай, қондырғы секциясындағы суландырғыштардың типі мен саны көрсетілген жазу ілінуі керек. Схемаға сәйкес ысырмалар мен крандар нөмірленуге тиіс.

234. Өрт хабарын беретін жүйелер эвакуация жоспарына сәйкес бір мезгілде бүкіл ғимарат (құрылыс) бойынша немесе оның жеке бөліктеріне (қабат, секция) хабарлайды. Емдеу және мектеп жасына дейінгі мекемелерде, сондай-ақ, мектеп-интернат корпустарында тек қызметкерлерге ғана хабарланады. Хабарлану жүйесін пайдалану тәртібі оларды пайдалану жөніндегі нұсқауда және жүйені іске қосу құқығы бар адамдардың аты-жөні атап көрсетілген эвакуация жоспарында анықтауға тиіс.

235. Ғимаратта өрттің шыққаны туралы хабарлайтын техникалық құралдар қажет болған жағдайда объекті басшысы ол туралы адамдарға жеткізу тәртібін анықтап, бұл үшін жауапты адамдарды тағайындайды.

236. Дауыс күшейткіш аппараттардың дауыс реттегіштері болмауы керек және олар ажырайтын қондырғысыз жүйеге қосылуға тиіс. Хабарландыру текстерінің сенімді түрде берілуін және эвакуацияға басшылық жасау үшін ішкі радио-трансляциялық және объектіде бар басқа да хабарлау жүйелерін пайдалануға болады.

17-тарау. Өрт техникасын қамтамасыз ету

237. Өрт сөндіретін автокөліктерді өрт депосында немесе осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген бокстарда ұстау керек. Онда жылыту орны, электр жарығы,

телефон байланысы, еденге қатты жамылғы төселген, есіктері жылытылған, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жеке құрамының дұрыс және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін басқа да қондырғылар мен жабдықтары болуы керек . Өрт автокөліктерінен өрт-техникалық құралдарды алуға және өрт-техникасын басқа мақсатқа пайдалануға тыйым салынады.

238. Өрт автокөліктері мен мотопомпалар, өрт сөндіруге лайықталып қайта жарактандырылған техникалар өрт-техникалық құралдарымен толықтырылып, май және өрт сөндіретін заттар құйылып, дұрыс қалыпта тұруы керек. Өрт сөндіру үшін техника тарту аудан әкімшілігі бекіткен тәртіп бойынша жүргізіледі.

239. Өрт сөндіруге лайықталып жасалған әр мотопомпаға арнайы дайындықтан өткен моторист (жүргізуші) бекітілуі керек. Ұйымда мотопомпаны өрт шыққан жерге жеткізу тәртібі пысықталуы керек.

18-тарау. Құрылыс-монтаж жұмыстарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары

240. Биіктігі үш қабат және одан да көп ғимараттар құрылысында баспалдақтарды баспалдақ клеткасының қондырғысымен бір мезгілде құрастыру к е р е к .

Биіктігі екі қабаттан аспайтын үйлердің баспалдақ клеткасында ағаш басқыштар салуға рұхсат етіледі. Құрылыс кезінде ғана өртенбейтін басқыштарды бүлінуден сақтау үшін жанармай материалдарын жағуға болады.

241. Сырттағы өрт баспалдақтарын, тіреулерді, трубалар мен қоршауларды құрылыс жүргізу нормасына сәйкес негізгі конструкциялар монтаждалған соң б і р д е н о р н а т у к е р е к .

Ағаштар мен төсеніштер қазіргі нормативті техникалық құжаттар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес салынады. Ағаштан жасалған дінгектер мен қалыптар отқа төзімді затпен өңделуі керек.

242. Биіктігі үш қабаттан астам ғимарат құрылысында инвентарлық металл а ғ а ш т а р ы қ о л д а н ы л а д ы .

Әрқайсысының периметрі 40 метр құрылыс ағашын бір баспалдақпен ж а б д ы қ т а у к е р е к .

Ағаш конструкцияларын өртенетін материалдармен орауға болмайды.

243. Адамдарды ғимараттар құрылыстардан биік эвакуациялау үшін бүкіл құрылыс жұмыстары мерзіміне жанбайтын материалдардан кемінде екі баспалдақ жасау керек.

244. Өртенетін және қиын өртенетін материалдардан жасалған қалыптарды үш қабаттан астам биіктікке бір мезгілде орналастырған жөн. Бетонның қажетті

беріктігіне қол жеткен соң ағаш қалыптар мен ағаштар ғимараттан әкетілуі тиіс. Өртенетін қалыптар мен құрылыс ағаштары үш қабаттан астам биіктікте қажет болса, қосымша өртке қарсы шаралар (әр қабатта өрт қранының қондырғысымен уақытша өртке қарсы су құбырын) қолдану қажет.

245. Ғимараттар мен құрылыстарда жанғыш заттар мен материалдарды пайдалана отырып жүргізілетін жұмыстарды отпен атқарылатын басқа да құрылыс монтаж жұмыстарын бір мезгілде орындауға болмайды.

246. Металл конструкцияларын қорғау жөніндегі жұмыстар олардың отқа төзімділігін арттыру мақсатымен ғимаратты салумен қатар жүргізіледі.

247. Егер ғимаратта жанар-жағар материалдар болса, қабырғалардың ойығы мен жабулар арқылы өрттің тарамауына қарсы шаралар қабылдау керек. Демек, ішкі, сыртқы қабырғалар, қабатаралық жабулар түйіскен жердегі саңылауларды бекіту, отқа төзімділігін қамтамасыз ете отырып, инженерлік коммуникация өтетін жерлерді бекіту қажет. Ғимараттар мен құрылыстардағы ойықтарды уақытша жылытқыштармен жапқанда, тек жанбайтын немесе қиын жанатын материалдарды пайдалану керек.

248. Еден салу мен басқа да өндіріс жұмыстарын жүргізетін уақытша үйшіктер өртенбейтін және қиын өртенетін материалдардан жасалуы тиіс.

249. Салынып жатқан үй-жайдың еден астындағы кеңістігі еден салғанға дейін жанғыш заттардан (жоңқа, үгінді, қиқымдар) тазартылуы керек.

250. Ғимарат құрылысының жобасында негізгі конструкциялары қорғалмаған, металдан немесе жанатын немесе қиын жанатын заттардан жасалған асбест-цемент жылытқыш табақтарынан тұратын қоршау конструкцияларымен жұмыс барысында құрылыстың барлық кезеңіне арналған өрт қауіпсіздігі шаралары қарастырылуы тиіс.

251. Конструкцияларды монтаждау кезінде жанғыш жылытқыштар пайдаланылатын жұмыстар, оны орындаушыларға берілетін құрылыстың өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамның қолы қойылған рұқсат наряды бойынша жүргізіледі.

Рұқсат нарядында жұмыс орны, технологиялық реттілік, өндірістік тәсілдер, нақты өрт қауіпсіздігі шаралары, жауапты адамдар мен оны пайдалану мерзімі көрсетілуі тиіс.

Жұмыс орнында "Өрт қауіпі бар - тез жанатын жылытқыш!" деген жазу іліну керек.

252. Жанатын жылытқыш төсеу және жамылғыға гидроизоляциялық төсеніш салу, сондай-ақ, цемент-күм ерітіндісін құю, қиыршық тастан қорғаныс қабатын салу, жанатын жылытқыштарды пайдалана отырып, қоршау конструкциясын монтаждау жұмыстарын учаске бойынша аумағы 500 шаршы метрден аспайтын және қиын жанатын жылытқыштардың 1000 шаршы метрден аспайтын

аумағында

жүргізу

керек.

Жанатын жылытқыштарды темір-бетон плиталары бойымен пайдаланғанда өндіріс ғимараттарының кемінде 30 миллиметр жабуына цемент-күм ерітіндісі салынып, темір-бетон плиталары қиылысқан жерлері мұқият бекітілуі керек. Аумағы үлкен ғимараттарда жанатын жылытқыш әр 50 метр сайын (корпустың ұзындығы 80 метр және одан көп болса) керамзит қиыршығы немесе басқа жанбайтын материалдардан жасалған ені 6 метрден кем емес өртке қарсы белдеулермен бөлінуі керек.

253. Өндіріс орнында жылытқыш пен төбеге жататын рулон материалдары ауысым (смена) қажеттілігінен аспауы керек.

254. Жанатын және қиын жанатын жылытқышты құрылыс жүріп жатқан жерден тыс жеке жайда немесе арнайы алаңда сақтау керек. Ол салынып жатқан және уақытша тұрғызылған үй-жай мен қоймадан кемінде 18 метр қашықтықта болуы керек. Жұмыс аяқталғаннан кейін пайдаланылмаған жылытқыштарды, төбеге жабатын рулонды материалдарды, монтаждalmaған панельдерді ашық жерге тастап кетуге болмайды.

255. Тоңазыту үй-жайлары мен соған ұқсас құрылыстарда құрылыс-монтаж жұмыстарын өрт қауіпсіздігін сақтай отырып бөлек-бөлек ретпен атқару қажет.

Жылу изоляциясын бөлек жерге орналастырғаннан кейін қалдықтарын алып кетіп, оны дереу отқа қарсы затпен сырлау керек. Жылу изоляциясы жұмыстарының өндіріс процессінде қорғалмаған алаң жанатын жылу изоляциясы жағдайына 500 м^2 аспайтын, ал қиын жанатын жылу изоляциясында 1000 м^2 болуы керек.

256. Тоңазытқыш камераларына өртке қарсы белдеулер мен аймақтар орнатқанда жылытқыштың жанбайтын материалдардан құрастырылған конструкцияларға берік жанасуын қамтамасыз ету қажет. Өртке қарсы белдеуде, аймақта тесіктерді ашық қалдыруға болмайды.

257. Жанатын және қиын жанатын жылытқыштары бар металл қаптамасының зақымдалған жағдайында механикалық заттардың (болт) көмегімен жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын дереу бастау керек.

258. Полимерлі жылытқыштары бар панельдерді монтаждауға дейін ғимараттың жамылғысына апаратын барлық шығу жолдары (баспалдақ алаңынан, ішкі баспалдақтармен) және оның қоршаулары жасалып бітуі керек.

Өрт туралы хабарлау үшін жамылғыға шығар жерде телефон немесе байланыстың басқа құралдарын орнату қажет.

259. Жамылғы аумағы 1000 м^2 және одан да көп көлемдегі шатырда жанатын немесе қиын жанатын жылытқыштарды пайдалана отырып атқарылатын

жұмыстарда өрт қауіпсіздігі үшін өртке қарсы уақытша 5 л/с су құбыры жасалуы керек.

260. Су және бу айыру құрылғысымен байланысты шатырдағы жұмыстар кезінде панельдерді жанатын және қиын жанатын жылытқыштармен монтаждауда электрмен дәнекерлеу және отпен байланысты басқа жұмыстарды орындауға тыйым салынады. Ашық отпен байланысты жұмыстарды жанатын және қиын жанатын материалдарды пайдалануға дейін жүргізу керек.

261. Сүзіліп тазартылған төсеу қабырғаларына бу айыру қабаты мен мастиканың пайда болған қалың қабатын жапсыруда қою битум ерітіндісін қолдануға болмайды.

262. Қалың рулон материалдарын ерітуге арналған агрегаттарды тек жанбайтын жылытқыш қолданылған темір-бетон плиталары мен төбе жабындыларын орналастыруда пайдалануға болады.

263. Бетонды жасанды түрде жылытуға бу, ауа және электр тогын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл орайда төмендегідей шарттарды орындау керек.

1) бетонды жылудан қорғау үшін қиын жанатын және жанбайтын материалдар, сондай-ақ дымқылданған немесе әк ерітіндісімен өңделген үгіндіні қолдануға рұқсат етіледі;

2) жылы жайлар салу үшін жанбайтын немесе қиын жанатын жылытқыштар қолдануға болады;

3) электр тогымен жылытатын учаскелер тәжірибелі электриктердің тұрақты бақылауында болуы тиіс.

Электрмен жылыту аймағында КРПТ кабелін немесе ПРГ-500 жеке сымы (резіңке шлангысымен жеке қорғалған) пайдаланылады. Сымдарды топырақ бетіне орналастыруға тыйым салынады.

Жылыту аймағына ("Қауіпті!", "Кернеуі бар!") деген сөздер жазылған плакаттар іліп қою керек.

264. Жанатын материалдарды жеке орнатылмаған тоқ жүретін жүйелерді, жылыту элементтерін, спираль, электр жылыту қондырғыларын қорғау мақсатында пайдалануға болмайды. Жеке бөлінбеген ток жүретін бөліктер (жылыту элементтері, спиральдар, электродтар,) оларға металл қаптамаларының бөгде заттарының түсуінен немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршаулармен қорғалуға тиіс.

Электрмен жылыту жүйесін ажырату қондырғысын қолайлы жерге орналастыру керек.

19-тарау. Материалдар мен заттарды бірге сақтау жөніндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

§1. Жалпы ережелер

265. Бұл талаптар ведомстволық бағынушылығына қарамастан материалдар мен заттарды сақтайтын қоймалары мен базалары бар барлық ұйымдар мен объектілерге жүктеледі және арнайы ережемен сақталатын, әрі тасымалданатын радиоактивті материалдар мен заттарға, жарылғыштарға қойылмайды.

266. Материалдарды заттармен бірге сақтау мүмкіндігі өрт қауіпсіздігінің, улылығының, химиялық активтілігінің, өрт сөндіру құралдарының біркелкілігінің сандық есебі негізінде жасалады.

267. 270 тармақта атап өтілген қасиеттерінің үйлесіміне байланысты материалдар мен заттар сақталу кезінде бір-бірімен сәйкес келуі де сәйкес келмеуі де мүмкін.

268. Бірге сақталған жағдайда төмендегідей кері әсерде болатын материалдар мен заттар сәйкес кемеитіндер деп аталады:

- 1) олардың әрқайсысы өз алдына өрт қауіпсіздігін күшейтеді;
- 2) өртті сөндіруге қосымша қиындықтар тудырады;
- 3) өрт кезінде экологиялық жағдайды шиеленістіріп жібереді;
- 4) бір-бірімен реакцияға түскенде қауіпті заттар түзіледі.

269. Өрт шығу, өрттің қауіпті факторларын күшейту, қоршаған ортаны ластау, қашықтықта немесе тікелей қарым қатынас кезінде, өрт үстінде, жай уақытта терісіне, тыныс жолдарына әсер ету барысындағы қауіпсіздік қуаты бойынша материалдар мен заттар мына төмендегідей разрядтарға бөлінеді:

- 1) қауіпсіз;
- 2) шамалы қауіпсіз;
- 3) қауіпті;
- 4) аса қауіпті.

Осы разрядтарға байланысты материалдар мен заттарды сақтаудың шарттары белгіленеді (Ереженің 270-274 тармақтары).

270. Қауіпсіздерге жанбайтын орауыштардағы заттар мен материалдар жатады, олар өрт болған жағдайда жарылғыш немесе өрт қауіпі бар, улы заттар шығармайды.

Қауіпсіз заттар мен материалдар кез-келген үлгідегі алаңдар мен жабық орындарда сақталуы керек (егер бұл техникалық шарттарға қайшы келмесе).

271. Шамалы қауіптілерге қауіпсіздерге жатпайтын жанатын және қиын жанатын заттар мен материалдар жатады және осы Ереженің 270 тармағына сәйкес оларға қазіргі нормативті техникалық құжаттар талаптары қойылмайды.

Шамалы қауіпті заттар мына төмендегідей топтарға бөлінеді:

- 1) 90 ° С-тан жоғары температурадағы сұйық зат;
- 2) 120 секунд және одан астам уақыт аралығында газ отының әсерінен

жанатын қатты заттар мен материалдар;

3) қоршаған ортадағы 140°C температурада 124 сағат ішінде 150°C -тан төмен температурада арнайы сынақ жағдайында өздігінен қызып кетуге қабілетті материалдар мен заттар;

4) $0,5\text{ дм}^3/\text{кг}^{-1}\text{ с}^{-1}$ интенсивтілікпен сумен араластырған кезде жалындаған газ бөлетін заттар мен материалдар;

5) орташа өлім қаупін тудыратын 2000мг/кг^{-1} доза немесе 20мг/дм^{-2} тыныс алған кездегі орташа өлім қаупін тудыратын улы заттар мен материалдар;

6) әлсіз күйдіретін немесе тот басатын материалдар мен заттар. Олардың өзіне тән көрсеткіштер мынандай: 24 сағат қарым-қатынас ішінде жануарлардың терісінде байқалатын невроз (тітіркену процесі). Болаттан немесе қалайыдан тот болу жылдамдығы жылына 1 мм.

272. Шамалы қауіптілерге сонымен қатар жанбайтын заттар және осы Ереженің 271 тармағында тізбектелген орауыштағы материалдар жатады.

Шамалы қауіпті заттар мен материалдар отқа төзімділіктің барлық сатыларындағы (V сатыдан басқасы) жабық орындардың бәрінде сақтала береді.

273. Қауіптілерге көлікті, ғимаратты зақымдандыратын, адамдар мен жануарларды улауға, жарақаттануға, өлім-жітімге ұшырататын, жарылыс, өрт тудыратын заттар мен материалдар жатады. Олардың қауіпті қасиеттері қалыпты жағдайда да және апат кезінде де таза күйінде, сондай-ақ, нормативті техникалық құжаттарға сәйкес басқа категориялардағы материалдармен, заттармен әрекетке түскенде пайда болады.

Қауіпті заттар I, II сатыдағы отқа төзімді қоймаларда сақталуы керек.

274. Аса қауіптілерге 19433 ГОСТ категориясындағы материалдармен, заттармен сәйкес келмейтін қауіпті материалдар мен заттар жатады.

Аса қауіпті заттар мен материалдар I, II сатыдағы отқа төзімді жеке-жеке ғимараттарда орналасқан қоймаларда сақталады.

\$2. Бірге сақталатын заттар мен материалдарға қойылатын шарттар

275. Аса қауіптілер тобына жататын материалдар мен заттарды сақтағанда оларды осы Ережедегі 12-қосымшада көрсетілгендей етіп орналастыру керек.

276. Қауіптілер тобына жататын заттар мен материалдарды сақтағанда осы Ережедегі 13-қосымшада көрсетілгендей етіп орналастыру керек.

277. Қауіпті және аса қауіпті заттар ерекшелік жағдайда бір қоймада сақталуы мүмкін, онда осы Ережедегі 14-қосымшада көрсетілгендей етіп орналастыру қажет.

278. Бір қойманың ішінде өрт сөндіру құралдары әртүрлі заттар мен материалдарды сақтауға тыйым салынады.

20-тарау. Өртену-жарылу қаупі бар заттарды тасымалдау

279. Қауіпті жүктерді жүк тасушылар тасымалға сол өнімнің стандарттары мен техникалық шарттарында қарастырылғандай өлшеп, орап ұсынуы тиіс.
V 0 2 0 0 0 2 0 1 1

Өлшеу мен орау заттың толық сақталуын және тасымалдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек.

280. Тез тұтанатын сұйықтар мен жанар-жағар майды тасымалдайтын автоцистерналар жүк қаупі сатыларына сәйкес жабдықталуы керек, ал құбырлар жұмыс істеп тұрған өрт сөндіргіштермен жабдықталған болуы шарт.

281. Тез тұтанатын, улы, күйдіргіш, тот басатын, бу немесе газ бөліп шығаратын жарылу, өртену қаупі бар жүктер құрғап қалғанда ауамен, ылғалмен әрекетке түсетін болса, қауіпті жағдай туғызады, тотығатын қасиеті бар заттарды герметикалық орауыштармен орау керек.

282. Шыны ыдыстағы қауіпті жүктер мықты жәшіктерге салынып, айналасындағы кеңістігі жанбайтын ылғал сіңіретін материалдармен
т о л т ы р ы л у ы т и і с .

Металл немесе пластмасса банкілердегі, бидондардағы, канистрлердегі қауіпті жүктер қосымша ағаш жәшіктерге салынуы тиіс. Жәшіктен қабырғалары банкадан 0,32 м биік болуы керек. Шыны ыдыстағы қауіпті жүктер ұсақталып жөнелтілетін болса онда тұтқасы бар ағаш жәшіктерге салынуы тиіс.

283. Қатты сусылдақ қауіпті жүктер контейнермен тасымалдануы тиіс. Егер олар аз-аздан ұсақталып жіберілетін болса, онда қосымша металдан немесе фанердан жасалған қатты ыдысқа салынуы керек.

284. Сұйық қауіпті жүктер тасымалға жіберілетін болса, онда ыдыс стандартты белгіленгендей осы өнімнің техникалық шарттарына сәйкес
т о л т ы р ы л у ы к е р е к .

Әртүрлі топтағы қауіпті жүктерді бір контейнермен тасымалдауға болмайды.

285. Қышқылдар бар жүктерді тасымалдағанда оларды тез тұтанатын сұйықтар мен жанар-жағар май құйылған ыдыстарға қарама-қарсы қою керек. Барлық жүк бір-біріне тығыз орналасуы керек. Тез тұтанатын сұйықтар мен жанар-жағар май құйылған ыдыстар стандартты герметикалық орауыштармен қапталып бекітілуі тиіс.

286. Жаңғыш және улы газы бар баллондар бір жаққа қаратылып жатқызылып қойылуы тиіс. Газы бар баллондар тұрғызылып қойылуы үшін

қорғаныс сақинасы кигізіліп, олар міндетті түрде құлап, шайқалған кезде ашылып кетпейтіндей тығыз жабылуы керек. Есік қалыңдығы 10 мм тақтаймен қ о р ш а л у ы т и і с .

Изопропилнитрат және самин тасымалданғанда міндетті түрде жүк жіберушілер мен жүк қабылдаушылардың арнайы бригадасы еріп жүреді.

287. Жарылу, өртену қаупі бар заттарды тасымалдағанда, көлікте, жүк сақталған әрбір орында қауіпсіздік белгілері болуы тиіс.

Жарылу, өртену қаупі бар заттардың үлкен бөлігін елді мекен аймағында автокөлікпен тасымалдағанда тек ғана түнгі уақытта қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

288. Өртену, жарылу қаупі бар заттарды тасымалдағанда мынандай н ә р с е л е р г е т ы й ы м с а л ы н а д ы :

1) күндізгі уақытта елді мекендермен тез тұтанатын және жанатын газдар бар цистерналарды т а с ы м а л д а у ғ а ;

2) оқыс тоқтауға, секіріс жасауға;

3) сақтандырғыш қалпағы жоқ баллондарды тасуға;

4) көлік құралдарын қараусыз қалдыруға.

289. Жарылу-өртену қаупі бар түтіктерді автомобиль кузовтарында тасығанда шашылып, төгіліп қалмау үшін оларды жақсылап жабу керек. Ал қозғалысқа түскен кезде қандай да бір ыдыс шытынап-сынып, бүлініп қалып жатса, онда оны тез арада алып тастап, былғанған жерді қолма-қол жинау керек.

3-Бөлім

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

21-тарау. Әуе кемелерінің, технологиялық құрал-жабдықтардың, механикалық құралдардың тұрақты орындарын ұстау

290. Әуе кемелерінің тұрақты мекені жанар-жағар май материалдарының қоймаларынан, жылжымалы қондырғылар станцияларынан 100м өндірістік ғимараттардан, ұшақ тұратын жайлардан 50м қашықтықта орналасуы тиіс. Әуе кемесі байланыс құралдарымен жабдықталған болуы керек. Әуе кемесі тұрақты мекенінің айналасындағы аймақ (радиусы 50м кем емес) әрдайым таза, қоқыстан, құрғақ шөптерден тазартылған болуы шарт. Отынның қалдығын және өңделген майды құю үшін арнайы ыдыстар қойылады. Пайдаланылған материалдарды жинау үшін тығыз жабылатын қақпақтары бар металл жәшіктер әзірленеді.

Пайдаланылған материалдар, қалдықтар, жұмсалған майлар ауысым аяқталғанда жиналуы керек.

291. Әуе кемесін тұрақтарға орналастыру тәртібі, сондай-ақ, олардың арасындағы шектеулі қауіпсіз қашықтықтар Қазақстан Республикасының қазіргі заңдары техникалық ережелері бойынша белгіленеді.

Технологиялық құрал-жабдықтарды, механикаландыру құралдарын, қалдықтарын құятын шұңқырларды, пайдаланылған материалдарды салатын жәшіктерді, темекі шегетін орындарды орналастыру тәртібі осы ереже талаптарымен, авиация техникасын жөндеу және пайдалану ережелерімен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілеріне сәйкес анықталады. Бірақ осылардың бәрі әуе кемесінің тұрағынан 25м қашықтықта орналасып, қауіпсіздік белгілерімен, таблицалармен көрсетілуі керек.

292. Техникалық қызмет көрсетілмеген әуе кемелері токтан ажыратылып жерге қосылуы керек, шығатын есіктері мен жүк таситын люктері құлыппен жабылған болуы тиіс.

293. Әуе кемелерінің тұрақты орындары, соның ішіндегі топыраққа орналастырылған әуежайлар да статикалық электр жүйесінен қорғаныста болу үшін стационарлық жерге қосу қондырғыларымен жабдықталуы тиіс. Жерге қосқыш кернеулерінің көлемі 100 Ом-ға дейін болады.

Статикалық электр жүйесінен қорғайтын жерге қосу контурымен біріктіргенде және найзағай екінші рет көрінгенде қосқыш кернеуінің көлемі осы құбылыстан қорғана алатындай дәрежеде болуы шарт. Әуе кемесінің жерге қосу қондырғысын, техникалық тұрғыдан пайдалану қазіргі заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Жерге қосу қондырғыларының байланыс ұясы әуе кемесінің тұрағы әрдайым қардан, мұздан, топырақтардан тазартылып диаметрі 0,3 м қызыл түсті дөңгелекпен, ені 0,1 м ақ түсті сақинамен белгіленіп көрсетілуі тиіс.

294. Тұрақтағы барлық әуе кемелері, ангардағы авиациялық-техникалық база және ұшақ жөндеу корпусы әрдайым жерге қосылуы тиіс. Оларды болттармен қосуға болмайды.

295. Әуе кемесі тұрақтарында мыналарға тыйым салынады:

1) жерге отын, май, гидрокоспа, басқа да жанатын, әрі тез тұтанатын с ұ й ы қ т а р д ы т ө г у г е ;

2) темекі шегуге арналған орыннан басқа жерде темекі шегуге;

3) жұмыс істеп тұрған технологиялық жабдықтар мен механикаландырылған құралдарды, сондай-ақ, электрлік жүйенің әуежайлардағы көздеріне қосылған

әуе кемелерін караусыз қалдыруға болмайды;

4) өрт сөндірудің алғашқы құралдарынсыз двигательді іске қосуға немесе басқа жұмыстар атқаруға.

22-тарау. Планерлерге, двигательдерге, жүйелерге және арнаулы құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету

296. Әуе кемесінде орындалатын барлық жұмыстар, жанатын және өрт қаупі бар заттарды қолдану сол жұмыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жауапты адамның жетекшілігімен жүзеге асырылуы тиіс.

297. Жанатын заттарды қолданатын жұмыстар атқарылатын аймақта бір мезгілде басқа жұмыстарды жүргізуге рұқсат етілмейді. Әуе кемесін бұл уақытта токтан айыру қажет. Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсеткенде міндетті түрде өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалған болуы шарт. Өрт сөндіру қондырғыларын орнату қазіргі заманғы ангардағы өрт сөндіру қондырғыларын жобалау жөніндегі нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

298. Әуе кемесінде жанатын заттармен жұмысты бастар алдында төмендегі жағдайларды қамтамасыз ету керек:

- 1) әуе кемесін токтан айыру;
- 2) әуе кемесін жерге қосу, жермен байланыстың сенімділігіне көз жеткізу;
- 3) әуе кемесіндегі барлық есіктерді, ашқыштарды, люктерді желдету үшін, өрт шыққан жағдайда, төтенше оқиғаларда жолаушыларды құтқару мақсатында а ш ы п қ о ю ;

4) жұмыс аймағында жарылудан қорғануды орындауда қозғалмалы-созылмалы желдеткіш қондырғыларды орнату;

5) жұмыс орнында алдын ала тексеріп, өрт сөндіру құралдарын орнату.

Әуе кемесіндегі жұмысқа қажетті жанатын заттар жұмыс орындарына дайын қалпында, шектеулі шарттасқан технологиялар көлемінде арнайы қондырғылармен, ыдыстармен жеткізіледі. Жанатын заттар салынатын ыдыс жалын шығармайтын материалдан жасалады. Ыдыс құрылымы сұйықтың төгілуіне жол бермеуі шарт.

Жұмыс орындарында жанатын заттарды даярлауға немесе еріткішке қосуға рұқсат етілмейді.

299. Түскі үзіліс, жұмыс ауысымы аяқталған немесе жұмыс аяқталған кезде жаңғыш заттар мен өрт қаупі бар материалдар (сүрткіш орамалдар тампонь, ескі шүберектер) әуе кемелері тұрған жерден тыс сол үшін арнайы бөлінген жерге жиналуы тиіс.

300. Өрт қаупі бар аймақта, сондай-ақ, отын, гидравликалық және оттегілік жүйелерде жаңғыш заттармен жұмыс істеген кезде қол аспабын пайдаланғанда

ол ұшқын шығармайтын материалдардан жасалуы тиіс. Оттегілік жүйеге қызмет көрсетуде пайдаланылатын құрал таза, майсыз болуы керек және басқа жұмыстарға пайдаланылмауы қажет.

301. Тікелей әуе кемелері жұмысына пайдаланылатын көшпелі шамдар мен электр құралдары қуаты 24 В астам тұрақты ток және 12 В астам ауыспалы ток электр жүйелеріне қосылуы тиіс. Әуе кемелеріндегі осы мақсат үшін автотрансформаторларды қолдануға тыйым салынады.

Электр жүйесіне көшпелі шамдар мен электр құралдарын қосу әуе кемелерінен тысқары жүргізілуі тиіс. Жарылыс қаупі бар аймақта отын, гидравликалық және оттегілік жүйеде жұмыс істеу кезінде көшпелі шамдар жарылыс қауіпсіз жағдайда болуы керек. Жарылыс қаупі бар аймақтарда электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Көшпелі шамдардың қорғаушы торы, ілмегі, белгілі бір ұзындықтағы жақсы қорғалған шлангысы болуы керек. Шам мен электр құралын іске қосатын сым ылғалды немесе ыстық қабатқа тимеуі керек. Егер шамның, электр құралының бұзылғанын немесе жұмыс сымының үзілгенін байқасаңыз бірден жұмысты тоқтатып, оны электр жүйесінен алып тастау қажет.

Көшпелі шамдар және электр құралдарының дұрыстығы аз дегенде бір айда, сондай-ақ, жұмысты тапсырған кезде тексерілуі тиіс.

302. Әуе кемелерінде отпен, жарықпен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді. Дәнекерлеу жұмысы қажеттілігі туындаған жағдайда бөлшектер немесе тораптар әуе кемесінен ажыратылып, арнайы бөлмеде дәнекерленеді. Кей жағдайда ғана тораптар мен бөлшектердің сызаты мен жарықтарын әуе кемесінің ішінде дәнекерлеуге рұқсат етіледі. Ол үшін мынандай қосымша талаптарды сақтау қажет:

1) дәнекерлеу жұмысы авиация техникалық базасы (авиация инженерлік қызметі) АТБ(ИАК) бастығының жазбаша рұқсатымен және цех (ауысым) бастығының жеке бақылауында жүргізіледі;

2) жұмыс жүргізілетін орын өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс ;

3) жұмыс жүргізілетін ұшақ тұрағы авиация техникалық базасынан және басқа ғимараттардан, әуежай құрылыстарынан кем дегенде 50 м қашықтықта атқарылып, авиация ұйымдарының өртке қарсы қызметін шақыру үшін байланыс құралдарымен жабдықталады.

303. Отын, май немесе гидравликалық жүйелердің двигательдерін жуу және бөлшектеу кезінде осы жұмыс жүргізілетін жерге аққан сұйықтықты жинау үшін ыдыс, сондай-ақ ол шашырап құйылмас үшін әуе кемесінің басқа бөлігіне экран

орнатылады. Аққан сұйықтық жиналып, түскі үзілісте, жұмыс аяқталған соң міндетті түрде әкетіледі. Жерге төгілген сұйықтық тез арада жиналуы тиіс (төгілген жерге таза, құрғақ құм сеуіп, содан кейін құмнан тазартылады).

304. Алынатын желілер мен агрегаттарды өрт қауіпі бар органикалық ерітіндімен жууға байланысты барлық жұмыстар осы мақсат үшін жабдықталған арнайы бөлмеде немесе әуе кемесінен 25 м қашықтықта ашық алаңда жүргізілуі тиіс.

305. Двигательдерді жуу ереже бойынша өрт қауіпі жоқ техникалық жуу құралдарымен атқарылады. Двигательдерді өрт қауіпі бар органикалық ерітінділермен жуу үшін оған антистатикалық зат енгізу қажет. Жуған соң двигательдерді 15 минут желдетіп, содан кейін қысылған ауамен үрлейді.

306. Двигательді немесе әуе бұрандасын ауыстырған кезде двигательді іске қосатын тоқтан айырып, аккумуляторын алып, сымды ток көзінен ажыратып, штепсельдік айырғышқа және трубопроводқа бұқтырма қою қажет.

307. Жөндеу, жуу, отын жүйесін герметикалық немесе тарировкалық сынақтан өткізгенде әуе кемесіндегі тарировкаға қызмет көрсететіннен басқа барлық ток көздері өшірілуі керек. Бұл кезде әуе кемесінде өзге жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді. Отын жүйесінің герметикалығын тексерген кезде двигательді басқару тетігі "Тоқта" жағдайында болуы керек, ал, двигательдегі электро өрістік клапандар тоқтан алып тасталады. Ағу байқалған кезде отын жүйесіндегі қысым төмендетіліп, отын ізі тазартылады. Отын багінің ішіндегі жұмысты атқаруға арнайы дайындалған, жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаудан өткен адамдар жіберіледі.

Май багы ішінде жұмыс істейтін адамдарға өзімен бірге от тұтатқыш, сіріңке жағармай өнімдерін алып жүруге, сондай-ақ, ұшқын шығаратын құралдар мен аяқ киім пайдалануға тыйым салынады.

Жұмысты бастар алдында ыдыстағы (бактағы) отынды ағызып, қалғанын эжекторлық шаңсорғышпен (соңғысының металл ұшы жоқ резина шлангасы болуы керек) тазартылып, қысымды ауамен үрленеді. Май ыдысының ішінде жарық түсіру үшін тек жарылыстан қорғалған осы Ереженің 301-ші тармақтағы талабына жауап беретін көшпелі шамдар пайдаланылады.

308. Әуе күштерінің оттегілік жүйесін толтыру, оған қызмет көрсету, жөндеу және сынау жұмыстары май ізінен (дағынан) тазартылған алаңда жүргізілуі тиіс. Құрамында май бар қоспамен оттегінің қосылуы қауіпті. Ол жарылысқа әкеліп соғуы мүмкін. Оттегілік жүйелерге қызмет көрсету және жөндеу кезінде жүйеге, ол жарылатын жерге және құралға май тамбауы қажет. Оттегін зарядтау стансасының шлангасына қосылған барлық зарядтың штуцерлері зарядтау жүйесіне қосар алдында майдан тазартылып, кептірілуі керек. Майдан тазарту спиртке батырылған таза мақтаматасынан жасалған тампондарымен атқарылады.

Жүйеден өттегі аққан жағдайда оттегіні толтыру тоқтатылып, кабина, салон және электр жабдықтары бөлімшелері желдетіледі. Ақау жөнделгеннен кейін оттегілік жүйе құрғақ азотпен үрленеді. Мұздап қалған өттегі аппаратаурасын жылытуды 70°C қыздырылған ауамен жүргізуге рұхсат етіледі, моторлы жылыту құралдарын пайдаланғанда калориферлердің дұрыстығын тексеру қажет.

309. Оттегілік жүйемен жұмыс кезінде мыналарға тыйым салынады:

- 1) әуе кемесінде қандайда бір басқа жұмыстарды жүргізуге;
- 2) оттегі жабдығынан 25 м радиуста тез тұтанатын көздерді пайдалануға;
- 3) оттегі қысымы бар кезде оттегі жүйесінің желілерінде ажырату жұмыстарын жүргізуге;
- 4) электр желісі жгуттарын оттегілік жүйеге бекітуге және жақындатуға жол берілмейді.

310. Сужүйесін толтыру, жуу және сынақтан өткізу арнайы орында толтыру құралының борт штуцерлері арқылы жабық әдіспен жүргізіледі. Бұл жұмысты орындау үшін осыған арналған алынып-салынатын элементтер, жабдықтар және құралдарды пайдалану қажет.

Әуе кемесі сужүйесін толтыру, жуу және сынау кезінде басқа жұмыстар жүргізілмеуі керек. Егер ақау болып майдың ағып жатқанын байқасаңыз, гидросұйықты беруді тез тоқтату қажет. Оны толтыру, жуу және төгу кезінде жүйенің бұрандасын бұрау, бекіту сияқты басқа жөндеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

311. Электрорационавигациялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету кезінде мына талаптарды орындау қажет:

- 1) 12 В-тан жоғары желіден ток алатын электр құралдары жерге қосылу керек ;
- 2) әуе кемелері электр жүйелері аппаратураларынан ажыратылған кезде тоқсызданып, штепсель тетіктері технологиялық бұқтырғыштармен жабылуы тиіс, желілердің қосылатын ұштары залалсыздандырылады;
- 3) электрорационавигациялық жүйенің жабдықтарын әуе кемелерінде сынаған кезде, бұзылған кезде тоқты өшіретін электр жүйелері автоматты қорғаныспен жабдықталуы керек;
- 4) борттағы электр жүйелерін тоқсыздандырып электр қондырғыларына тексеру жүргізеді. Тоққа қосылған күйінде тексеруді атқару талап етілген жағдайда қысқа іркілістер болдырмау үшін сақтық керек;
- 5) сымдағы тоқтың барлығын тек құралмен анықтап, "ұшқынға" тексеруге жол берілмейді.

Электрорационавигациялық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуде төмендегілерге тыйым салынады:

- 1) схемада көрсетілгеніне қарамастан үлкен тоққа есептелінген тоқты реттегіш пен қорғану автоматтарын пайдалануға;
- 2) тоққа қосылған жабдықтарда дәнекерлеу және бөлшектеу жұмыстарын жүргізуге ;
- 3) жабдықтарды жылу беруді нашарлататын затпен жабуға;
- 4) таратушы қондырғылардың электршиттерін тарату қобдишасын, кернеуде тұрған аппаратуралардың клеммдік бет тақтайшасын ашық қалдыруға;
- 5) электр энергиясы көздерін қосуға және өшіруге, май құю немесе төгуге, май аққан кезде электр жабдықтарын тексеруге;
- 6) май ыдысы орналасқан бөлімшеде жанар-жағар майды пайдаланып жұмыс жүргізілген жерде сымдарды дәнекерлеуге;
- 7) осы жүйеге арналмаған типтер мен қуаттарға жарық және белгі беру шамдарын, жартылай желілі диодтар орнатуға;
- 8) қорғау жүйесінің автоматтарын пайдалануға беру кезінде ақауды жөндеу үшін жарықты қосу, сөндіру тетіктерін өз бетінде ашып тексеруге;
- 9) технологияда көрсетілмеген изоляциялық материалдарды пайдалануға;
- 10) монтаждау схемасында көрсетілмеген жерге сымды қосуға;
- 11) бір байланыс болтына үштен астам сымды, сондай-ақ, құрылымы жағынан басқаша сымды жалғауға;
- 12) ток/жиілік/ тиісті мөлшерден артық электр қуатының әуежайдағы көздерін пайдалануға ;
- 13) әуежайдағы электр көздерінің істен шыққан немесе зақымданған кабельдерін әуе кемелерінің көздеріне қосуға.

23-тарау. Әуе кемелеріне жанар-жағар май құю

312. Әуе кемесіне жанар-жағар май құю Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация министрдің 17.01.2000 ж. N 3-П бұйрығымен бекітілген " Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясындағы жанар-жағар май қызметі жөніндегі ережеге", "Авиациялық техниканы пайдалану және жөндеу жөніндегі Ережесінен", "Азаматтық авиация ұйымы нысандарын әуе отынымен қамтамасыз етудің өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауына" және " Көтерілетін платформалы құю агрегатымен әуе кемелеріне отын құю технологиясына" сондай-ақ, ұшуды пайдалану жөніндегі басшылыққа сәйкес жүргізілуі тиіс.

313. Бұзылған және ұшқын өшіргішпен жабдықталмаған арнайы көлік (отын құю, көлік отын цистернасы, құю агрегаты) әуе кемелеріне отын құю жұмысына жіберілмейді.

314. Әуе кемесіне жанар май құю кезінде төмендегілерге тыйым салынады:

1) арнайы көліктің металл бөлшектерін ұшқын шығаратын затпен немесе құралмен соғуға;

2) әуе кемесіне отын құю кезінде қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

3) жүргізуші кабинасында немесе басқару кабинасында ескі шүберек немесе май өнімдері сіңіп қалған, ізі қалған жапқыштарды қалдыруға;

4) техникалық жабдықтарды сүрту үшін орамалды немесе жібек, вискоза, синтетикалық материалдардың жұрағын пайдалануға;

5) кезекшілік кезінде арнайы көлікті басқаруды басқа адамның қолына беруге, әуе кемесіне отын құю кезінде өз жұмыс орындарын бақылаусыз қалдыруға;

6) жанармай құюшы агрегат жанында және жүргізушінің кабинасында темекі тартуға;

7) қондырғылар жұмыс істеп тұрғанда әуе кемесіне отын толтыруды жүргізуге.

315. Жанармай құюшының көмегімен әуе кемелеріне отын толтыру кезінде қауіпсіздік шаралары үшін мыналар қажет:

1) жанармай құюшы құрал мен әуе кемесі арасында кем дегенде 5 метр қашықтық болуы керек;

2) жеке двигателі бар отын құюшы насосының жұмысы үшін маршты дизель қуатын өшіруге;

3) май құюшының контактілік қондырғысын әуежайдың жерге қосу сымына қосуға;

4) отын құюшы және әуе кемесінің корпусы арасындағы әлеуетті металл жуан сымды жалғау арқылы теңдестіруге;

5) төменгі жағына май құю құралын борттың отын құю штуцеріне жуан сым / трос / ұшындағы үстік затты қосу арқылы жүзеге асыруға;

6) әуе кемесінің жоғарғы жағына жанармай құю кезінде тарату краны тросының ұшын борт ұясына қосу арқылы тарату кранын әуе кемесінің корпусымен жалғастыруды қамтамасыз ету керек. Егер әуе кемесінің май құю мойныны қабылдағыш борт ұясымен жабдықталмаса онда тарату кранымен әуе кемесінің қаптамасына құю мойнынан кемінде 1,5 метр қашықтықта жанасу қажет, содан кейін ғана оны отын бағына түсіруге болады

7) жанармай құюды аяқтағаннан кейін бұл операцияны керісінше қайта орындау керек.

316. Әуе кемесіне "отын құюшыдан отын құюшыға" жүйесі бойынша жанармай құю кезінде екі жанармай құю құралын да жерге қосу керек. Сөйтіп, әуе кемесін сондай-ақ, бірінші және екінші отын құю құралын өзара теңдестіру керек.

Жанар май құюшы арасындағы өртке қарсы қашықтық 5 метрден кем болмауы керек.

317. Әуе кемесіне жанармай құю үшін бір тягач және екі цистернадан тұратын автопоезды пайдалану кезінде ол корпус пен екі цистернаны бір электр шынжырына бекітіп, әлеуетті теңдестіретін жуан сыммен жабдықталуы тиіс. Автопоезды қауіпсіздендіру мақсаты үшін бір жуан сым пайдаланылады.

318. Орталық май құю станциясы және көшпелі құю жабдығы жүйесінің көмегімен әуе кемесіне қауіпсіз жанармай құю үшін 315 тармақтың 1), 3)-7) кіші тармақшаларындағы талапты орындау керек. Сондай-ақ:

1) құю агрегатының корпусы мен гидратты колонка арасын жанармай құю агрегатын металл жуан сыммен қосу арқылы түзетуге болады;

2) электр құрылымын жалғаушы гидраттың ұшын гидрат колонкасының қабылдау ұясына жуан сымның ұшын қосу арқылы қамтамасыз етіледі.

319. Орталық жанармай құю станциясы жүйесіндегі стационарлық май құю агрегаттарының көмегімен әуе кемесіне май құюды қауіпсіз жүргізу үшін осы Ережедегі 315 тармақтың 4)-7) тармақшаларындағы талапты орындау қажет.

Стационарлық құю агрегаты стационарлық жерге қосумен қамтамасыз етілуге тиіс.

320. Көшпелі жанармай құю құралдарының көмегімен әуе кемелеріне қауіпсіз жағдайда отын толтыру үшін мыналар қажет:

1) жанармай құю құралдарын жерге қосылған отын сыйымдылығы мен әуе кемесінің арасына қабылдау және тарату жеңінің ұзындығын есепке ала отырып о р н а т у ;

2) жанармай құю құралын жерге қосу;

3) құю құралы және әуе кемесі арасындағы әлеуетті жұмсақ металл сыммен жалғау арқылы теңдестіру;

4) электрлік байланысты қамтамасыз ету;

5) көшпелі жанармай құю құралының двигателі, электр жабдықтары, бұқтырғыш, ұшқын сөндіргіш құралдардың қызғандығынан ұшқын шашуына жол бермеуді тұрақты бақылау.

321. Әуе кемесіне отын құю ереже бойынша бортта жолаушысыз жүзеге асырылады. Тек аралық әуежайларда (аялдайтын уақыты шектеулі, ұшақтың қонған орнының әуежай бекетінен алыстығы, ауа райының қолайсыздығы кезінде ғана) ұшаққа борттағы жолаушыларымен қосымша жанармай құюға рұхсат етіледі. Соның өзінде әуе кемесінің командирі және әуежайдың ауысым бастығының рұхсатымен ғана жүзеге асырылады. Әуе кемесіне бортында жолаушылар бар жағдайда жанармай құю кезінде мына талаптарды орындау қ а ж е т :

1) жолаушыларға жарықты жағуға, сөндіруге, от тұтатқыш, сіріңке

пайдалануға, темекі тартуға, басқаша айтқанда жану көздерін пайдалануға болмайтындығы жайында ескерту;

2) жанармай құю алдында шығатын есіктерге жарық беріліп, "Темекі тартуға болмайды" деген жазуы бар табло іске қосылуы керек;

3) әуе кемесінің негізгі шығатын есігіне трап әкелініп, есіктері ашық болуы керек. Адамдардың оған еркін келуіне жағдай жасау қажет;

4) әр есіктің алдында борт серігі немесе экипаж мүшесі тұруы тиіс. Өйткені, қажет болған жағдайда адамдарды басқа орынға көшіруге басшылық жасау керек ;

5) жанармай құю кезінде жолаушыларды отырғызған немесе шығарғанда және отын құюды бақылап отырған жердегі қызметкерлер мен ұшақтағы қызметкерлер арасында екі жақты байланыс болуы тиіс. Ол үшін ұшақтағы сөйлесу қондырғысы немесе басқа да қажетті құрал пайдаланылады.

Егер отын құю кезінде әуе кемесінің ішінде отын буы, жанармай ағу және оның жерге төгілуі, басқа да қауіп байқалса, ол жөнделгенше барлық жолаушылар шұғыл көшірілуі керек. Бортындағы жолаушыларымен отын құю кезінде әуежайға өрт сөндіру құралдары, өрттен қорғау қызметкерлері сол жерде болуы керек.

322. Әуе кемесіне жанармай төгілсе немесе отын құю құралдарындағы сұйықтық жерге төгілгенде, сондай-ақ, әуе кемесінің ішінде отын буы, басқа да қауіп болғанда жанармай құю тез тоқтатылып өрт қауіпсіздігінің барлық мүмкін шаралары қолданылады.

Жанармай құю (төгу) жұмыстарын тікелей атқаратын адамдардың міндеті:

- 1) жанармай құюды тоқтатып, электр көзін сөндіруге;
- 2) құю шлангасын әуе кемесінен айыруға;
- 3) әуежайдың өрттен құтқару қызметкерлерін немесе жақын елді мекеннен өрт сөндіру қызметін шақыруға;
- 4) жанармай құм құралдарын әуе кемесінен кемінде 75 метр ұзақ алып кетуге;

5) жердің жоғары қабатын және әуе кемесі үшін жанармайдан тазарту, ал егер ол жерге төгілген болса, алдын-ала ол жерді өрт сөндіру көбігімен жуып, ұшақты басқа тұраққа апарып қою ;

б) төгілген жанармайды су, құм немесе ескі шүберекпен алып тастау.

24-тарау. Әуе кемелерін жылыту

323. Әуе кемесінің кабинасы мен двигателін моторлы жылытқыштармен және аэродромды ауа кондиционерлермен қыздыру қазіргі нормативті құқықтық

актілер талаптары мен шығарушы заводтың пайдалану жөніндегі нұсқауына сай орындалуы керек.

324. Мотор жылытушы құрал егер оның параметрлері құжаттағы мәліметтерге сай және белгіленген мөлшерде жұмысты атқара алатын болса ғана авиациялық техникаға қызмет көрсетуге жіберіледі.

325. Мотор жылытушы құрал әуе кемесіне стандартты қолтық ұзындығына сай атқарылуы тиіс. Бірақ, ара қашықтығы 3 метр болуы керек.

326. Жылытушы құрал іске қосылғанға дейін әуе кемесіне өрт сөндіру құралының қажетті саны орнатылуы қажет.

327. Жеңнің дұрыстығы, жанар-жағар майдың механикалық ақаулығы және ластанбағандығы күнделікті қызмет көрсету кезінде ағымдағы тексеру барысында анықталады.

328. Жылытқыштың жеңі әуе кемесінің кабинасына берілуі немесе жылытқыш қалыпты жұмыс тәртібіне қойылғаннан кейін ғана двигателге қосылуы керек.

329. Жүргізуші, әуетехнигі (механигі) және басқа адамдар жылыту жұмысы жүргізіліп жатқан кезде үнемі жылытқыш құралының жанында тұрып, оның жұмысын тұрақты бақылау керек.

330. Жұмыс аяқталған соң автокөлік двигателінің МП-300, УМП-350-130, УМП-350-131 жылытқыш құралдарын калорифер қондырғысын суық ауамен үрлегенге дейін алдын-ала тоқтатуға тыйым салынады.

331. Жылыту құралының калориферін ауыстырған кезде калорифердің ішкі қабатын, әуе тракты мен, желдеткішті шаңнан, ыстан тазарту қажет.

332. Әуе кемесіндегі кондиционерлер осындағы жылытылған ауаға қандай да бір механикалық бөлшектердің, қоспалардың түсу мүмкіндігіне жол бермеу керек.

333. Моторлы жылытқыш құралдарын пайдалану кезінде мыналарға тыйым салынады :

- 1) жерге қосусыз жұмыс істеуге;
- 2) әуе кемесін жылытумен оған отын құюды немесе ұшақтың двигателін іске қосуды бір мезгілде атқаруға;
- 3) жұмысқа жарамды өрт сөндіргіштер жоқ кезде жылыту құралын іске қосуға ;
- 4) май ыдысынан немесе кейбір желі түтіктерінен жанармай аққан, сондай-ақ, бұқтырғыш бұзылған кезде жылытқышты пайдалануға;
- 5) жылытқыш құралы жұмыс істеп тұрған кезде оған жанармай құюға;
- 6) жұмыс істеп тұрған жылытқыш құралын бір әуе кемесінен екінші әуе кемесіне ауыстыруға ;
- 7) техникалық пайдалану жөніндегі басшылықта көрсетілгендей жылытқыш

құралын тоқтатқан кезде ауа температурасын көтеруге;

8) ластанған, май сіңген немесе зақымданған жеңді пайдалануға, оны креслоның отыратын жеріне, арқасына қоюға;

9) дайындаушы заводтың нұсқауында көрсетілгендерді қоспағанда, жылытқыш құралын жалынмен тұтатуға;

10) кабиналарды, двигательдерді жылыту үшін бақылау-өлшеу қондырғылары және қорғаушы қондырғылары жоқ немесе бұзық жылытқыш құралдары мен кондиционерлерді пайдалануға.

334. Жылыту кезінде жылытқыш құралынан түсетін ауаның тазалығын тұрақты бақылап, қолтықтың орналасуын қадағалау қажет. Әуе кемесінің кабинасында түгін немесе күйік иісі байқалса, тез арада жылытқыш құралын сөндіріп, жылытқыш құралының жеңін ұшақтан алып шығу қажет. Мотор жылытқышын ұшақтан алыс алып кетіп, ақаудың себебін анықтау керек.

25-тарау. Двигательді іске қосу және тексеру

335. Двигательді іске қосу және тексеру үшін тұрақ белгіленіп, авиацияны техникалық пайдалану және жөндеу талаптарына сай арнайы жабдықталып, ғимарат пен құрылыстан кем дегенде 50 метр қашық тұруы керек.

336. Двигательді іске қосу және тексеруге дейін өрт сөндіру құралдарының дайындығын, сондай-ақ, басқа да әуе кемелерінің қауіпсіз тұраққа орналастырғанын тексеру керек.

337. Жаңадан орнатылған двигательдерді алғашқы іске қосу және тексеру міндетті түрде авиаұйымының өрт сөндіру көлігі мен өртке қарсы қызметінің қатысуымен жүзеге асуы тиіс.

338. Әуе кемелерінің двигательдерін іске қосу, тексеру кезінде төмендегі жа й л а р ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы :

1) әуе кемесінде технологияда көрсетілген ерекше жағдайдан басқа кезде қандай да бір жұмыстар жүргізуге;

2) құю тетігі арқылы отынның, майдың және арнайы сұйықтық мөлшерін т е к с е р у г е ;

3) әуе кемесінің кабинасын иесіз қалдыруға немесе басқару пультінен назарды басқа жаққа аударуға;

4) әуе кемесіне жүк тиеу, түсіруге, жолаушыларды отырғызуға, шығаруға;

5) двигательді тексеру үшін іске қосқан кезде от шығатын болса, оны шұғыл өшіріп, борттағы немесе жердегі өрт сөндіру құралдарын пайдалану керек.

4-Бөлім

Өндіріс процесіндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары,

радиотехникалық құралдар мен байланыс базаларын пайдалану нысандарында, аэродром механизациясын, арнайы көлік және жалпы мақсаттағы автомобильдерді сақтау, жөндеу және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігінің талаптары

26-тарау. Азаматтық авиация әуежайлары мен авиа жөндеу ұйымдарының ангар құрылыстары

339. Әуе кемесін және технологиялық жабдықтарды орналастыру; сондай-ақ, ангар құрылыстарына және ұшақ жөндеу корпустарында (осыдан кейін - ҮЖК) жүретін жердің ені авиация техникалық базасының және Азаматтық авиациясының ұшақ жөндеу ұйымы ведомстволық технологиялық нормаларына сәйкес анықталады.

340. Ангар құрылыстары және ұшақ жөндеу корпустарының қақпасы еркін ашылып, керек кезде бір-екі адамның қол күшімен ашуға икемделген механикалық құралмен жабдықталуы тиіс. Қақпаның жанатын конструкциясы өрттен қорғалуы керек. (арнайы сұйықтықпен немесе өрттен қорғау бояуымен боялады)

341. Қақпаның матадан жасалған тығыздалғышы өрттен қорғау құрамымен өңделіп, ал, жаз айларында алынып тасталады.

Ангар құрылыстары және ұшақ жөндеу ғимаратын жылытуға жанатын пластик және органикалық материалдарды пайдалануға рұхсат етілмейді.

342. Ангарда және ұшақ жөндеу корпусында тұрған барлық әуе кемелеріне екі жерге қосу жасалады. Ол осы Ереженің 293, 294 тармақтарының талабына жауап беруі тиіс.

343. Дәнекерлеу алаңы, доктар, көпір ереже бойынша жанбайтын материалдардан жасалып, оны пайдаланған кезде қажет болғанда әуе кемесінен тез арада әкетілу мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Алаңдарға, доктарға төселген ағаш өрттен қорғау затымен өңделеді. Майланған тақтайлар дер кезінде жаңасымен алмастырылуы тиіс.

344. Ұшақ май ыдысынан босатылғаннан кейін аккумуляторлары алынып, двигательдер тоқтатылғаннан кейін 20 минуттан соң әуе кемесін тұрақ орнына немесе ұшақ жөндеу корпусына алып баруға рұхсат етіледі. Әуе кемесін ұшақ жөндеу корпусына жеткізу кезінде оттегі баллондары алынып, оттегі жүиесі оттегінен босатылуы тиіс.

345. Ангарлар және ұшақ жөндеу корпустарында әуе кемелеріне жақын жерде өрт жайында шұғыл хабарлау үшін тікелей телефон немесе авиа ұйымының

өртке қарсы қызмет күзетімен байланыс жасау үшін кнопкалы электр белгі бергіш қондырғысы орнатылады.

346. Ангар немесе ұшақ жөндеу корпусында тұрған әуе кемелері оларды тез эвакуациялау үшін тіркемеге алу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Гидрокөтергіштерге немесе уақытша шассиге қойылған әуе кемелері соңғы қатарға қойылады. Эвакуациялауға келмейтін әуе кемелері өрт сөндірудің стационарлық қондырғыларымен қорғалады.

347. Әрбір ангар құрылысы немесе ұшақты жөндеу корпусында көрінетін жерге өрт кезінде әуе кемелерін тез эвакуациялау және қорғау жоспары ілінеді.

О н д а :

- 1) өрт күзетін шақыру тәртібі;
- 2) әуе кемелерін эвакуациялау кезегі мен тәртібі;
- 3) эвакуациялауға келмейтін әуе кемелерін қорғау жөніндегі іс-шаралар;
- 4) өрт сөндіруде қолданылатын құралдар және құрылыс конструкцияларын қ о р ғ а у ;
- 5) эвакуациялайтын тіркеме құралдары, олардың тұрған жері және шақыру т ә р т і б і ;
- 6) әуе кемелерін эвакуациялауға қатысатын адамдар саны, жұмыс және жұмыстан бос уақытында оларға хабар беру жолы;
- 7) эвакуацияланған әуе кемелері орналасатын алаң.

348. Өрт кезінде қызметкерлердің іс-қимылын пысықтау мақсатындағы жаттығулар кем дегенде тоқсанына бір рет жүргізілуі тиіс.

349. Жөндеу жұмыстарын немесе қызметті атқарған кезде ангар құрылыстары немесе ұшақ жөндеу корпусындағы әуе кемелері осы Ереженің 3-бөлімінің тәртібіне сай басшылыққа алынады.

350. Ангар құрылыстары және ұшақ жөндеу корпусында төмендегілерге т ы й ы м с а л ы н а д ы :

- 1) антресолдар мен бөлімшелерді жанатын конструкциялар мен м а т е р и а л д а р д а н ж а с а у ғ а ;
- 2) әуе кемелеріне отын және жанар-жағар май құюға;
- 3) двигательдерді іске қосуға, жылытуға және тексеруге;
- 4) майлау жұмыстарын жүргізуге;
- 5) әуе кемесінде дәнекерлеу жұмысын жүргізуге, сондай-ақ ашық отты п а й д а л а н у ғ а ;
- 6) жанар-жағар майларды, бояуларды, ертінділерді сақтауға;
- 7) ұшқын сөндіргіші жоқ автотрактор техникасын кіргізуге;
- 8) қақпа және эвакуацияға арналған есіктерге тосқауыл қоюға;
- 9) двигательдер, желілер және бөлшектерді өрт қаупі бар органикалық ертінділермен жууға.

27-тарау. Жуу және бояу жұмыстары

351. Жуу және бояу цехтары, учаскелері мен бөлімшелері ереже бойынша бір қабатты үйде арнайы жабдықталған жерге орналасады. Осы мақсатқа арналған үйдің сыртқы қабырғасының терезесі, басқа өндірістік бөлімшелерден бөлек, жанбайтын қабырғасы болуы керек. Жуу және бояу цехтарынан басқа бөлмелерге шығу тамбур-шлюздері арқылы жүзеге асады. V040003218

352. Бояу цехтарын ғимараттың жоғарғы қабатына орналастыруға болады. Бірақ, оның қосалқы бөлмелерден бөлек, өртке қарсы қабырғасы, сыртқы шығатын бөлек баспалдағы болуы керек.

353. Жуу және бояу цехтарын үйдің төлесіне, көп қабатты үйдің бірінші қабатына орналастыруға рұхсат етілмейді.

354. Бояу дайындау бөлімдері сыртқы қабырғасында терезесі, шығатын жеке есігі бар және басқа аралас жайлардан жанбайтын қабырғамен бөлінген үйге орналасады.

355. Жуу және бояу цехтарының, сондай-ақ, бояу дайындайтын бөлімдердің едендері жанбайтын, ертіндіге төзімді, ұшқын шығармауы тиіс.

356. Жуу және бояу цехтарының ішкі қабырғаларының екі метр биіктігі жанбайтын материалдан өріліп, ластанған кезде оңай тазалануы керек.

357. Жуу және бояу цехтары, лакпен бояу лабораториясы және бояу дайындау бөлімшелерінің үй-жайлары жеке механикалық ағу-сору желдеткіші, бояу камералары, ванна, қолмен бояу орындары, құрғату камералары, сыртқы қабатты жуу және майдан тазарту учаскелерімен жарактандырылуы тиіс. Бояу цехындағы ауа ылғалдылығы 65-75% шамасында болады. Өрт қаупі бар қоспалар үшін бұл бөлмелерде автоматты газ анализаторлары орнатылады.

358. Жуу және бояу цехтары, лакпен бояу лабораториясы және бояу дайындау бөлімшелеріндегі жылу қондырғыларының сырты жылтыр болып, 95°C артық қызбауы керек. Қатарлы радиаторларды қолдануға рұхсат етілмейді.

359. Жуу және бояу цехтары, лакпен бояу лабораториясы және бояу дайындау бөлімшелеріндегі электр жабдықтары мен шамдар жарылыстан қорғалуы тиіс. Электрлік және кнопкалы электр өрістік қондырғылар жуу бөлімінен тысқары жерге орнатылады.

360. Жуу және бояу цехтары, лакпен бояу лабораториясы және бояу дайындау бөлімшелері, сондай-ақ, бояу ваннасы, камералар, қондырғылар, кептіру камералары өрт сөндірудің автоматты қондырғыларымен жабдықталып, ал, бояу ванналардың өзі жабылатын металл қақпағы болады.

361. Жуу және бояу пехтарының өртке қарсы канализациялары болуы керек. Ол ұстап қалатын құралдармен немесе гидравликалық тетікше-ілгегі бар

аспаппен жабдықталған. Соңғысы бояу қалдықтарынан тұрақты тазартылып тұруы керек.

362. Жуу және бояу цехтары, лакпен бояу лабораториясы және бояу дайындау бөлімшелеріне (баспалдақтарға, үзеңгілерге, арбаларға, доктарға) жылжымалы технологиялық жабдықтар орнатылып соғылған және үйкелген кезде ұшқын шығарудың алдын алатын қондырғымен қорғалуы керек.

363. Жуу және бояу цехтарында, бояу дайындау бөлімшелерінде лак бояйтын лабораторияларда тұрақты түрде тазалық және тәртіп болуы керек. Бөлмені, жабдықтарды және жұмыс орындарын жинау ауысымда бір рет ылғалды әдіспен жүргізіледі.

Төгілген лак бояу материалдарын (осыдан кейін - ЛБМ) және ертінділерді тез арада ағаш ұнтағының көмегімен алып тастап, сумен жуу керек. Еденді жуу қабырғаны және жабдықтарды сүрту өрттен қауіпсіз техникалық жуу сұйығымен жүргізіледі. Осы мақсат үшін өрт қаупі бар органикалық ертінділерді пайдалануға рұқсат етілмейді. Сүртуге арналған материалдар пайдаланылғаннан кейін жабылатын металл жәшікке салынып, әр ауысымның соңында бөлмеден белгіленген орынға шығарылады. Лак бояу материалдарының ыдысы босағаннан кейін цехтан шығарылып, бөлінген арнайы алаңда жабық қақпағы бар ыдысқа салынады.

\$1. Статикалық электр тогынан қорғау

364. Жуу және бояу кезінде токтан зарядтарды алу үшін барлық технологиялық жабдықтар, бояу үрлегіштер. Ертінділер мен лак бояуларына арналған құбыр желілері (иілмелі шлангілер), сондай-ақ, боялатын, жуылатын әуе кемелері, жеке бөлшектер және басқа өнімдер жерге қосылады.

365. Әуе кемесі, жеке бөлшектерді және басқа заттарды жуу және майдан тазарту үшін пайдаланатын өртке қарсы органикалық ертінділерге антистатикалық зат енгізу қажет. Олар сым арқылы жерге қосылған металл оралған таза мақтадан жасалған орамалдармен жуып, майдан тазартылады.

366. Адамдардан статикалық ток зарядтарын алу және оның құрылуын ескерту үшін төмендегілер қажет:

1) жұмысшылар мен қызметкерлер синтетикалық материалдармен, жібектен киім киюіне, сондай-ақ, жүзік, білезік тағуына болмайды;

2) цех алаңындағы жұмысшылар орнына және жұмысқа арналған биіктетілген орынға жерге қосу қондырғылары тартылады; есік тұтқалары, баспалдақтың қолмен ұстайтын жерлері, аспаптардың тұтқалары; жұмысшылар арнайы аяқкиіммен және антистатикалық білезікпен қамтамасыз етілуі керек;

3) жұмысшыларды өздерінен статикалық токты тұрақты шығару үшін

жалаңаш қолдарын жерге қосылған металл заттарға немесе жабдықтарға тигізуге міндеттеу керек. Бірақ, өрт қаупі бар органикалық ертінділерге немесе лак бояуларына жақын жерде емес.

\$2. Жуу және майдан тазарту

367. Әуе кемелерін, шешіліп-алынатын аспаптармен құралдарды және басқа өнімдерді жуу және майдан тазарту өрттен қауіпсіз техникалық жуу құралдарымен жүзеге асырылады. Өрт қаупі бар органикалық ертінділерді ерекше жағдайда, техникалық талапқа сай басқа ертінділерді қолдану мүмкін емес жағдайда пайдалануға болады. Жуу және майдан тазарту кезінде осы Ереженің 294-301 тармақтарының талаптары сақталуға тиіс.

368. Жуу және майдан тазартуға арналған затты дайындау арнайы жабдықталған немесе ашық алаңда жүргізіледі.

369. Бөлшектерді жуу және майдан тазарту төменнен ауа соратын арнайы жабдықталған орындарда немесе тарту желдеткіші орнатылған үстелде немесе осындай шкафтарда атқарылады. Жуу алаңындағы үстелдер және тарту шкафтары жоспар бойынша белгіленген жерге орнатылады. Үстелдің беті түсті металдан жасалып, жерге қосылады.

370. Әуе кемесінің жоғарғы жағын жуу және майдан тазарту кемінде екі мақта матадан жасалған орамалдармен бір шаршы метрден астам алаңда бір мезгілде жүргізіледі. Жұмысқа пайдаланылмаған орамалдар жерге қосылған қабаттың үстіне жатады. Фюзеляждың ішін майдан тазартатын ертінді сынбайтын, сиымдылығы 2 литрден аспайтын тығыз жабылған ыдыста сақталуы т и і с .

Әуе кемесінің сыртын жууға пайдаланылатын жуу ертіндісінің сиымдылығы 5 литрден аспауы керек.

\$3. Бүрку әдісімен бояу

371. Азаматтық авиация ұйымдарының қоймасына түскен барлық лак бояу материалдарының сертификаты немесе құжаты болуы керек. Онда оның химиялық құрамы көрсетіліп, бояу дайындау бөліміне әкелінетін лак бояу материалдарының ыдысында дәл атауы ілінген мәлімет қағаз болуы керек.

372. Бүрку әдісімен лак бояу материалдары орталықтан жіберілетін арнайы бояу камераларында жүргізіледі. Бояу араластыратын ыдыс бояу камерасынан алыс жерде тұрады. Лак бояу материалдарын беру кезінде сығымдалған ауа қысымы манометрмен бақыланады, оның мөлшері белгіленген, технологиядан а с п а у к е р е к .

Бояу камераларының жергілікті желдеткіші лак бояу материалдарын

орталықтан беру қондырғысымен бекітілуі тиіс. Егер желдеткішті сөндірген жағдайда лак бояу материалдарын беру тоқтатылады.

373. Пневматикалық үрлеу кезінде лак бояу материалдары және ауа жылыту қондырғысы жарылыстан қорғалып, редуктормен және қорғаушы клапанмен жабдықталады. Қажетті температуралық режим автоматты түрде ұсталады.

374. Ірі көлемді өнімдер бояу камераларына сыймаса, олар бояу цехының арнайы жабдықталған учаскесінде жүргізіледі. Ол өнімнің көлеміне қарай еденнің астына орналасқан және қосымша жергілікті сору құралы бар арнайы тормен қамтамасыз етілуге тиіс.

375. Бүркіп бояу жерден сорылатын ауа түзелген бояу аэрозолынан "ылғал" әдіспен тазартылады. Бояу бүріккіштері мен шлангаларды ауысым аяғында лак бояу материалдары қалдықтарынан жуып, тазалау керек. Бояу камералары қатып қалған бояудан аптасына бір рет тазартылады. Гидросүзгілер ванналары бояудың жинақталуына қарай қатып қалған бояудан аптасына бір рет, ал, судың бетінде жүзіп жүрген бояудан ауысымына бір рет тазаланады.

\$4. Жоғары кернеулі электрстатикалық алаңда бояу

376. Жоғары кернеулі электрстатикалық алаңда бояу ұшқынның алдын алатын қондырғымен жабдықталған арнайы электр бояу камерасында жүргізіледі. Ол жоғары кернеу көзінен ажыратылып, автоматты алдын ала ескертетін сигнал орнатылады. Электрмен бояу камералары жабық автоматты ток бәсеңдеткіштермен және жоғары кернеулі вольтті ажыратқаннан кейін жоғары вольтті құрал-жабдықтардан қалдық зарядты алып тастайтын қол ток бәсеңдеткіштерімен қамтамасыз етіледі.

377. Электрмен бояу қондырғысының желдеткіштің тоқтап тұрған кезінде бүрку қондырғысының қосылуына жол бермейтін қорғаушы блокировкасы болады.

378. Электрмен бояу камераларындағы желдеткіш ауа көлемі бу-ауа қоспасындағы бу еріткіштерін қосып-қарастыру үшін жеткілікті болуы керек. Ол жарылыстың төменгі шегінен 20% аспауы қажет.

379. Конвейердің ішіндегі затқа арналған аспалы конструкция конвейердің жұмысы кезінде боялатын өнімнің шайқалуына жол бермеуі керек. Заттар конвейерге дұрыс қойылмаған жағдайда қондырғыны өшіріп барып дұрыстау керек.

380. Электрстатикалық алаңда бояу үшін пайдаланылатын лак бояу материалдары электрлік параметрлері (салыстырмалық, көлемдік, қарсылау және диэлектрлік өту) тексергеннен кейін қондырғыға орталықтан түсуі тиіс.

\$5. Батыру әдісімен бояу

381. Батыру әдісімен бояу арнайы ваннада жүргізіледі. Ваннаның көлемі 0,5 текше метр болып, борттық сору және мықты жабылатын қақпақпен жабдықталады. Ванналар жұмыс үзілісі кезінде де міндетті түрде жабық болуы тиіс. 0,5 текше метрден астам бояу ванналарын қолдануда олар желдеткішпен жабдықталған арнайы камераға жасырылады, ал, бір текше метрден астам ванналарда, сондай-ақ, лак бояу материалдарын апаттық төгу көзделіп, жер асты резервуары ғимараттың қабырғасынан және қабырғада тесік болса 5 метр қашықтықта цехтың сыртында орналасады. Резервуардың сыйымдылығы ваннадағы барлық бояуды құюға мүмкіндігі жететіндей болуы керек. Бояуды ағызып құю ваннадан резервуарға дейінгі еңістеуқұбыр арқылы жүзеге асырылады. Барлық бояу 3-5 минутта резервуарға құйылатындай есеп жасалуға тиіс. Ағызу құбырының автоматты тетігі болуы керек. Ол автоматты өрт сөндіру қондырғысы іске қосылғанда ашылады.

382. Көлемі 0,5 текше метрден астам ванналарды желдету төменгі жарылу көрсеткіші 20 пайыздан аспайтын ертінді буларын қажетті мөлшерде қосу үшін ыдыста ауа алмасуын қамтамасыз етеді.

Конвейерге батырғанда желдеткіш конвейерге бекітіледі, бұл желдеткішті тоқтатқанда соңғысын тоқтату мақсатында жасалады.

383. Көлемі бір текше метрден астам батыру ванналарында лак бояу материалдарын араластыру механикаландырылуға тиіс.

\$6. Әуе кемелерін бояу

384. Әуе кемелерін бояу осы Ереженің 351-363 тармақтарының талабына және басқа да нормативті құқықтық актілерге сәйкес ангарлардың бояу цехтарында жүргізіледі. Бояу цехтары жалпы ағу-сору желдеткішінен басқа апатты және жергілікті сору желдеткішімен жабдықталады. Азаматтық авиация ұйымдар бояу цехтары болмаса, әуе кемелері ашық ауада осы мақсат үшін арнайы бөлініп, жабдықталған алаңда жүргізіледі.

385. Бояу алаңында цехтың автоматты өрт сөндіру жүйесі, сондай-ақ, ангар құрылыстары қақпаларының жұмыс істеуі тексеріледі. Өрт сөндіру жүйесі немесе қақпалар жұмыс істемесе, бояу жұмыстарына тыйым салынады.

Әуе кемелерін бояу кезінде ол цехта немесе ашық ауада жүргізілгеніне карамастан осы Ереженің 294-301 және 364-366 тармақтарының талабы сақталуы тиіс. 1-3 кластағы әуе кемесін бояған кезде цех (ангарлық құрылыс) алдында жүргізушісі бар тягач кезекшілік етеді.

386. Бояу цехында (ангар ғимаратында) бір мезгілде тек бір әуе кемесін бояуға рұқсат етіледі. Әуе кемесінің ішкі және сыртқы бөлігінде бір мезгілде екі және одан көп әуе кемелерін бояу қажеттігі туындаса, ол жанбайтын кедергілері бар бөлек бөлмеге орналастырылады.

387. Әуе кемесіндегі бояу жұмыстары бөлімшелер бойынша учаскелерге бөлінуі керек. Бояу жұмыстарын негізгі эвакуациялық шығу есігінен алыстау бөлімде бастау керек.

388. Әуе кемесінде бояу жұмыстарын жүргізген кезде тыйым салынады:

- 1) бірнеше бөліктерде бір мезгілде жұмыс істеуге;
- 2) әуе кемесінің ішкі және сыртқы жағында бір мезгілде жұмыс істеуге;
- 3) желдеткіш қондырғысы жеңін негізгі көшіру есігі арқылы кіргізуге.

\$7. Кептіру процесі

389. Боялған бұйымдарды кептіру үй-жайдағы кептіргіштен еріткіш ластанған будың, камерада жарылған жарылғыш қауіпті және ауа шығуына кедергі келтіруші концентраттардың түзілу мүмкіндігін болдырмайтын, желдеткішпен жабдықталған арнаулы кептіру камераларында атқарылуы тиіс. Кептіру камераларында ауаның рециркуляциясына жол беріледі, бұл үшін кептіру камераларының жұмыс кеңістігіндегі еріткіш концентрациясы жарылыстың төменгі шегі 50% аспауы тиіс, кептіру камералары сақтандырғыш мембраналармен жабдықталуы тиіс. Нитро-эмальмен бірге, перхлорвинилді эмальмен боялған бұйымдарды табиғи кептіру боялған жерде немесе жергілікті сору желдеткішімен жабдықталған шкаф пен камераларда жүргізіледі.

390. Кептіру камералары жанбайтын материалдармен жылы оңашаланған болуы, камера қабырғасының сыртқы беті 45 ° С аспауы тиіс. Кептіру камерасының қыздырғыш аспаптары боялған бұйымдардың тиюінен және оларға боялған бұйымның лак бояу материалдары тамшысы түсуінен қорғалуы қажет. Кептіру камераларын электрмен қыздырғанда ашық спиральді немесе камера ішінде электр контактісін қолдануға рұқсат етілмейді. Кептіру камерасының температурасын және газ-ауа режимі байқауға қолайлы жерде орналастырған өлшеу аппаратурасымен бақыланып отырылады. Кептіру камерасындағы температура автоматты түрде реттеледі.

391. Кептіру камерасы бояу цехына жақын орналастырылады. Бояу және кептіру камераларының аралық учаскесі конвейермен жалғастырылып, үсті жабылады. Паналайтын жердің бүйір қабырғалары кептіру камераларынан 0,5-0,7 м. жерде болғаны жөн.

392. Кептіру үдерісінде конвекциялық және терморрадиациялық кептіру камералары қолданылуы мүмкін. Бұл камералардың желдеткіш қондырғылары

жылу беру және жылу беруді тоқтату, желдеткіш ажыратылғанда тоқтату, конвейерді тоқтату мақсаты үшін автоматты түрде блокталуы тиіс.

393. Кептіру үдерісінде тыйым салынады:

1) кептіру камерасын электр-жылу жабдығы немесе байқау-өлшеу аспабы ақаулы болғанда пайдалануға;

2) белгілі технологияны бұзып, кептіру камераларында бұйымдардың болу уақытын ұлғайту немесе температура режимін көтеру;

3) лак-бояу материалдары артық болып тұрғанда бұйымды алдын ала сықпай кептіру.

394. Азаматтық авиация заводында жуу-бояу жұмыстары үшін арнайы жабдықталған орын болмағандықтан бұл жұмысты ерекшелік ретінде ұшақ жөндеу корпусында арнауы бөлінген және тиісті түрде жабдықталған алаңқайда атқаруға болады, бұл үшін мына қосымша талаптар орындалуы тиіс:

1) осы жұмыстарды жүргізу үшін жазбаша рұқсатнаманы міндетті түрде рәсімдеу (беру немесе жіберу наряды);

2) жұмыс уақытында өрт посты кезекшілігін қою, сондай-ақ, жұмыс жүргізілетін орынды өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, бұл үшін өрт сөндіру крандарының жеңі (шлангысы) тарқатылып, қолдануға әзір тұруы тиіс;

3) аталған жұмыстарды тек шассиге орнатылған буксирмен қамтамасыз етілген әуе кемесінде жүргізу;

4) жұмыс басталар алдында жабық орын құрылыстарының (доктың) қақпа электр жабдықтары жағдайын тексеру олардың ашылуын байқап көріп, сондай-ақ әуе кемесінің, доктың барлық жерге қосу құрылғыларының, желдеткіш қондырғылары мен өзге де технологиялық жабдықтарының кедергілерін өлшеу;

5) жуып кетіру-бояу жұмыстарын жүргізу кезінде тек жарылыстан қорғайтын электр жабдықтарын пайдалану;

6) ұшақ жөндеу корпусындағы әуе кемесінде аталған жұмысты атқарғанда өзге жұмыстардың бәрі тоқтатылуы, бұл ауданда көлік құралдарының жүруіне тыйым салынуы тиіс;

7) әуе кемесінің эвакуациясы жолында бөгде заттар, жабдықтар және өзге әуе кемелері болмауы қажет;

8) жұмыс орны жеңіл алынатын қоршаумен қоршалуы және тыйым салатын: "Бөгде адамның кіруіне болмайды", "Сақтанымдар отқа қауіпті жұмыстар жүргізілуде" деген белгілер орнатылуы керек;

9) жұмысқа соның алдында ғана арнаулы нұсқау алған адамдар жіберіледі. Жұмыс лауазымды адамның (шебердің) тікелей бақылауымен жүргізілуі тиіс.

§8. Саңлауларды бекіту, сумен сынау және сумен айдау

395. Саңлауларды бекіту, сумен сынау және жоғары өрт қауіптілігі операциясы болып табылатын оның бөлігінің саңлаусыздығын тексеру осы Ережедегі 294-301 және 364-366 тармақтардың талаптарын қадағалау арқылы жүргізілуі тиіс, ал бұл жұмыстар атқарылатын үй-жайлар осы Ереженің 302-314 тармақтарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

396. Герметиктерді дайындау шкафтың ашық ойығында кемінде 0,6 м/с ауа қозғалысы жылдамдығын қамтамасыз ететін желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда герметиканы арнаулы герметикалық қоспалауыш аппаратта немесе сорып алатын шкафта дайындау қажет. Саңлауды бекіту жұмыс орнында дайындауға немесе сұйылтуға рұқсат етілмейді. Герметиктерді дайындау бөлімшесінде бір ауысым қажетінен аспайтын негізгі материалдарда және еріткіштерді металл шкафтарда сақтауға болады.

397. Герметиктер жұмыс орнына жақсы жабылған ыдыспен жеткізіледі, ал оның саны жарты ауысымдық қажетке жететіндей болуы тиіс. Бөлімдерді (кессондарды) құю тәсілімен майсыздандыру және герметиктеуде олар еріткіштермен толтырылуы немесе құбыр жүйесі бойынша орталықтандырылған ә д і с п е н жү р г і з і л е д і .

Герметиктерді бүрку әдісімен жұқтыру жанбайтын материалдардан дайындалған және сору желдеткішімен (бояу камерасы типті) жабдықталған жеке үймереттегі арнаулы камерада атқару қажет. Герметиктерді сыйымдылық ішінде қолмен түсіру осы Ереженің 307-тармағының талаптарын сақтай отырып орындалады.

398. Герметиктерді конструкцияларда желімдеу және кептіру камераларында қыздырылған ауаны үрлеу арқылы немесе 70 ° С аспайтын температурадағы бейтарап газбен атқару қажет, еріткіштердің буының кептіру камерасы мен әуе кемесі агрегаттарының еріткіштердің буының жұмыс кеңістігі ауасында жинақталуы төменгі шегінің 50% аспауы тиіс. Тез тұтанатын сұйықтық буының жинақталуына бақылау жасау автоматты газ анализаторы арқылы жүзеге асырылалы.

399. Әуе кемесі жанында герметиктеу бөліміне кірер жерде жарық таблосы немесе "Назар аударыңыз! Бөлімді герметиктеу жүріп жатыр. Жарылыс қауіпті" деген жазуы бар транспорант ілінуі қажет.

400. Әуе кемесі ішінде жұмыс істеуші мыналармен қамтамасыз етілуі тиіс: Өзі жұмыс істеу үшін ток өткізетін резинадан жасалған кілемшемен; көлемі 1.5x1.5м асбест жамылғысымен, 0,2л аспайтын сыйымдылықтағы герметик пен және 0,5л аспайтын сыйымдылықтағы еріткішпен; мақта-мата кездемесінен

алынған екі-үш орамал, пайдаланылған сүрткіштерді жинау үшін қақпағы тығыз жабылатын банка салынған металл жәшік.

401. Әуе кемесінің герметиктелетін учаскесін, герметик ыдысын тазалау механикалық тәсілімен жүргізіледі. Ерекшелік ретінде оларды антистатикалық присадок қосылған еріткішпен тазалауға рұқсат етіледі, бұл үшін барлық өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы тиіс.

402. Герметиканың бүкіл қалдығы, пайдаланылған орамалдар қақпағы тығыз жабылатын металл сыйымдылыққа салынып, әр ауысым сайын міндетті түрде үй-жайдан әкетіп отырылады.

403. Әуе кемесінің герметиктелуін сынағанда бұйымдар мен агрегаттарды жұмыс сұйықтығымен жууда антистатикалық қосынды қосылуы тиіс, ал жұмыс орны апатты жағдайда төгілген отынды жинап, тез алып кетуге мүмкіндік беретін қондырғымен жабдықталуы керек.

404. Герметиктеу сынағы алдында отын бөлімі металл жоңқа мен кірдің бар-жоғына көз жеткізу үшін тексеріледі. Сынақ өткеннен кейін отын бөлімі технологиялық құжаттағы белгімен инертті газға толтырылуы тиіс.

405. Цехтарда, бөлімшелерде және учаскелерде отын үшін аралық шығыс ыдыстары құрылғыларының саңлаусыздығын, гидросынауды және шайқалуын бақылауға рұқсат етілмейді.

406. Арматуралық шлангыны сынаумен байланысты монтаждау жұмыстары оңашаланған үймеретте жанбайтын, ұшқын шығармайтын материалмен қапталған жұмыс тобында және түсті металдан жасалған аспаппен жүргізілуі тиіс

407. Гидросынаудың жұмыс орнында жұмыс сұйықтығы температурасын қысымды және үй-жайдың қаншалықты газданғанын бақылайтын аспаптар қойылуы керек. Байқау учаскесіне кірер жерде ескерту белгісі ілінуі немесе " Назар аударыңыз! Сынау жүріп жатыр. Жарылысқа қауіпті" деп жазылған жарық табло орнатылуы қажет.

408. Технологияда көзделген жұмыс сұйықтығын қыздыру, сынау қондырғысы орнатылған үй-жайдан оқшауланған шығыс бағында жүргізіледі. Шығыс багінде майды бактың тік қабырғасындағы құбырлы электр қыздырығышымен қыздыруға рұқсат етіледі. Отынды қыздыру бу мен ыстық су көмегімен атқарылады.

Қыздыру багіндегі жұмыс сұйықтығының температурасы мен деңгейі технологиялық үдерісте көзделген көлемнен аспауы тиіс. Шығыс багінде технологиямен белгіленген температураны автоматты түрде ұстап тұратын қондырғы болуы қажет.

409. Қозғаушы агрегаттарын сынау учаскесінде өрт қауіпсіздігі мына талаптармен айқындалады:

1) учаске үй-жайы және сынау стендісінде ауа келу-сору желдеткіші болуы, барлық жабдық жерге қосылуы және жарылыс қауіпсіздігіне орай орындалуы тиіс ;

2) стенділік үй-жай көпіршікпен сөндіру, телефон байланысымен немесе өрт командасымен сигнализация арқылы хабарласу қондырғысымен жабдықталуы керек ;

3) барлық сынау стенділері орталықтандырылған толтыру және арнаулы сиымдылыққа апаттық майды түсіру жүйесімен жабдықталуы қажет;

4) бензин агрегаттарын сынау стендісінде жұмыс істегенде мыспен қапталған аспапты пайдаланған жөн ;

5) сынау учаскесіндегі жұмысшылар тығыз матадан тігілген таза арнаулы киім киюі керек, кейін бұл киімдер жуылып, химиялық тазартылып тұрады.

§9. Гальваникалық жұмыстар

410. Гальваникалық цехтарда (учаскелерде) майсыздандыру, жуу, сусыздандыру, дакапирлеу (тазарту), гидрофобизация, турбинаның жұмыс күрегінен күйдірмені кетіру, тез жанатын сұйықтықты қолдану арқылы арнаулы қабатты жағу жұмыстарын жүргізгенде гальваникалық цехтарда (учаскелерде) осы Ереженің 304-311 тармақтарындағы талаптар сақталуы тиіс.

411. Батыру арқылы тетікке гидрофоб қоспасын жаққанда ванна жерге қосылады, педаль көмегімен қақпақты жабу қамтамасыз етіледі және борт бөлігімен жабдықталады. Ванна борттары түсті металмен қапталады.

412. Химиялық және электролиттік майсыздандыруға, ваннадағы ерітінді үсті майдан, құмнан және көбіктен тазартылып отырылуы керек. Бұл газ жарылысынан сақтайды. Бұл үшін ваннада арнаулы құю қалта болуы тиіс.

413. Гальваникалық ванналармен өңдеу ванналары жергілікті механикалық сорғышпен қамтамасыз етілуі қажет.

414. Ауысымда бір мәрте өңдеу ванналарына сутектің бөлінуін азайтатын арнаулы үстемелеу енгізіледі.

415. Гальваникалық ванналардағы токтың тығыздылық мөлшері салынған тетік санына сәйкес болуы керек.

416. Гальваникалық ванналар жерден оқшаулануы, ал пайдаланылған электролитке арналған жинақтау бағы жерге қосылуы тиіс.

417. Галванбүркеуге жатпайтын тетіктер учаскесін оқшаулау өрт қауіпсіздігі тәсілімен (полихлорвинилді изолятор таспасымен) жүргізілгені жөн. Бұл мақсатқа лакты қолданғанда өрт қауіпсіздігінің қажетті шаралары сақталуы қажет.

418. Сусыздандыратын, майландыру және консервациялар ванналары май тұтанған жағдайда ауа кірмес үшін тығыз жабылатын қақпақпен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ, термореттегіш ақаулы болғанда қызуды автоматты термореттегіш және аспаппен ажыратылуы тиіс. Ванналар жергілікті сорғыш желдеткішпен жабдықталады. Тетіктер салынғаннан кейін ваннадағы май деңгейі ваннаның ернеуінен төмен кемінде 0,2 метр болуы қажет.

419. Сусыздандырылғаннан, майландырылғаннан және консервацияланғаннан кейін сұйықтық ағу үшін тетік астынан арнайы қондырғы (науа, қаңылтыр таба) қойылады.

420. Ажарлау және жалтырату жөніндегі операциялар жүргізілетін тетікті бүркеу кезінде фетр, киіз және металл тозаңдары бөлінетін үй-жай оқшаулануы, жабдықтардың жергілікті сору қондырғылары болуы, ал конструкция мен жабдыққа қонған жарылысқа қауіпті тозаң үнемі тазартылып тұруы қажет.

421. Хром ангидридін тек саңлаусыз жабылған темір барабанда сақтауға болады. Ал, оны беру керек болса, тұтас барабанмен ұсынылады. Аз мөлшерде босатқан жағдайда қоймадан тыс барабан ашылып, өлшеніп беріледі.

422. Сусыздандыруға қолданылатын майдың кемінде екі күнде бір оталу температурасы көлемін тексеру қажет. Майдың тұтану температурасы 220-230 °С кем болмауы тиіс.

423. Тез жанатын сұйықтық пен жанатын сұйықтық қышқылдың, химикаттың және басқа материалдардың ауысымдық қоры сақталатын қойма жанбайтын оқшауланған үй-жайда орналасуы және заттар мен материалдарды бірге сақтау талаптары сақталуы қажет.

424. Жарылғыш зат, қоспа және тұтану болмас үшін тыйым салынады:

1) хром ангидридін тез тұтанатын сұйық май, жанар-жағар май, лак бояу материалдары және сірке қышқылымен бірге сақтауға;

2) хром ангидридін аэролак, нитробояу, нитрожелім босаған бидонға салуға;

3) хром ангидридін механикалық уату жолымен ұнтақтауға хром ангидридін тұтас барабанмен ерітуге болады;

4) хромпикті органикалық материалдармен (сүрткіш, жоңқа, ағаш ұнтағы) сақтауға;

5) сутек асқын тотығының саны қанша екеніне қарамай кез-келген тез тұтанатын сұйық май, жанар-жағар май және алюминий, магний металл ұнтақтарымен және олардың балқымаларымен бірге сақтауға;

6) сірке және құмырысқа қышқылын өзге де қышқылдар және материалдармен бірге сақтауға;

7) металды егеумен, металл щеткасымен немесе басқа да ұшқын шығарушы аспаптармен тазалауға.

425. Детальдарды циандау (ажыратып алу) жеке оқшауланған үй-жайда атқарылады. Ағын үшін жабылатын қажетті ойықты қалдыра отырып, жанбайтын тұтас қоршауды міндетті түрде құру арқылы гальваникалық цехта (учаскеде) циандау жүргізуге рұқсат етіледі.

426. Циандау үй-жайында жанатын сәкі, сөре, ағаш шкаф пен үстел қоюға тыйым салынады. Үй-жай жеке сору желдеткіш қондырығысымен жабдықталуы тиіс.

427. Циандау ертіндісі бар ваннаны қышқыл ваннасымен бірге қоюға, сондай-ақ, қышқылды циандайтын үй-жайда сақтауға тыйым салынады.

428. Хром ангидридi салынған барабан мен цианист тұзы ыдысын екпін түспейтін аспаппен ашады.

429. Гидрофобтық сұйықтық ВК-7 желімі және басқа өртке қауіпті сұйықтықтар және қоспалармен жұмыс жасағанда қолданылатын қол аспабы ұшқын шығармайтын материалдан әзірленуі тиіс.

430. ВК-7 желімі негізінде детальға масса жағу жергілікті брот сорушы жабдықталған, төменнен немесе үстелден ауа соратын арнаулы жабдықталған орында жүргізілуі қажет.

431. Гидрофобтық құрамды бүрку тәсілімен қондыруда бүкіл жұмыс арнаулы жабдықталған камераларда атқарылуы тиіс.

28-тарау. Ағашпен, пластмассамен және желіммен жұмыс істеу

432. Ағаш өңдеу цехтарының технологиялық жабдықтарын, жылу аспаптары мен электр жабдықтарын ағаш шаңнан, жоңқалардан және жанатын өзге де материалдардан ауысымда кемінде бір рет, ал құрылыс конструкциялары мен электр шырақтарын кемінде екі аптада бір мәрте тазалап тұру қажет. Қалдықтарды кетіру үшін ағаш өңдеу станоктары жергілікті сорғыштармен жабдықталған жөн. Желдеткіш пен пневматикалық көлік жүйелері ажыратылған жағдайда станоктардың жұмыс істеуіне тыйым салынады. Шаң жинағыш камералар мен циклондар үнемі жабық болғаны дұрыс. Оларда жиналып қалған ағаш ұнтақтарын уақтылы тазалау керек. Циклондарға салмақ түсіру және өндіріс қалдықтарын үйіп-төгіп орынды ластандыруға рұқсат етілмейді.

433. Желімді бумен немесе қауіпсіз электр аспаптарымен балқытуға болады. Желім қайнатқышты оңаша бөлмеге немесе осы үшін арнайы жабдықталған қауіпсіз орынға орналастырған абзал.

Синтетикалық шәйірлер мен тез жанатын еріткіштерден жасалғандықтан желім онша жанбайтын қоймаларда немесе металл жәшіктерде сақталуы тиіс.

434. Ағашты петролатумде кептірген кезде сұйық сыртқа төгілмеуі үшін бакқа петролатум құю мына есеппен атқарылуы тиіс, яғни ағаш салынғанда сұйық деңгейі бактың үстіңгі жиегіне дейін 60 см аспауы керек. Петролатумның көпіршуін кемітемін деп оған мұз бен қар жамылған ағашты салуға әсте болмайды, яғни рұхсат етілмейді. Петролатум ванналары орнатылған үй-жайлар ауа келетін-тарататын желдеткіштермен жабдықталады.

435. Ағашты жоғары жиіліктегі токпен кептірген кезде ұшқын шашырауын болдырмау үшін электродтар түзу болуы және олар ағашқа дұрыс кигізілуі тиіс. Кептірудің бұл тәсілінде кептіру камерасының есіктері (қақпалары) электродқа кернеулі ток беретін қондырғымен қоршалады.

436. Инфрақызыл сәулелермен әрбір кептірген сайын, кептірілетін материалдың түріне және қуатқа байланысты сәулелендіретін көзден кептіруші бұйымның үстіңгі жағына дейін ең аз ара қашықтық белгіленеді.

437. Радиациялық үлгідегі кептіргіште бұйымдар тоқтаусыз кептіріліп жатқанда конвейер шұғыл тоқтаған кезде қыздыру жүйесінің автоматты түрде ажыратылғанын ескерген жөн.

438. Әрбір кептіргіш камераға материалдар толтырудың шекті мүмкін нормасы және температурасының шекті мүмкін жұмыс тәртіптемесі белгіленеді. Кептіру камераларының температуралық тәртіптемесін ұстау температураның автоматты реттегішімен жүзеге асырылады. Ағаш материалдарын кептіру камераларын стационарлық қондырғылармен немесе өрт сөндірудің автоматты жүйелерімен жабдықтау керек.

439. Ағаш өңдеу цехтарында:

1) ауысым қажеттілігінен артық ағаш материалдарын сақтауға. Кесілген материалдарды сақтау үшін арнаулы орын белгіленуі тиіс;

2) жұмыс аяқталғаннан кейін жиналмаған дайын өнімдерді, жоңқаларды, ағаш үгінділерін, ағаш шаңдарын, майды, олифті, лакты, желімдерді және басқа да жанатын сұйықтар мен материалдарды, сондай-ақ электр қондырғысын кернеулік токқа қалдыруға тыйым салынады.

440. Цехтар мен пластмассадан, соның ішінде органикалық шыныдан тетіктер әзірлейтін және жөндейтін учаскелер үй-жайы кемінде II дәрежелі отқа төзімді ғимараттарда орналастырлуы және өзге цехтардан өртке қарсы қабырғалармен оқшаулануы қажет. Бұл цехтарды, сондай-ақ негізгі шикізаттарды, полимерлік және тез жанатын басқа да материалдарды сақтауға арналған қоймаларды жертөле және жартылай жертөле қабаттарда орналастыруға рұхсат етілмейді.

441. Өндірістік үй-жайлардың қабырғалары, төбелері және басқа да ішкі конструкциялары тегіс, тез тазаланатын болуы тиіс. Есік сыртқа қарай ашылатындай болуы және өздігінен жабылатын құрылғымен жабдықталғаны жөн. Шаңды көп бөлетін өндіріс орналасқан үй-жай стационарлық немесе

жылжымалы шаңсорғыш қондырғы көмегімен тазартылуы және әлсін-әлсін бұлғалды жиыстырылуы қажет.

442. Пластмассамен жұмыс істегенде анағұрлым өрт қауіпі бар операциялар:

- 1) байланыстыратын және желімдейтін құрылымдарды әзірлеу;
- 2) майсыздандыру, матаға май сіңіру және жабыстырушы лента;
- 3) тарту және таблеттеу;
- 4) механикалық өңдеу болып табылады.

Бұл операциялар жүргізілетін үй-жай өзгелерінен оқшаулауы тиіс.

443. Технологиялық жабдықтар: жұмыс барысында оталғыш және жарылғыш заттар (газ және шаң тәрізділерді) бөлетін қанықтыратын қондырғылар, термопештер, кептіру камералары, механикалық станоктар жергілікті сору қондырғылармен қамтамасыз етілуі қажет. Механикалық жабдық пен кескіш аспап кесу аймағынан шаңды тікелей соратын жабдықтармен жарактандырылуы керек. Жұмыс үстінде қауіпті оталғыш шаңды көп шығаратын жабдықтар мен аппараттар (ротор машиналары, таблеттік машиналар) герметикамен атқарылғаны жөн.

444. Технологиялық жабдықтар станицасын, электр двигательдерін, электраппаратураны, электрмен жылытатын қондырғылардың конструкциялық бөліктерін, сондай-ақ кернеуде болып қалуы мүмкін металл бөлшектерін жерге қосу қажет. Қанықтырғыш машиналардың орауыш қондырғылары статикалық электр зарядтарын айыратын тетікпен жабдықталуы керек. Металл емес материалдардан (резина сияқтылар, текстолиттер, асбест) жылу қорғау жамылғылары енгізілетін үстелдер мен сору шкафтары ток өткізетін материалдардан дайындалып, жерге қосылады.

445. Тетік үстін майсыздандыру жөніндегі жұмыстар, нысанды сығымдағыш, оправа осы Ереженің 367-369 тармақтарындағы талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс

446. Отын шыныдан жасалған дайындаманы жылыту калориферден ыстық ауамен қыздыратын термошкафтарда өткізілуі керек. Жылытқыш камерадағы температура автоматты түрде тиісті деңгейде ұсталады. Қыздыру үшін ашық электр спиральды әйнекті, сондай-ақ төменгі электр жылытқышты пайдалануға болмайды. Электркалиферлерді қолдануға тек қауіпсіз атқарылса ғана рұхсат етіледі.

447. Желімдеу жұмыстары учаскеде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамның басшылығымен жүргізілуі тиіс. Желімдеу жұмыстары атқарылатын үй-жай оталғыш қауіпті заттармен жұмыс істеу талабын қанағаттандыруы қажет.

448. Желім жұмыстары өндірісімен байланысты учаскелердегі өрт қауіпсіздігі мына талаптармен айқындалады:

1) желіммен анағұрлым қарқынды жұмыс істеген уақытта бұл үй-жайлардың ауа ортасы жарылыс диапазонынан тыс болу үшін учаске ауа айналымын қамтамасыз ететін ауа келу-сору желдеткішімен жабдықталуы тиіс;

2) учаскедегі бүкіл электр жабдығы жарылыстан қорғалатындай орындалуы тиіс ;

3) учаскедегі желімдер мен майсыздандырылатын материалдар саны ауысым қажетінен аспағаны жөн ;

4) желімдер және тез оталғыш сұйықтар беті жабық, сынбайтын ыдыстарда ұсталуы қажет ;

5) желімдеу жұмыстары жүргізіліп жатқан үй-жайдың өндірістік жабдықтары барлық жағдайда да ұшқын шығаруын болдырмайтын соғылуға қарсы қозғалыста болуы тиіс ;

6) желім қосындыларын (композицияларын) дайындау жабық герметикалық аппараттарда жүргізілуі қажет ;

7) желім композицияларын жағу ереже бойынша арнаулы жабдықталған тозаңдатқыш камераларда механикаландырылған тәсілмен жүргізілгені жөн ;

8) желім композицияларын қолмен (баяу жаққышпен, штапельмен) жағу үшін желім жұмыс орнына цехтағы тарататын қоймадан дайын күйінде арнаулы герметикалық ыдыспен жеткізілуі керек. Жұмыс орнында желім әзірлеуге немесе сұйылтуға рұхсат етілмейді ;

9) желіммен жұмыс істегенде қолданылатын жұмысшы аспабы ұшқын шығармайтын материалдан әзірленуі қажет ;

10) түскі үзіліс кезінде, желім жағу жұмысы біткенде және ауысым аяқталғанда желімнің қалдығын, тез тұтанғыш сұйықтықты, сондай-ақ баяу жаққыш пен желіммен ластанған басқа да материалдарды (салфетка, тампон) міндетті түрде арнаулы бөлінген орынға жинау керек.

449. Әуе кемесі ішінде желімдеу жұмыстары осы Ереженің 296-301 тармақтары талаптарын орындаған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

29-тарау. Резеңке-техникалық бұйымдармен жұмыстар

450. Резеңке техникалық бұйымдармен (осыдан кейін РТБ) жұмыс кезінде өртке қарсы әсіресе қауіптісі мына операциялар болып табылады:

1) резеңке желімін дайындау ;

2) маталарды резеңкелеу (матаға резеңке қоспасын сіңіру) ;

3) қанықтыру жұмыстары .

Бұл жұмыстар жүргізілетін ғимарат кемінде II дәрежелі отқа төзімді болуы, ауа кіретін-тарататын желдеткіш болуы тиіс, ал технологиялық жабдықтар:

қанықтыру қондырғысы, кесетін аспап, кептіру камералары жергілікті тартқыш қондырғылармен жабдықталған болуы керек. Үй-жайда жарылғыш қауіпті қоспалардың жинақталуынан сақтандыру үшін автоматты газанализаторлар орнатылады. Үй-жай сәкісі ток өткізгіш, тазалауы жеңіл антистатикалық материалдардан болуы қажет.

451. Ғимараттың бүкіл металл бөліктері құбырлар, желім араластырғыштар, желім ерітуге арналған ыдыстар, резина пішуге және желім жағуға арналған үстелдер тиянақты түрде жерге қосылуға тиіс. Қанықтыру машиналарының орау қондырғыларында статикалық электр зарядтарын айыратын құрал болған жөн. Майсыздандыру үшін қолданылатын сүрту шүберектері мен желім жаққыш құрамында синтетикалық материал болмауы тиіс. Резеңке-техникалық бұйымдар әзірлеуде тек БР-1 маркасы бензинді пайдалануға рұхсат етіледі.

452. Прес-қалып төмен вольтті қыздырғыштармен қыздырылуы керек.

Қажетті технологиялық температураны ұстау автоматты түрде қамтамасыз етіледі. Дайындама калорифердегі ыстық ауамен жылытылатын термошкафтарда қыздырылады. Бұл камераның температура деңгейі автоматты түрде ұсталады. Кептіру камералары мен сүрту қондырғылары қажетті өлшеу, реттеу және сигнал беру қондырғыларымен жабдықталуы тиіс.

453. Резеңке-техникалық бұйымдар дайындалатын цехтар мен қосалқы үй-жайлар үнемі таза ұсталуы керек. Өндірістік қалдықтармен пайдаланылған сүрту материалдары жұмыс барысында қақпақты металл жәшіктерге салынып, жинақталуына қарай ауысымда кемінде бір рет белгіленген қауіпсіз орынға шығарылады.

454. Резеңке-техникалық бұйымдарды желімдеу жұмыстары осы Ереженің 447-449 тармақтарындағы талаптарға сәйкес жүргізілуі қажет.

30-тарау. Термиялық жұмыстар

455. Термиялық жұмысты орындауға арналған цехтар таза, едендері мен қабырғалары тегіс болуы, ал ванналар орнатылатын үй-жайлар өрт сөндіретін стационарлық жүйемен жабдықталуы қажет.

456. Термиялық цехтарға майды орталықтандырылған әдіспен беру қолданылғаны жөн. Шынықтыратын майдың тұтану температурасы технологиялық процеспен белгіленгеннен 20% жоғары болуы және температураны жоғарылатқанда кокстелетін қалдық бермеуі тиіс.

457. Термиялық ванналарға құйылатын май техникалық талаптарға сәйкес келуі керек. Ылғал болған жағдайда май алдын ала вакуум астында суынан құрғатылуы тиіс. Бұл орайда жылу беруге буды қолдану ұсынылады.

458. Ванна түбіндегі шегінді механикалық жолмен ұшқын шығармайтын аспап көмегімен тазаланады.

459. Май ванналарының орталықтандырылған салқындатқыш жүйесі болуы немесе майды салқындататын жеке қондырғымен жабдықталуы тиіс. Май салқындатқыш, сүзгілер, насостар және май салқындататын орталықтандырылған жүйенің май жинау резервуарлары оқшауланған жанбайтын үй-жайда орнатылуы қажет.

Ұсақ тетіктердің аз бөлшегін суаруға (шыңдауға) арналған, майды 80 ° C асырмай қыздыратын май ванналарын май салқындатқыш қондырғысыз пайдалануға рұхсат етіледі.

460. Ваннадағы майлардың температурасын реттеу үшін оларды араластырғыш, термореттегіш қондырғыларымен, сондай-ақ автоматты сигнал беру және ажырату қондырғыларымен жабдықталады. Майға қажетті температура асып кеткен жағдайда ванна дыбыс және жарық сигналдары берілуі арқылы автоматты түрде ажыратылады.

461. Шыңдаушы май ванналарына ірі тетіктерді салғанда май күйінен сақтану үшін салу жылдамдығы кемінде 15 м/мин болуы тиіс.

462. Ванналар май буын тарататын жергілікті сорғыштармен жабдықталуы қажет. Желдеткіш құбырлар сұқпа жапқыштармен, май конденсатын жинағыштарымен жабдықталып, қоюланған май қатпарларынан үнемі тазаланып тұруы керек.

463. Көлемі 5 м³ және одан да үлкен ванналардың апат кезінде май қотарғышы болуы тиіс. Май тасып төгілмеуі үшін ваннаның бөлігі толтырылады. Май жинау резервуарларының көлемі апат кезінде қотару үшін шынықтыру ванналары мен құбырлардағы май көлемінен 30% көп болуы қажет. Барлық май бес минуттан асырылмай құйып алынуы керек. Май ванналары мен май жинау резервуарларының төменгі жұмыс бөлігінде конденстатты ағызып, оған арнаулы кран орнатылуы тиіс.

464. Май тұтанған жағдайда ауа енуін тоқтату үшін май ванналары тығыздап жабылатын қақпақтармен жабдықталуы қажет. Шыңдаушы ванна үй-жайында құрғақ құм салынған жәшіктер, күрек (көсіп алғыш қалақ) қойылып, асбест полотносы болғаны жөн.

465. Селитра ваннасы орнатылған үй-жай азот тотығын тарататын желдеткіш жүйемен жабдықталуы керек.

466. Селитра ваннасына салынатын тетіктер ылғал түскен сәтте балқыған селитра төгілуін болдырмас үшін ұқыпты түрде құрғатылғаны жөн.

467. Болат бөлшектер балқытылған селитраға салынар алдында майынан ажыратылады, үстіндегі қабыршықтар мен тотықтан тазартылады, жуылып, кептіріледі 125-150 °С температураға дейін қыздырылады.

468. Циандық тұздарда қыздырылған болат бұйымдарды селитра ванналарында өңдеуге әсте болмайды, өйткені, олар селитраға түскен кезде шайқалып төгіліп, жарылыс болуы мүмкін.

Селитра ванналарында профильдерді, прокаттарды, штампталғандарды және алюминий қорытпасы тетіктерін термикалық өңдеуге тыйым салынады. Жарылыстан сақтану үшін ванналарда магний және мырыш қорытпаларынан жасалған бөлшектер мен бұйымдарды қыздыруға рұқсат етілмейді. Селитра ванналарында калий, натрий селитраларын, натрий нитраты немесе олардың қоспаларын балқытуға болады. Жарылыстан сақтану үшін аммоний селитрасын қолдануға тыйым жасалады.

469. Селитраның жергілікті жерде қызып кетуін және жарылысты болдырмас үшін, сондай-ақ селитра ванналарында селитраның қыздырылу температурасын анағұрлым нақты реттеуді қамтамасыз ету үшін ваннаның ішкі қабырғасы пайдаланылады. Селитра ваннасын ішінен де, сыртынан да астынан қыздыруға тыйым салынады. Салқын ваннаны қыздырудың және температурасын көтеру селитраның қызып кетуінен сақтану үшін біртіндеп жүзеге асырылуы қажет. Қыздырғыштарды іске қосудың электрлік сызбасы селитраны төмен кернеуде балқытуға мүмкіндік жасауы тиіс.

470. Бөлшектерді салып, балқытылған селитраның ваннадағы деңгейі ернеуден кемінде 150 мм төмен болғаны жөн. Ваннада апатты жағдайды қотарып алатын тетік жабдықталуы керек. Қотарып алынатынның сыйымдылық көлемі ваннадағы және құбырдағы селитрдан 30% артық болуы қажет.

471. Жарылыс болуы ықтимал селитраның жойылуынан, сондай-ақ ванна материалы мен химиялық қосылуынан сақтану үшін селитра ванналарында 450 °С асырмай қыздырып, термиялық өңдеу операциясын жүргізуге рұқсат етіледі.

472. Әрбір селитра ваннасы температураны автоматты реттегіш аспаптармен және термореттеуші қатардан шыққан кезде ванна қыздырылуын автоматты түрде ажырататын қондырғымен жабдықталуы тиіс.

473. Ваннаны жиналып қалған кір-қоқыстан, соның ішінде металл ұнтақтарынан тазалауды кемінде айына бір рет, ал үлкен көлемді селитра ванналары үшін кемінде 3 айда бір мәрте жүргізіп тұрған жөн.

474. Ваннадағы селитра тұтана бастаған кезде электр бергішті ажыратып, ваннаны қақпақпен жауып, өрт қауіпсіздігін қорғаушыны шақыру қажет. Ал ол

келгенше жаңа бастаған селитраны тек құрғақ құммен сөндіруге болады. Селитраны сумен, ылғалды құммен және көбікті от сөндіргішпен сөндіруге, селитраны бүркуге тыйым салынады.

475. Селитра ванналарымен жұмыс істегенде мыналарға:

- 1) арнаулы қақпағы жоқ селитра ванналарын пайдалануға;
- 2) алдын ала химиялық анализ жасамай селитраны салуға немесе қосымша с а л у ғ а ;
- 3) селитраны өзге материалдармен бірге және ашық алаңда сақтауға;
- 4) селитра ваннасында тұтанғыш сұйықтар мен материалдар сақтауға;
- 5) селитра ваннасы қасында суды пайдалануға;
- 6) автоматтандыру деңгейі қандай болғанмен жұмыс істеп тұрған ваннаны қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

31-тарау. Мотор сынау стансалары

476. Мотор сынау стансалары үй-жайларында технологиялық жағдайлар бойынша тез жанатын сұйықтар буының жарылыс қаупі бар концентраттары жинақталуы мүмкін, сондықтан бұл орындар ауа жіберу-сору желдеткіштерімен және автоматты түрде өрт сөндіретін қондырғылармен жабдықталуы қажет.

477. Барлық электр жабдықтары, жылу құбырлары, сынау қондырғылары мен двигатель тиянақты түрде жерге қосылуы тиіс. Алып жүретін электр шамдары жарылыстан қорғау талабымен жасалып, 36 В аспайтын кернеуде жұмыс істейтіндей болуы керек.

478. Оталғыш сұйықтар ағады-ау деген жерлерге бұл сұйық жинағышқа ағуы үшін табандық қойылады. Стендіде немесе двигательде монтаж және жөндеу немесе жарнама жұмыстарын орындауда ұшқын шығармайтын мыстан немесе арнаулы қорытпалардан жасалған аспатарды пайдаланған абзал.

479. Барлық сынау қондырғылары орталықтандырылған түрде, тікелей жылу сақтағыштан құбыр арқылы жылумен жабдықталуы тиіс, жылу сақтағыш мотор сынау стансасынан 100 метр қашықтықта орын алады. Сынақ қондырғыларында стенділік сүзгіштер, таразы немесе көлемді шығын өлшеуіш сыйымдылықтардан өзге аралық шығыс сыйымдылықтарын құруға рұқсат етілмейді.

480. Магистральды жылу құбырлары ережеге сәйкес ғимараттан тыс төселуі тиіс. Жылу құбырларын ғимарат ішінде оңашаланған каналдарда, үсті құрғақ құммен жабылып жүргізілуі қажет. Құбырлардың қалай жалғанғандығын тексеру үшін бақылау құдықтарын орнату керек.

481. Сынау қондырғыларына жылу құбырларын жеткізу технологиялық жабдықтар үй-жайы арқылы немесе тікелей бокста жүргізіледі. Жылу құбыры сынау стансасы үй-жайына кіргізгенде тиек вентилі мен бақылаушы кабинетінен

дистанциялық басқарылатын өрт сөндіретін дербес дереу іске қосылатын клапан болу қажет. Сонымен қатар стенділік өрт сөндіру краны тікелей бокста двигатель қасында болады.

482. Жылу құбырын двигательге қосуды өздігінен жылытатын клапан көмегімен орындау ұсынылады, бұл қосылған жерді ажыратқанда майдың төгілуіне жол берілмейді. Бокстағы жылу құбырларының иілгіш шлангілері бүлінбес үшін бронешиттермен немесе қаптамалармен қорғалады және аз ұзындықта (қысқа) болғаны жөн.

483. Барлық сынау қондырғылары сұйық отынды құйып алу жүйесімен жабдықталуы қажет. Құйып алатын сыйымдылық ғимараттан тысқары кемінде 5 м қашықтықта орналасуы немесе отын сақтайтын жерде болуы керек. Кран (клапан) маңында: "Апат немесе өрт кезінде ашылсын" деп жазылуы қажет. Апатты жүйе клапынының барлық ысырмасы қызыл түспен боялады. Апатты құбыр сұйық отынды 10 минуттан асырмай құйып бітіруді қамтамасыз етуі тиіс.

484. Двигательді сынау үшін іске қосар алдында шахтадағы және пайдаланған газды шығаратын труба жапқышының ойығын ашу керек. Бокс қақпасы мен есіктері жақсы жабылады.

485. Өрт шыға қалған жағдайда күзетшіні шұғыл шақыру үшін сынау стансасы автоматты сигналдандыру және тікелей телефон байланысымен жабдықталуы тиіс. Бақылау кабинеті көрінетін жерге өрт сөндіргіш жүйесінің сызбасы, оны пайдалану тәсілі туралы жазба іліп қойылады.

486. Двигатель істеп тұрғанда сынау қондырғысында өрт шыққандай болса, мыналар орындалуы қажет:

- 1) газ секторын "Кіші газ" қалпына келтіру, бүкіл жүктемені алып тастау, "токта-кранды" ажырату, сұйық отын кранын жабу;
- 2) жұмыс істеп тұрған барлық насосы (помпаны) ажырату;
- 3) жапқышты жабу (сору және шығару);
- 4) сұйық отында құйып алу кранын ашу;
- 5) бокстың электр желісін ажырату;
- 6) боксқа сұйық отын беретін қол кранын жабу;
- 7) өрт сөндіру жүйесін іске қосу;
- 8) өрт күзетшісін телефонмен немесе өрт хабарлағышпен шақыру.

487. Бұйымдар сүзгісін және стенділік магистральдерді қарау және жуу бокстың алдыңғы бөлігінде кіру және шығу жапқыштарының (қақпалар, терезе перделері) ашық болған жағдайда жүргізіледі. Стенд жабдықтарын ОП-7, ОП-10 эмульгаторлармен немесе өзге де су ерітінділерімен жуады.

32-тарау. Аккумуляторлар стансалары

488. Аккумулятор стансалары (шеберханалар) кемінде II дәрежелі отқа төзімді ғимараттарда орналастырылуы тиіс.

Аккумулятор стансасының есігіне: "Аккумулятор шеберханасы", "Отқа қауіпті", "Отпен кіруге болмайды", "Темекі тартуға тыйым салынады" деген сөздер жазылуы қажет.

Аккумулятор стансасы үй-жайының сәкісі қышқылға төзімді (сілтілі-берік), ал қабырғалары, төбесі, есіктері, терезе жақтаулары, желдеткіш қорабы және басқа да жабдықтар мен конструкциялар қышқыл дарымайтын бояумен боялуы тиіс. Аккумулятор стансасы үй-жайының терезелері күңгірт әйнектермен немесе ақ бояумен боялған әйнектермен әйнектелуі қажет. Климаты ыстық аудандарда терезе үстіне күнқағар орнатылады.

489. Қышқылды және сілтілі аккумуляторды жөндеу, зарядтау және сақтау түрлері үй-жайларда жүргізіледі.

Жөндеу, зарядтау, генераторлық және электролиттік учаскелер оңашаланған қабырғалары отқа төзімді үй-жайларда орналастырылады. Жұмыс көлемі аз болса (бір мезгілде 10 аккумуляторға дейін) аккумуляторды жөндеу мен зарядтауды бір үймеретте жүргізуге рұхсат етіледі, бірақ онда арнаулы зарядтау шкафы, жабдықталған жеке желдеткіш сорғыш болуы тиіс. Мұндай үй-жайларда батареяны зарядтаған үдерісінде ашық отты пайдалануға болмайды.

490. Аккумулятор стансаларының электр жабдықтары мен шырағы (соның ішінде алып жүрілетіні де) жарылыстан қорғау бойынша орындалуы қажет. Ажыратқыштар, штепсель розеткалары мен сақтандырғыштар аккумулятор стансасы үй-жайының сыртында орнатылуы тиіс. Жарықтандырғыш электр сымы мен аккумуляторға жалғанатыны қышқылға төзімді (сілтіге берік) қабықпен қапталуы керек.

491. Аккумулятор стансасының үй-жайы қышқылды және сілтілі аккумуляторлар учаскелері үшін жеке-жеке оңашаланған, ауаны енгізетін-тартатын желдеткіштермен жабдыкталады. Желдеткіштің электр двигателін сыртқа орнатқан жөн. Зарядтау үй-жайы мен зарядтау шкафының желдеткіш жүйесі аккумулятор стансасының өзге үймеретінен оқшауланған болуы тиіс. Желдеткіш каналын түгін шығаратын мұржаға немесе жалпы желдеткіш жүйесіне шығаруға рұхсат етілмейді. Зарядтау үй-жайының (шкафтың) желдеткіш жүйесі желдеткіш жұмысы тоқтағанда ажырату үшін зарядтау тогын беру қондырғысымен автоматты түрде қосылуы тиіс.

492. Аккумулятор стансасы орталықтандырылған су немесе калорифермен жылтылады. Зарядтау үй-жайының трубасы біртегіс дәнекерлеп жалғанған болуы қажет. Зарядтау үй-жайында сақиналы түйіспе болуына және вентильдер орнатуға жол берілмейді. Ерекшелік ретінде пешпен жылытуға болар, бірақ шартты түрде от жағатын саңылау, тазалайтын қақпа, пештің тартпасы, ысырма

және келте құбыр зарядтайтын орыннан сыртқары болуы және пеш темірмен қапталуы тиіс. Аккумулятор стансаларында электр пешін орнатуға әсте болмайды.

493. Аккумулятор батареяларын зарядтаған кезде мына талаптарды қадағалау қажет:

- 1) ұшқын болмас үшін сымның батарея клеммасына қалай қосылғанын қарау;
- 2) батарея ыдысындағы тығын ашық болуы;
- 3) зарядтау тогын қосуға және зарядталған аккумуляторларды сақтауға тек ену-сору желдеткіші жұмыс істеп тұрған кезде рұқсат етіледі;
- 4) жеке аккумуляторлардан өткізгішті үзіп тастауды тек зарядтау тогы ажыратылған жағдайда жүргізу;
- 5) бүлінген өткізгіш бірден жаңасымен ауыстырылады.

494. Аккумулятор стансаларының зарядтау үй-жайларында дәнекерлеу жұмыстарын немесе дәнекерлегіш шамды пайдалану арқылы атқарылатын жұмыстарды жүргізуге батареяларды зарядтау тоқтатылғаннан кейін екі сағаттан соң, үй-жайды мұқият желдеткен жағдайда рұқсат етіледі. Дәнекерлеу кезінде немесе дәнекерлегіш шаммен жұмыс істегенде үй-жай тоқтаусыз желдетіліп тұруы тиіс. Дәнекерлеу орны үй-жайдың технологиялық жабдықтарынан отқа төзімді қалқанмен қоршалуы қажет.

495. Аккумулятор стансасы үй-жайында тыйым салады:

- 1) шылым шегу, от жағуға, электрмен жылытқыш аспаптарды пайдалануға;
- 2) бір ауысым қызметінен артық қышқыл, сілті немесе электролит сақтауға;
- 3) арнаулы киімді және бөгде заттарды жұмыс орнында қалдыруға.

33-тарау. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану базасы объектілерінде өрт қауіпсіздігін талап ету

496. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану объектілерінің базасы ережесіне сәйкес кемінде екі дәрежелі отқа төзімді, жанбайтын сәкілі жеке тұрған немесе қосылған ғимараттарда орналасуы тиіс. Қосылған ғимараттардағы технологиялық жабдықтар үй-жайы өзге орындардан жанбайтын қабырғаларымен немесе кемінде $0,25^{\circ}\text{C}$ шамасындағы отқа төзімді қоршаумен бөлінуі және сыртқа шығатын жеке есігі болуы қажет.

497. Солтүстік аудандарда радиотехникалық жабдықтар ерекшелік ретінде жеке тұрған отқа төзімсіз үй-жайда орналастырылуы мүмкін, бұл үшін ғимарат ішіндегі қабырғалар мен төбесі жанудан ылғалды сылақ ерітіндісімен қорғалады.

498. Технологиялық жабдықтарда ағаш шанақ нұсқасында орналастырғанда

шанақтың ішкі бөлігі оттан қорғайтын қоспамен өңделуі тиіс, аппараттық және агрегаттық бөліктерді бір шанаққа орналастыруға рұқсат етілмейді.

499. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану базасының объектілері қарауыл орнымен және базаның ауысым инженерлерімен сенімді телефон байланысымен қамтамасыз етілуі тиіс.

500. Қонғызумен айналысатындардан басқа, қызмет көрсетуші адамдар тұрақты бола бермейтін объектілер өрт бола қалған жағдайда зиян шекпеу үшін электр қуаты көздері автоматты түрде ажыратылатын аппаратуралармен жабдықталуы керек.

501. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану базасы объектілеріндегі үй-жайларды қажетті температураны қамтамасыз ету үшін өрт қауіпсіздігінің мына талаптарын орындаған жағдайда өнеркәсіптік әзірленетін электр пештерін жобалауда көзделген қондырғыларға рұқсат етіледі:

1) электр пештері тек жабық жылыту элементтерімен қолданылуы және үй-жайда қажетті температураны автоматты түрде сақтауды қамтамасыз етуі тиіс (жылу температурасын реттеу автоматтарына реттегеннен соң пломба салынады)

;

2) электр пештері үй-жайдың ең салқын бөлігіне және аппаратурадан кемінде 1 м қашықтықта орнатылады;

3) жанатын материалдардан жасалған сәкілер мен қабырғалар электр пеш тұрған жерден қоршалып, кемінде қалыңдығы 10 мм асбест картонымен тығыздалуы, жылылықты шығармайтын электр пеші аралығы кемінде 15 см қабатпен қамтамасыз етіледі;

4) электр пешінің саны жобамен белгіленген шамадан аспауы қажет.

502. Байланыс аппаратураларын және олардың жекелеген тетіктерін тазалауға пайдаланылатын бензин, спирт және басқа да тез жаңғыш сұйықтар, сондай-ақ жағар майлар сынбайтын нығыз жабылатын ыдыстарда, сейфтерде сақталады. Тез жанатын сұйықтарды аппарат үй-жайында сақтауға немесе уақытша ұстауға тыйым салады.

503. Машиналарды, хабар беретін аппаратураларды және басқа да техникалық жабдықтарды тазалау, сондай-ақ шаңын кетіруге тек кернеуді ажыратқан және ескерту кестесін іліп қойған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Генератордың қозғалыстағы бөлігін тазалау және шаңын сүрту тек тоқтатылғаннан кейін жүргізіледі. Коллекторларды тазалау кернеу ажыратылғаннан соң атқарылады.

504. Электр дәнекерлеуіш жұмыс үстінде жанбайтын арнаулы тағанға қойылады, ал жұмыс аяқталғанда немесе демалыс кезінде электр желісінен ажыратылады.

505. Кабельге сіндіру, кабель муфтасын құю үшін кабель массасын қыздыру ашық ауада, өртке қатысты қауіпсіз деп есептелген жерде орындалады.

506. Дыбысты естіртпеуге қолданылатын матаға оттан қорғанатын қоспа сіңірілуі қажет.

507. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану базасы объектілерінің қоршау периметрі бойынша көлденеңі 3 м-ден кем емес өртке қарсы алқабы болуы тиіс, өсімдіктер жыртылып тасталады. Объекті аумағы қоқыстан және қураған шөптен үнемі тазартылып тұруы қажет.

508. Ағаш мачтасы, фидер бағаналары мен зәкір созулары орнатылған жер үсті кемінде 1 м радиуста жыртылып тасталады.

509. Объектілердегі оталғыш материалдардан жасалған кабель каналдары асбест картоны үстінен қаңылтырмен қапталуы тиіс.

510. Ғимарат шатырының металл жабындысы, аппаратура сырты, сымдардың, құбырлардың металл қаптамалары, электр қалқандарының сырты, трансформаторлар, электр пештері, өтетін изолятор бекіткіштері және басқа да металл заттар ұқыпты түрде жерге қосылуы тиіс.

511. Генераторлар мен монтаждау сымдары орауыштарының изоляция кедергісін кемінде жылына бір рет және жөндеуден кейін өлшеу қажет.

512. Негізгі немесе резервтегі электр қуатының стационарлық электр агрегаттары отқа күймейтін негіздерге орнатылуы қажет. Электр агрегаттары стационарлық үй-жайларға пайдалану қолайлылығына орай орналастырылады, бірақ қабырғадан немесе қабырғаға жақын тұрған жабдықтардан кемінде 1 м қашықтықта болуы тиіс. Жанатын қабырғалар кемінде 10 мм қалыңдықтағы асбест полотносын (картоны) қаңылтырмен қаптау арқылы қорғалады. Қабырға мен аппаратура арасында мөлшері 50 мм кем емес ауа саңылауы болғаны жөн.

513. Агрегат үй-жайында 500 литрден аспайтын сұйық отын қорын ұстауға рұқсат етіледі, бұл шығыс қоры электр агрегатының стационарлық бактарында, не электр агрегатынан 3 метр қашықтықта жанбайтын алаңда (іргетаста) мықтап бекітілген сұйық отын бактарында немесе жер астында сақталады. Сұйық отын бактарының қақпағы тығыз жабылады. Электр агрегатының анағұрлым ұзақ уақыт жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған отын қоры агрегат ғимараттарынан кемінде 20 метр қашықтықта арнаулы сыйымдылықта сақталуы тиіс. Бұл үшін осы Ереженің 34-41 тарауларының талаптары ескерілуі қажет.

514. Сыйымдылығы 250 литрден асатын сұйық отынды шығыс бағы апатты жерасты резервуарына жеткізетін құйып алу құбырымен жабдықталуы тиіс.

515. Шығыс бағына отын мен май іштен жанатын двигатель сөндірілгеннен кейін тек құю насосының көмегімен құйылады. Басқа құралдармен бакты

толтыруға рұқсат етілмейді. Шығыс бағын толтыру жарылыстан қорғалған жағдайда күндізгі немесе жасанды жарықта жүргізіледі. Агрегаттың стационарлық үй-жайында апаттық жарық болуы тиіс.

516. Іштен жанатын двигательдің сөндіргішінен келетін пайдаланылған газды шығаратын труба атмосферада шатыр үстінен (жамылғыдан) кемінде 750 мм көтерілуі қажет және труба орнына қарсыдағы ғимарат жаққа бағытталған бұру тетігі болады.

517. Труба ағаш қабырғадан немесе жамылғыдан шығарылғанда сыртқы жақтан кемінде 30 см радиуспен бөлгіш жасалып, асбеспен тығыздалады. Үй-жайдың ішінде труба асбестпен бөлектенеді.

518. Труба, сөндіргіш, тұндырғыш қара күйе мен конденсаттан үнемі тазартылып тұруы тиіс.

519. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану базасы объектілеріндегі аккумулятор стансасының үй-жайы осы Ереженің 32-тарауының және басқа нормативті құқықтық актілер талаптарын қанағаттандырған жөн.

520. Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану базасының объектілері ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты өрт сигналдандырулары, автоматты өрт сөндіру қондырғылары және халыққа өрт туралы хабарлау жүйелері нормаларына сәйкес автоматты өрт сөндіру қондырғысымен жабдықталуы тиіс.

521. Барлық объектіде жасанды жамылғылы кірме жол болады. Қыс кездері кірме жолдар қардан тазартылып тұрады.

34-тарау. Аэродром механизациясы, арнаулы көлік және жалпы тағайындалған автомобильдер құралдарын сақтау, жөндеу және пайдалануда қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

522. Арнаулы көлік үй-жайларда, шатыр астында немесе көлікжайсыз сақтауға арналған арнаулы алаңдарда қазіргі заң талаптарына сәйкес орналастыруы тиіс.

523. Сұйық отын құюшылар, сұйық отын цистерналары, бензин қотарушы стансалар, жылжымалы агрегаттар (сервисерлер), май құюшы көліктер ашық алаңдарда, жамылғы астында немесе гараждардың оқшауланған орындарында бөлек тұруы қажет, олардың кедергісіз шығуы қамтамасыз етіледі.

524. Оттек өндіруші және оттекпен зарядтау стансалары басқа автомобильдерден оңаша орналастырылады.

525. Фекальды сұйықтықтарды, улы заттарды таситын автомобильдер, сондай-ақ газ отынымен жүретін автомобильдер топ бойынша бөлек және басқа автомобильдерден оңаша орналастырылуы қажет.

526. 25-тен асатын автомобильдер немесе арнаулы машиналар жинақталған арнаулы көлік қызметінде өрт кезінде оларды көшіру жағдайын туғызу үшін қызмет бастығы арнаулы көлік орналастырудың, эвакуация жасау кезегі мен тәртібі жазылған арнаулы жоспар жасап, бекітуі тиіс. Жоспарда жүргізушілердің түнгі уақытта, демалыс, мереке күндері кезекшілік жасаулары көзделуі, сондай-ақ кілтті сақтау тәртібі белгіленуі қажет.

Арнаулы көлік үй-жайда және ашық алаңда сақталғанда оларды тез эвакуациялауға кедергі келтіретін заттар мен жабдықтар жолда тұрмауы тиіс.

527. Қызмет көрсетудің 10-нан артық орны немесе 25-тің үстінде автомобиль немесе арнаулы машина сақтау көзделген үй-жайдың кемінде екі қақпасы болуы қажет.

528. Арнаулы көлік тұратын орын 10 автомобильге (арнаулы машинаға) бір тросс (штанга) есебімен буксир тросы және штангаларымен қамтамасыз етілуі тиіс.

529. Гараждарда (көлікжайда) ұсталық, термиялық, пісіру, бояу, ағаш өңдеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ бөлшектер мен агрегаттарды жууға оталғыш сұйықтарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

530. Арнаулы көлікті жөндеуге және тұраққа арналған үй-жайларда, шатыр асты мен ашық алаңдарда мыналарға тыйым салынады:

1) арнаулы көлікті нормадан асатын санда орналастыруға, олардың орналастыру сызбасын бұзуға, автомобильдер, арнаулы машиналар және үймерет элементтері арасындағы қашықтықты кемітуге;

2) арнаулы көліктің отын бактары мен сыйымдылықтары қақпақтарын ашық қалдыруға, сондай-ақ жанар май ағып жатқанда;

3) сұйық отынды ыдыста ұстауға және арнаулы көлікті отынмен жабдықтауға ;

4) автотұрақта жүгі түсірілмеген автомобильді қалдыруға;

5) ыдысты оталғыш және жанатын сұйықтың астында сақтауға;

6) шығатын қақпа мен жолды ыбырсытуға;

7) двигательдерді, жүйелерді, тораптар мен агрегаттарды ашық отпен (алаумен, дәнекерлегіш шаммен) қыздыруға, сондай-ақ техбайқаулар, жөндеу және басқа жұмыстары кезінде жарық түсіру үшін ашық көздерді пайдалануға;

8) арнаулы көлікте май сіңген сүрткіштер мен арнаулы киімдерді қалдыруға;

9) от алдырылған арнаулы көлікті қараусыз қалдыруға;

10) тиісті біліктілігі жоқ адамдарға техникалық қызмет көрсету мен арнаулы көлікті жүргізуді тапсыруға.

531. Арнаулы көлікке жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсетуде мыналарға тыйым салынады :

1) алдын ала тазаламай және жарылыс қаупі бары-жоғы үшін алынған

анализдің дұрыс екені туралы деректі білмей сұйық отын цистерналары немесе резервуарларында қандай да жұмысты орындауға;

2) тиянақты түрде жерге қоспай сұйық отын құйылған цистерналар немесе резервуарларға жөндеу жүргізуге;

3) жұмыс сұйықтықтары мен газдан босатып алмай технологиялық жабдықтарды бөлшектеуге кірісуге;

4) сыйымдылығы сұйық отынмен (газбен) толтырылған арнаулы машинаны және маймен толтырылған картерді жөндеуге (техникалық қызмет көрсетуде (ТҚ -1) бакта отын және двигатель картеріндегі май бар болса да рұқсат етіледі). Жұмыс біткеннен кейін үй-жай мен байқау ұрасы май сіңген сүрткіштер мен төгілген сұйықтан тазартылуы тиіс.

5-Бөлім.

Авиацияны сұйық отынмен қамтамсыз ету объектілерінде өрт қауіпсіздігіне қойылар талаптар

35-тарау. Жалпы талаптар

532. Авиацияны сұйық отынмен қамтамсыз ететін объектілер қазіргі нормативті техникалық құжаттарға сәйкес келуі керек.

533. ЖЖМ материалдары мен жылжымалы құралдар қоймаларында автомобиль жолдарының жалпы жүйесі немесе қойманың кірме жолынан өрт сөндіру автомобильдері үшін кемінде екі жол жабдықталады.

534. Авиацияны отынмен қамтамсыз ету объектілерінің ғимараттары мен үймереттері (металл резервуарларды қоспағанда) кемінде II дәрежелі отқа төзімді болуы тиіс.

535. Жанар-жағар май және орталықтандырылған мұнай құю стансасы өртке қарсы қызмет кезекшісі және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жақын маңайдағы өрт сөндіру бөлімімен тікелей телефон байланысымен жабдықталады.

536. Автокөлік техникасы қоймасы аумағына ұшқын өшіргішсіз кіруге тыйым салынады.

537. Аумақ құраған шөптен, түскен жапырақтан, өндірістік қалдықтардан үнемі тазартылып тұруы тиіс. Төгілген мұнай өнімдері дереу жиналып алынады, ал май тамған орынға құм себіледі. Жазғы уақытта шөп шабылып, кеппеген күйінде қойма аумағынан тасылып әкетілуі қажет. Шабылған шөпті аумақта кептіруге және сақтауға рұқсат етілмейді.

538. Қойма аумағының бос алаңында жалпақ жапырақты ағаш пен бұталар егуге, гүлзарлар жасауға рұқсат етіледі, бірақ резервуарлардың сыртқы жағынан кемінде 5 метр қашық болуы тиіс. Қоймалар ағашты жерде орналастырылғанда

олардың айналасы тазартылуы қажет: жапырақты тұқым радиусы 20 м, қылқан жапырақты 50 м және көлденеңі кемінде 2 м минералдандырылған белдеумен көмкерілуі тиіс.

539. Авиацияны отынмен қамтамасыз ету объектілері аумағындағы от жұмыстары осы Ереженің 12-ші тарауында баяндалған талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

540. Объектілер аумағында ашық отты - алау жағуға, жарықтандыру үшін факельдер, сіріңкелер, шырақтар, керосин сонарларын пайдалануға тыйым салынады.

541. Авиацияны отынмен қамтамасыз ететін объекттер аумағында өндірістік ғимараттар мен үймереттерде шылым шегуге тыйым салынады. Темекі тартуға арнаулы орын (өртке қарсы қызметпен келісім бойынша) бөлініп, ол су өрт сөндіргіш және урнамен жабдықталады. Шылым шегуге бөлінген орындарда белгілер мен жазулар ілінуі тиіс.

542. Оталғыш бу мен газ жинақталған аймақта профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізгенде ұшқын шықпайтын аспапты пайдалану қажет. Жабдықтар мақта-мата шүберегімен сүртіледі. Бұл мақсатқа синтетикалық матаны қолдануға рұқсат етілмейді.

543. Мұнай өнімдерінің буы мен газы бөлінетін үй-жайлар мен эстакадада жұмыс істейтіндердің темір шеге немесе таға қағылған аяқ киіммен жүруіне тыйым салынады.

544. Құйып алу-құю операцияларын жүргізгенде мыналарға тыйым салынады :

- 1) технологиялық жабдықтарға профилактикалық жөндеу жүргізуге;
- 2) от жұмыстарын орындауға, шылым шегуге, ашық от көздерін (сіріңке, шақпақ, факель) пайдалануға;
- 3) ұшқын шығатын аспаптар мен тетіктерді қолдануға;
- 4) ақаулы және жарылыстан қорғалмаған электр қондырғылары мен электр жабдықтарын пайдалануға;
- 5) мұнай өнімдерін цистернада қыздыруға, сондай-ақ ілмекті арматураны ашық от көмегімен жылытуға.

Ағызып алу-құю операцияларын күн күркіреп тұрғанда жүргізуге тыйым салынады.

36-тарау. Резервуарлар паркі

545. Жер бетіндегі резервуар тобының әрқайсысы үстіңгі жағының ені кемінде 0,5 м тұтастай үймекпен немесе төгілген сұйықтықтың гидростатикалық қысымына есептелген қабырғамен қапталуы керек. Резервуарлар тобы

қоршауының биіктігі топтағы ең үлкен резервуарлардан немесе жеке тұрған резервуарлардан төгілген сұйықтықтың есептелген деңгейінен 0,2 м жоғары, бірақ 10000 м³ дейінгі көлемдегі резервуарлар үшін кемінде бір метр және 10000 м³ және одан да артық резервуарлар үшін 1,5 метр болуы тиіс.

546. Топырақ үйіндісі немесе қоршаушы қабырға арқылы өту үшін резервуарлар тобына төрт және жеке тұрған резервуарлар үшін кемінде екі басқыш-өткел керек.

547. Жер астындағы резервуарлар үшін үймек құрылғысы немесе қоршаушы қабырға да қажетсіз.

548. Құбыр төсеу немесе жөндеу үшін үймектің ішкі жағынан және үйінді арқылы қазылған үлкен ор (траншея) жұмыстары аяқталғаннан кейін-ақ ор көміліп тасталып, үймек қалпына келтірілуі тиіс.

549. Резервуардың бүлінбеуі үшін механикалық тыныс алу және гидравликалық сақтық клапандарына бұқтырма орнатуға тыйым салынады. Клапандар жұмысы жүйелі түрде тексеріліп тұруы керек. Артық қысым мен вакуум жөніндегі олардың жұмысы жылына кем дегенде бір рет тексеріледі.

550. Резервуарларға орнатылған дем ататын аппаратура жобалық қысымға р е т т е л у і т и і с .

Резервуардың бүлінбеуі үшін механикалық тыныс алу және гидравликалық сақтық клапандарына бұқтырма орнатуға тыйым салынады. Клапандар жұмысы жүйелі түрде тексеріліп тұруы керек. Артық қысым мен вакуум жөніндегі олардың жұмысы жылына кем дегенде бір рет тексеріліп тұруы керек.

551. Резервуарларды өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қазіргі нормативті техникалық құжаттарға сәйкес жүргізілуге тиіс.

552. ГВПС(К) үлгідегі пеногенераторларға техникалық қызмет көрсету қазіргі заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Пеногенераторларды қарау және ауыстыру екі жарым сағаттан аспауы керек.

553. Резервуарларды тазалау, қазіргі заң талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

37-тарау. Ыдыс сақтау орны

554. Ыдыстағы мұнай өнімдері ғимараттарда немесе қалқа астындағы алаңқайда, ал 45 ° C жоғары температурадағы мұнай өнімдері де ашық алаңда сақталады.

555. Ыдыстағы жанатын мұнай өнімдері үшін қойма ғимараттары үш қабаттан аспауы тиіс, ал тез тұтанатын мұнай өнімдері қоймасы бір қабатты.

556. Ыдыстағы мұнай өнімдеріне арналған қойма ғимараттары кемінде 0,75с отқа төзімді, жанбайтын қабырғалармен (қалқалармен) бөлінеді. Қойма

үй-жайының әрқайсысына 200м^3 аспайтын тез тұтанғыш және 1000м^3 аспайтын жанатын мұнай өнімдері сияды. Ыдыстағы мұнай өнімдеріне арналған бір қойма ғимараттың жалпы сыйымдылығы - тез тұтанатыны үшін 1200м^3 аспауы тиіс және жанатын мұнай өнімдері үшін 6000м^3 . Ыдыстағы тез тұтанатын және жанатын мұнай өнімдерін бірге сақтайтын қойма ғимараты немесе үймеретінің сыйымдылығы мына есеппен белгіленеді: 1м^3 тез тұтанатын мұнай өнімдері 5м^3 жанатын мұнай өнімдеріне теңестіріледі.

557. Қойма үй-жайлары бір-бірінен отқа төзімділігі кемінде $0,75\text{с}$ жанбайтын қабырғаларымен (қоршауларымен) бөлінуі тиіс.

558. Ыдыстағы мұнай өнімдеріне арналған қойма ғимараттарының қабырғаларындағы есік оттығы механизация құралдарының өтуін қамтамасыз ететін көлемде, барлық жағдайда кемінде: көлденеңінен $2,1\text{м}$, биіктігі $2,4\text{м}$; есіктердің отқа төзімділігі шамамен $0,6\text{с}$, өздігінен жабылатын болуы тиіс, ал ойықта биіктігі $0,15\text{м}$ табалдырық (пандуспен) көзделген.

559. Ыдыстағы мұнай өнімдеріне арналған қойма ғимараттарының едені (сәкі) жанбайтын материалдардан болуы және сұйықтықтың науаға ағуы үшін еңкіш болуы тиіс.

560. Қалқа астындағы алаңқайдағы ыдыстағы мұнай өнімдерін жинақтауда мына талаптар сақталуы қажет:

- 1) сөре немесе қатар тұғырының биіктігі $5,5\text{м}$ аспауы тиіс;
- 2) сөренің әр қабатына ыдысты орналастырғанда бір қатар биіктігі бойынша және көлденеңі бойынша екі қатар жүргізіледі;
- 3) қатар ені төрт тұғырықтың орналасуымен айқындалады;
- 4) сөре мен қатар аралығындағы өтетін жер ені пайдаланылатын механизация құралының сыртқы шектік көлеміне байланысты белгіленеді, дегенмен кемінде $1,4\text{м}$ болады;
- 5) сөре мен қатар аралығындағы жүретін жолы 1метр .

561. Теміржол мен автомобиль көлігі үшін жүк платформасы жанбайтын материалдардан жасалады.

562. Ыдыстағы мұнай өнімдерін сақтауға арналған алаңшалар (ашық және қалқа астындағы) үймектермен немесе биіктігі $0,5$ жанбайтын қабырғалармен қоршалуы қажет.

563. Ыдыстағы мұнай өнімдерін ашық алаңда жинақтағанда мына талаптар ескерілуі тиіс:

- 1) ыдыстағы мұнай өнімдері қатарының саны алтыдан аспауы қажет;
- 2) қатар мөлшері: ұзындығы 25м , ені 15м , биіктігі $5,5\text{м}$;
- 3) ыдысты немесе тұғырықты екі қатар салғанда өтетін жолы немесе осы Ережедегі 560-тармақта көрсетілген нормаға сәйкес олардың аралығында өтетін

ж е р

б о л у ы

к е р е к ;

4) алаңдағы қатар мен қатар аралығы 5м, ал көрші алаңдардағы қатармен екі арасы - 15 м.

564. Ашық алаңда бос, бұрын пайдалануда болған және мұнай өнімдерімен былғанған металл бөшкелерді сақтау 563-тармақтың талаптарына жауап беруі тиіс, сонымен бос бөшкелер биіктігі бойынша үсті-үстіне төрт қабат етіп орналастырылады.

565. Бөшкелер тығындары жоғары қаратылып, бір-біріне соқтықпастай етіліп, абайлап салынады. Ақаулы ыдысқа құйылған мұнай өнімдерін сақтауға, қабылдауға тыйым салынады. Бос ыдыс ашық алаңда тығынсыз сақталуы тиіс.

38-тарау. Насос стансалары мен құбыр коммуникациялары

566. Насос стансаларының есіктері сыртқа қарай ашылуы тиіс. Есік ойындыларына табалдырық жасауға рұқсат етілмейді.

567. Насос стансасы үй-жайларының едені мұнай өнімдері сіңбеген жанбайтын материалдардан жасалады және гидравилкалық қақпақтан өндірістік канализацияға ағатын суағар болады. Науа мен сәкі (еден) жүйелі түрде жуылып тұруы тиіс.

568. Насос стансасының бір үй-жайынан екіншісіне тартылған құбыр өткен қабырғадағы тесік саңылаусыз тығыздап бітеледі. Іштен жанатын двигательдер пайдаланылатын насос стансаларында насос бөлімінен мұнай өнімдері буы машина бөліміне еніп кетуі үшін қабырға арқылы білік өткізілген жерлерге нығыздап қатайтатын құрылғы салынады. Қабырға тұтас (саңылаусыз), газ енбейтін және жанбайтын болуы қажет.

569. Жеке үй-жайға ысырма торабын орналастырғанда ол жанбайтын қабырғалы насос үй-жайынан бөлектенуі және сыртқа шығатындай етілуі керек.

570. Насос стансасында тез тұтанғыш сұйықтық пен жанатын сұйықтықты сақтауға рұқсат етілмейді.

571. Энергия тұтқиылдан берілмей (сөніп) қалған жағдайда насос двигателін ағытып, сонан соң насостың кіретін және шығатын жерлеріндегі ысырма жабылады. Жұмыс істеп тұрған сәтте насос агрегаттары мен қабырғаларға жөндеу жүргізуге әсте болмайды.

572. Жұмыс аяқталғаннан кейін насосқа енетін және шығатын ысырмалар, сондай-ақ резервуарлардағылар жабылып, үй-жай мұқият қаралады.

573. Жанар-жағар майды қотарғанда құбырға байқау қойылуы керек.

574. Қойма аумағында жанбайтын таяныштардағы құбырларға зер салғаны ләзім.

575. Электр жетегіндегі ысырмалар жарылудан қауіпсіз болатындай етіп жасалуы тиіс.

39-тарау. Құю пункттері

576. Жанармай құюшы (осыдан кейін - ЖМҚ) және автокөлік жанармай цистерналарын (осыдан кейін - АЖМЦ) төменнен толтыру қауіпсіздігі үшін:

- 1) дизель двигателін сөндіру керек (карбюратор двигательді ЖМҚ және жанармай цистерналары двигатель жұмыс істеп тұрғанда толтырылады);
- 2) ЖМҚ мен АЖМЦ қол тежеуішіне қойып, оның берік тігінің анығына жету;

3) иілгіш металл арқанды құйып алу пункттеріндегі түйіспе қондырғысына жалғастыру жолымен ЖМҚ мен АЖМЦ жерге қосу;

4) ЖМҚ автокөлік жанармай цистерналарының корпустары мен құйып алу пункті жабдықтары арасындағы потенциалдарды тегістеуді оларды ЖМҚ мен АЖМЦ орнатылған ұшында розетка бар иілгіш металл арқан көмегімен қосу ж о л ы м е н қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) жерге қосу түйіспесі немесе потенциалдық тегістелінуі жоқ, не ақаулы болған жағдайда оларды қалпына келтіргенге дейін толтыруға тыйым салынады;

6) сұйық отын аққандай болса, толтыруды тоқтатып, ақауды түзеу қажет.

Цистерналар толтырылғаннан кейін ЖМҚ мен АЖМЦ құю пунктінен белгілі тәртіпке сай ағытылады.

577. Өзге ведомстволардың АЖМЦ жоғарғы мойын арқылы толтыруда қауіпсіздікті сақтау үшін мыналарды орындау керек:

1) бөлу жеңдерін көтеру және түсіруді арнаулы механикаландырылған қ о н д ы р ғ ы м е н а т қ а р у ;

2) жарылысқа қарсы шілтерді алып қою;

3) бөлу жеңін сүрту және оны цистерна мойнына ақырын түсіру(жең ұшы цистернаның түбіне мұнай өнімдерінің қалдық қабатына алып түсіріліп, қажет б о л с а б е к і т і л е д і) .

АЖМЦ мойын белгісінен асыра құюға тыйым салынады.

578. Жоғарыға құюға қолданылатын жең сырты тегіс, диаметрі кемінде 100 мм болуы және ток бұратын тетікпен жабдықталуы және статикалық электр қуатын бұру қондырғысы болуы керек.

579. Түссіз мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған автоцистерналар жерге қосу қондырғыларымен жабдықталуы, ал цистерна сөндіргіші алға двигателі немесе радиатор астына шығарылуы тиіс. Сонымен бірге барлық автоцистерналар сөндіргіштермен жабдықталады.

580. Қызмет көрсетуші адам мұнай өнімдерін құймас бұрын автоцистернаның және оның жабдықтауының ақаулы, ақаусыз осы Ережедегі 579-тармақ талаптарына сәйкес қарап шығуы қажет. Қабылдау жиыны немесе құю құбыры құю кезінде автоцистерна түбіне дейін түсіріледі, мұнай өнімдері шашырамай сұйықтық деңгейіне дейін құйылады.

581. Автоцистернаға карбюратор двигателімен мұнай өнімдерін құю двигатель жұмыс істеп тұрғанда, ал дизель двигателі болса, сөндірілген соң атқарылады. Құю кезінде жүргізуші автоцистернаға шығып, құю процесін бақылап тұруы тиіс. Автоматты жүйемен құйылғанда жүргізуші нұсқауда көзделген қызметті орындайды.

582. Автоцистернадан ақау табылса, мұнай өнімдерін құю дереу тоқтатылып, двигатель сөндіріліп, автоцистерна басқа автомобиль буксирмен құю алаңынан алып шығарылады.

40-тарау. Жағар-жанармай стансалары

583. Құю және өлшеу құбырларының қақпақтарын қарау және құю құдықтарының люктері жабық болуы қажет. Люк пен өлшеу құбырының қақпағы құю немесе мұнай өнімдері деңгейін өлшеу сәтінде ғана ашылады. Мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлар тыныс клапандары мен откедергілеу ақаулы болса, онда оны пайдалануға әсте болмайды. Резервуардағы мұнай өнімдері деңгейін өлшеу осы мақсатқа арнайы жасалған стандарт өлшеу аспаптарымен жүргізіледі.

584. Резервуарлар мен құбырлардың ақауын уақытында тауып, жөндеу үшін автомобильге май құю стансасы (осыдан кейін - АМҚС) кемінде бір айда екі рет тексерілуі тиіс. Резервуарлар мен құбырлардан аға бастаса, резервуарларға май құю және мұнай өнімдерін беру ақау толық түзетілгенше тоқтатылады.

585. Автомобильге май құю стансасы жер астындағы резервуарларына мұнай өнімдерін құю автоцистерна жерге қосылғаннан кейін және двигатель сөніп тұрғанда жабық тәсілмен (құбыр немесе жең арқылы) атқарылады. Автоцистернадан бензинді толық қотарып алғанша және құбыр мен жеңді қашан ағытқанша жерден ажыратылмайды. Резервуарға жалғастырылғандықтан қотару кезінде колонкадан мұнай өнімдерін босатуға рұқсат етілмейді. Құю жеңінің ұшы резервуар корпусына тигенде ұшқын шашыратпас үшін жанбайтын материалдан жасалады және жерге қосылып тұрады.

Автомобильге май құю стансасы резервуарында герметикалық құю аспабы (МС-І үлгілі) болған жағдайда мұнай өнімдерін автоцистерналар мен сұйық отын

құюшылардан двигатель істеп тұрғанда насос қондырғыларымен құйып алуға рұқсат етіледі, бірақ тек көрсетілген герметтелген аспаптар арқылы жүзеге асырылуы керек.

586. Автотрактор техникасына май құйғанда мына талаптар сақталуы қажет:

- 1) автомобильдер май құюға өзі жүріп келеді;
- 2) май құю жөніндегі барлық операция жүргізушінің қатысуымен орындалады;
- 3) мұнай өнімдері тікелей бензобакқа құйылады; бензинді полиэтилен конистрі және шыны ыдысқа құйып босатуға тыйым салынады;
- 4) автомобиль бөлігіне мұнай өнімдері төгілгендей болса, двигательді іске қосқанға дейін құрғатыла сүртілу тиіс, абайсызда жерге төгілген мұнай өнімдерінің беті құммен жабылады, ал май сіңген құммен сүрткіштер қақпағы саңылаусыз жабылатын металл жәшіктерге салынып, жұмыс күні аяқталғаннан кейін А аймағынан алынып кетіледі;
- 5) май құйып алуға келіп тұрған автомобиль мен келесісінің ара қашықтығы кемінде 3 м, ал одан кейін кезекте тұрғандар арасы кемінде 1 м болуы тиіс;
- 6) автомобильге май құю стансасы аумағындағы автомобильдер әрқашанда автокөліктің шығып кетуі үшін бос орындар қалдырылатын тәртіппен қойылады.

587. Автомобильге май құю стансасы аумағында тыйым салынады:

- 1) автокөліктің жер астындағы резервуар үстімен жүруіне;
- 2) мұнай өнімдерін жіберуден өзге жұмыстың атқарылуына;
- 3) үй-жайда тез тұтанғыш сұйықтықты сақтауға;
- 4) қолды және киімді тез тұтанғыш сұйықтықпен жууға, сондай-ақ бензин құйылған киім және аяқ киіммен жұмыс істеуге;
- 5) автокөлікке мұнай өнімін асыра құюға;
- 6) шылым шегуге, отты қолданумен байланысты жөндеу және басқа жұмыстарды жүргізуге;
- 7) двигательі жұмыс істеп тұрған жанатын немесе жарылыс қаупі бар жүк тиелген, сондай-ақ жолаушылар отырған автобустар мен автомобильдерге (жеңіл машинадан басқа) май құюға;
- 8) автомобильге май құю стансасы аумағына кіру және ұшқын сөндіргішпен жабдықталмаған тракторға май құюға;
- 9) күн күркіреп тұрғанда резервуарға мұнай өнімдерін қотару және көлікке май құюға.

588. Өрт шыға қалса, май құюшы жұмысын дереу тоқтату, құрал-саймандарды шығару, өрт туралы өртке қарсы қызметке хабарлау және автокөлік жүргізушілерін қатыстыра отырып, қолда бар құралдармен өрт сөндіруге кірісуге міндетті.

41-тарау. Құйып алу-қю эстакадалары

589. Құйып алу-қю эстакадалардың қоршауы, едені, сатысы, басқышы жанбайтын материалдан жасалады.

590. Эстакаданың немесе жеке тұрғандардың (екі екі білікті; бір төрт білікті немесе сегіз білікті вагон арақашықтығы) екі жағына тепловоз (паровоздың) кіруіне тыйым салатын сигнал белгілері қойылуы тиіс.

591. Эстакададан 10-15м жерде құбырларға апаттық ысырмалар орнатылады.

592. Тепловоз (паровоз) машинистерінің құйып алу-қю қондырғылары шекарасына сигналсыз жақындауына, сифондауға, оттықты ашуға және көсеуге, составты тежеуге және итеруге, жел кіргішті ашық ұстауға, шырақты немесе ашық оттың басқа да түрлерімен пайдалануға тыйым салынады.

593. Эстакада аумағында цистернаны металл тиянақпен (башмақпен) тежеуге рұқсат етілмейді. Бұл үшін тек ағаш төсеніш қолданылады.

594. Мұнай өнімдерін қотару, ережеге сәйкес, төменгі құйып-алу қондырғысы арқылы, ал ол болмаған жағдайда жоғарыдағы мойын арқылы жүзеге асырылады.

595. Тиек арматурасын және цистерналардың қопару қондырғыларын қыздыру үшін бу, ыстық су немесе ауа, жылытылған құм қолданылады. От алу температурасы 80°C асатын электр қондырғышты арнаулы электр жылытқышты пайдалана отырып, мұнай өнімдеріне қолдануға рұқсат етіледі.

Көлемі 30 м^2 асатын, қорғалған іске қосу қондырғысы бар цистернаға төрт жылтқыш, көлемі $25\text{-}30\text{ м}^3$ цистернаға тиісінше үш, ал 25 м^3 дейінгіге екі жылытқыш қойылады.

596. Электр жылытқышты мұнай өнімдеріне түсірген соң барып электр тоғын (бу беруді) іске қосуға болады. Отынның жылытқыш үстіндегі қабаты кемінде 50 см болуы тиіс. Қыздыру үдерісі тұрақты түрде қараумен жүзеге асырылады.

597. Егер авиа отыны теміржол цистерналарынан жанар май айдау стансасының (осыдан кейін ЖМАС) көмегімен тікелей автокөлік жанар май цистернасына құйылса, онда май құю мен автоцистерналар сыйымдылығын отынмен төменнен толтыру үшін ЖМАС-160 пайдалану жөніндегі ұсыныс басшылыққа алынуы керек. Темір жол цистернасы, ЖМАС пен АЖМЦ бірыңғай электр тізбегіне сенімді түрді біріктіріп, жерге қосылады. ЖМАС мен АЖМЦ арасы кемінде 5 м, ал ЖМАС пен темір жол цистернасы аралығы кемінде 10 м болуы тиіс.

598. Жанар-жағар май қоймасында және магистральді құбырдың құйып алу-қю пунктіндегі құйып алу-қю құрылысы, тиеу-түсіру платформасы және темір жол эстакадасының жұмыс жолы орналасқан алаң әрдайым ақаусыз болуы тиіс. Бетондалған алаңның беті мұнай өнімдері жиналып қалмас үшін тегіс және

сұйықтықтың науа немесе каналға тоқтаусыз ағып тұруы қамтамасыз етілуі қажет. Алаң үстінде байқалған шұңқыр, ой дереу тегістелуі керек.

599. Темір жол цистерналарын сұрыптау, қосу және ағыту мұнай өнімдерін қотару және құю пунктiнен тысқары жерде жүргiзiледi. Құю және құйып алу кезiнде эстакада маневр жұмысын жүргiзуге және эстакаданың бос жолына келесi маршрутты беруге тыйым салынады.

600. Екi жақты эстакадада маршрутты екiншi жолға әкелуге бiрiншi жолдағы цистернадан құйып алу операциясы толық аяқталғаннан кейiн және абайсызда төгiлген мұнай өнiмi жиналып алынған соң рұқсат етiледi.

601. Мұнай өнiмдерiн құю (құйып алу) алдында барлық вентильдiң, ысырманың дұрыс ашылғаны, сондай-ақ құю-құйып алу қондырғыларының ақаусыз болуы, жеңдер немесе телескопиялық құбырлардың ойдағыдай қосылғаны ұқыпты түрде тексерiледi. Кездескен кемшiлiктер дереу жойылады. Ал қалпына келтiруге мүмкiндiк жоқ болса, ажыратылады.

42-тарау. Найзағайдан және электростатикадан қорғану

602. ЖЖМ мен ОМҚС ғимараттары мен қойма құрылыстары мыналардан қ о р ғ а л у ы т и і с :

- 1) найзағайдың тiкелей әсерiнен;
- 2) найзағайдың қайталамасынан (электростатикалық және электромагниттiк и н д у к ц и я с ы н а н) ;
- 3) жоғары потенциалды үйiндiлерден;
- 4) электростатикалық көрiнiстерден. Найзағайдан және статикалық электрден қорғанудың барлық шаралары қазiргi заң талаптарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылуы қажет.

603. Статикалық электр әсерiнен қорғану мына тәсiлдермен жүзеге а с ы р ы л а д ы :

- 1) құбырлар мен металл конструкцияларына жеткiзiлетiн техникалық жабдықтың металл бөлiгi құрылғылары, сондай-ақ мұнай өнiмдерiне арналған резервуарлар, май құятын құрал-жабдықтар мен май құятын объектiлер арасындағы электр потенциалдары мiндеттi түрде жерге қосылады;
- 2) отын сыйымдылықтарын толтыру (құйып алу) оңтайлы режимдерiнiң с а қ т а л у ы ;
- 3) қажеттi жағдайда электростатикалық индукциялық бейтараптандырғыш (ЭСИБ) орнату.

604. Электростатикалық әсерлерден қорғану үшiн жерге қосу қондырғысы электр жабдықтарына арналған жерге қосу қондырғысымен бiрiктiрiлуi қажет. Егер пайдалану шартына орай олар болмаған жағдайда статикалық электр

әсерлерден қорғану үшін 10 Ом-нан аспайтын кедергідегі арнаулы жерге қосу құрылғысы жасалады.

605. Теміржолдар және құйып алу-құю эстакадалары, пирстер май айлақтардың технологиялық жабдықтары тиянақты түрде жерге қосылады, ал цистерналар иілмелі металл арқандар мен эстакадаларды жерге қосу контурымен жалғастырылады. Барлық құбыр қалай төселгеніне қарамастан әрбір 200 м ұзындық бойынша жерге қосылуы тиіс. Құбырлардың фланцтік жалғастырушылары және басқа да технологиялық жабдықтар (май құятын, тасымалдайтын жылжымалы құралдарды қоса) шунттаушы ұстатқышпен жабдықталуы қажет.

606. Резервуарлар бір-біріне қарсы нүктелерде жатқан екі (кемінде) өткізгіштің өзара көмегімен жерге қосылады.

607. Құю пунктiнiң жерге қосқышын магниттік жалғастырушы көмегімен ЖЖҚ, АЖМЦ боялған корпусына қосуға рұқсат етілмейді.

608. ЖЖҚ, АЖМЦ, әуе кемесі ауыспалы контактілерінің кедергісі 0,03 Ом-нан аспауы керек. Антистатикалық отын жеңі үшін олардың ішкі және сыртқы жақтарының жерге қосу контурасына қатысты кез-келген нүктесінің кедергісі 10^{-7} Ом-нан аспауы тиіс.

609. Жерге қосқыштың контактілік қондырғысын жерге қосу бір ұшынан иілмелі металл арқан көмегімен жүргізіліп, ал екінші ұшы жерге қосылатын құрал корпусына жалғастырылуы тиіс. Потенциалды теңестіруде иілмелі металл арқан көмегімен жүргізіліп, бір ұшы ЖЖҚ, АЖМЦ корпустарына тиянақты жалғастырылып, ал басқа ұшын әуе кемесіне немесе құю пунктiне қосу үшін қысқаш жабдықталуы қажет.

610. Тез алынып-салынатын қосылымдар ұштары (ННЗ, НПГ) қабылдаушы штуцерге қосылу үшін потенциалдарды түзулеу арқанымен жабдықталуы тиіс.

611. Май құю және тасымалдау құралдары қозғалған уақытта электрстатиканы бұру үшін олардың шассилеріне жерге қосу шынжыры бекітілуі тиіс, ол үнемі жерге тиетіндіктен буындары латунь немесе қоладан жасалады.

612. Тез тұтанатын сұйықтықты құюға арналған металл бөшекелер кранмен құю жеңімен жалғастырылып, жерге қосылады.

613. Құюға арналған металл воронка (май құйғыш) жерге қосылуы тиіс, май құйғыш арқылы ыдыс түбіне дейін металл сымы (шынжыр) түсіріледі. Құю крандары және тез тұтанғыш сұйықтарды құюға арналған құрылғылар міндетті түрде жерге қосылады. Пластмассадан жасалған май құйғыштарды қолдануға тыйым салынады.

614. Құю пункттерінде ЖЖҚ, АЖМЦ толтыру статикалық электр зарядтарды бейтараптандыру үшін міндетті түрде ЭСИБ орнатылады. Статикалық электр

индукциялық бейтараптандырғыш сүзгіш топтарынан кейін мүмкіндігінше көлбеу немесе тік жағдайда бөлгіш жеңдерге жақындау орналастырылады. Ол құю пункті жерге қосқышымен ток өткізгіш көмегімен жақсы жалғастырылуы қажет, бір ұшы ЭСИБ фланеціне бекітіледі де екінші ұшы жерге қосқышқа дәнекерлендіріледі. Бейтараптандырғыш фланеці шунттаушы ұстатқышпен жабдықталады.

615. Қондырғыны статикалық электр әсерден қорғап, түзу қалыпта ұстау үшін күн сайын, ай сайын және жоспардан тыс тексеріс жүргізіп тұрған жөн.

616. Күн сайын байқауда мыналарға назар аударылады:

1) жерге қосу арқандарының дұрыс жалғастырылуына потенциалдардың түзуленуіне, коррозияның жоқтығына, бекіткіштің сенімділігіне және штыр мен қосқыштың тазалығына;

2) жерге қосу контактыларының тазалығы мен сенімділігі, ал контакт қондырғысының саңылауы балшықтан, мұздан және коррозиядан арылуы қажет;

3) энергиямен пісірілген қосылыстардың таза және тұтастылығы, қарауға қолайлы жерге қойылуы;

4) ток өткізетін отын жеңдерінің ұштық корпусымен дұрыс қосылуы. Байқалған ақаулар дереу жөндеуге жатады.

617. Айлық тексеру өткізу үшін:

1) стационарлық жерге қосқыштар кедергілерін өлшеу;

2) жерге қосылатын электр шынжырының бары және ақаусыздығы потенциалдардың түзуленуі, отын жеңдері кедергіні өлшегіш көмегімен тексеру;

3) бұдан әрі күнделікті байқау көлеміндегі жұмыстар жүргізіледі. Тексеру нәтижесі актімен рәсімделеді.

618. Жоспардан тыс тексеру Азаматтық авиация ұйымдары басшыларының талап етуі бойынша ай сайынғы байқау жүргізу көлемінде атқарылады.

43-тарау. Сумен қамтамасыз ету, өрт сөндіру және канализация

619. Жанар-жағар май мен автоматтандырылған орталықтандырылған май құю стансасы қоймаларында диаметрі кемінде 200 м өртке қарсы айналма су құбыры болуы тиіс.

620. Әрқайсысының аумағы кемінде 5000 м³ резервуарлары бар III санаттағы қоймаларда салқындату және өрт сөндіруге қажетті суды өрт сөндіру автомобильдері және өртке қарсы сыйымдылықтар арқылы беру көзделген (резервуарлардан немесе ашық жасанды және табиғи суаттардан). Бұл үшін:

1) өрт сөндіру сыйымдылықтары (резервуарлар немесе ашық суаттар) өрт сөндірудің есептелген уақытында жұмсалатын су нормасына сәйкес болуы тиіс;

2) ашық өрт сөндіру суаттарының көлемі мүмкін болатын судың булануы немесе мұз болып қатуы есепке алынып белгіленуі қажет;

3) суаттарға өрт сөндіру автомобильдері еркін келіп-кететіндей кірме жолдар ж а б д ы қ т а л ғ а н ы ж ө н ;

4) өрт сөндіруге арналған сыйымдылықтар (суаттар, резервуарлар) кемінде екеу болуы керек. Әрбір сыйымдылықта өрт сөндіруге жұмсалатын судың ж а р т ы с ы с а қ т а л а д ы ;

5) өртке жұмсалған судың орнына өрт сөндіруге арналған сыйымдылыққа су толтыру 96 сағаттан аспауы тиіс.

621. ЖЖМ мен АЖМЦ қоймаларында ауа-механикалық көбікпен өрт сөндіру көзделуі қажет. Өрт сөндіру үшін стационарлық автоматтандырылған өрт сөндіргіштер, стационарлық автоматтандырылмаған өрт сөндіргіштер және жылжымалы қондырғылар көзделуі тиіс.

622. Стационарлық автоматты өрт сөндіргіш қондырғыда көлемі 5000м^3 одан да артық көлемді жер үстіндегі резервуарлар, сондай-ақ нормативті техникалық құжатта көрсетілген ЖЖМ мен АЖМЦ ғимараттары мен қойма үймереттері ж а б д ы қ т а л у ы т и і с . Б ұ л ү ш і н :

1) көлемі 500м^3 жер үстіндегі резервуарлар бар III санаттағы қоймаларда екі сыйымдылыққа жылжымалы қондырғылар, көпіршік генераторларын орнатып, ө р т с ө н д і р у к ө з д е л г е н ;

2) көлемі 500м^3 кем 1000м^3 дейінгі жер үсті резервуарларымен өрт сөндіру үшін техникалық-экономикалық негізделіп, автоматты өрт сөндіру қондырғысы көзделуі мүмкін.

623. Стационарлық автоматты емес өрт сөндіргіш қондырғыларымен 5000м^3 және одан да артық көлемдегі жер үсті резервуарлары, темір жол және автомобиль цистерналарын (I және II санаттардағы қоймалардағы) сөндіру көзделген.

624. Стационарлық шатыры және биіктігі 12 м асатын қабырғалары бар жер асты резервуарлары салқындататын стационарлық қондырғылармен жабдықталуы тиіс. Өрт кезінде резервуарлардың салқындатылуын қамтамасыз ету үшін резервуар паркінің айналасында өрт сөндіретін су құбыры көзделуі қажет.

625. Резервуарлардағы өртті сөндіру және салқындатуға салған су шығынын қазіргі нормативті техникалық құжаттарға сәйкес айқындау қажет.

626. Көпіршік жасайтын ерітіндіні эзірлеуге жұмсалатын су бір өртке үш мәрте жұмсау шартымен қамтамасыз етіледі.

627. Көпіршік түзуші қорын немесе ерітіндісін сақтау үшін кемінде екі резервуар көзделген. Бір резервуарға 10 м^3 дейін көпіршік түзуші қорын немесе 50 м^3 дейін оның ерітіндісін сақтауға рұқсат етіледі.

628. ЖЖМ мен АЖМЦ барлық қоймаларындағы өрт сөндіру насос стансаларының сенімділігі бір санатқа жатады.

629. Құйып алу-құю айлақтары мен пирстерінде, егер олар үшін өрт сөндіретін жеке қондырғы көзделмесе, қоймадағы стационарлық өрт сөндіру қондырғысы пайдаланылады, ол үшін ерітінді құбырын қоймадағы ерітінді құбырының айналмалы желісінен айлақтар мен пирстерге ерітінді құбырлары төселеді.

630. Ғимараттар мен құрылыстар қазіргі нормативті техникалық құжаттарға сәйкес автоматты өрт сөндіру дабылдағыштары мен жабдықталуы тиіс.

631. Қоймалар аумақтарында өндірістік немесе өндірістік-жаңбыр канализацияларын, сондай-ақ өрт кезінде резервуарларды салқындатуға жұмсалған суды пайдалану көзделуі тиіс.

632. Резервуар паркінің топырақ үйілген алаңындағы жаңбыр суын жинағыштар ілмек қондырғыларымен (сақпандармен, ысырғыштармен) жабдықталуы қажет. Мұның өзі парктің сырт қоршауынан тысқары тұрған үймектерді немесе орындарды іске қосуға мүмкіндік туғызады.

633. Канализация тармағындағы құдықтарда биіктігі кемінде $0,25\text{ м}$ гидравликалық ысырғыштар орнату қажет:

- 1) канализацияның магистральдық жүйесінен 400 м сайын;
- 2) ғимараттан (насос стансасы, құю стансасы, зертхана);
- 3) резервуар паркінің ауласындағы үймекте орналасқан жаңбыр суын қабылдағыштан;
- 4) құйып алу-құю қондырғысы (темір жол немесе автомобиль цистернасы үшін) алаңында орналасқан жаңбырсуын қабылдағыштан;
- 5) канализациялық жүйеден мұнай ұстағышқа дейін және кейін - одан кемінде 10 м қашықтықта.

634. Мұнай өнімдерімен ластанған ағынды және жаңбыр сулары жергілікті тазалау құралдарымен тазалануы тиіс.

635. Канализацияның жалпы шығар жерінде орталық тор (ұстағыш) қойылуы (орнатылуы) қажет орталық тордан өндірістік ғимарат, құрылыс және резервуарларға дейінгі ара қашықтық кемінде 30 м , насос стансалары мен резервуарларға қызмет көрсететін ұстағыштар - 10 м . Барлық қондырғы отқа төзімді материалдардан орындалуы тиіс.

636. Қосымша тұндырылатын тоғанды пайдалану үшін:

- 1) бөлінген мұнай өнімдерінің тұтас қабаты түзілуіне жол бермеу;
- 2) тоғанды жиналған шлакқа байланысты тазарту қажет.

44-тарау. Жылыту және желдету

637. ЖЖМ және автоматтандырылған ОМҚС қоймаларында орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету көзделуі тиіс.

638. Объектілердің ғимараттары мен құрылыстарын жылыту және желдету үшін жылытқыш ретінде температурасы 150°C аспайтын ыстық су п а й д а л а н ы л а д ы .

Объектіде технологиялық тұтынушылар болса, онда температурасы 10°C аспайтын су буын қолдануға рұқсат етіледі.

639. Өрт және жарылыс қаупі бар өндіріс үй-жайы едені астынан жылу құбырын жүргізуге рұқсат етілмейді.

640. Желдеткіш жүйесінің конструкциясы мен жабдығы ұшқын шығармауы керек. Электр двигателінен желдеткішке жетек жүргізгенде жазық белдік рұқсат етілмейді.

641. Желдеткіш қондырғысын электрмен жабдықтау қазіргі заң талаптарына сәйкес атқарылуы қажет.

6-Бөлім.

Қоймалардағы өрт қауіпсіздігі ережесі

45-тарау. Материал зат қоймалары

642. Қоймада түрлі материал мен бұйымды сақтағанда сөндіретін құралдардың (су көпіршік, газ) бір тектілігі белгілеріне және материалдардың жану бір тектілігіне қарау керек.

643. Қоймаларда материалдық құндылықтарды бірге сақтау ережесі қадағалануы тиіс (тез тұтанатын сұйықтық пен жанатын сұйықтық өзге материалдардан бөлек, азот пен күкірт қышқылы өзге органикалық заттар мен көмір сутектен бөлек сақталды).

644. Материалдық құндылықтарды транзит кабельдері өтетін, электр қуатын пайдаланатын өзге де үй-жайлар мен қондырғылары, сондай-ақ газ коммуникациялары мен маймен толтырылған аппаратуралары бар орындарды орналастыруға тыйым салынады.

645. Жертөледегі немесе цокальдық қабаттарда орналасқан қоймалардың кем дегенде екі есігі немесе ені 0,9 м, биіктігі 1,2 м терезесі болуы тиіс, бұл өрт кезінде түтіннің сыртқа шығуы үшін қажет.

646. Қойма ішіндегі ағаш конструкциялары оттан қорғайтын қоспамен өңделеді.

647. Қоймалар орталықтандырылған тәсілмен жылытылады. Материал сақталған қоймада газ плитасын, тұрмыстық электрмен қыздырылатын аспаптар мен пештерді орнатуға рұқсат етілмейді. Кеңсе ғимаратын жылытуға РБ-І типті қауіпсіз электрмен жылытқыш аспапты қолдануға болады.

648. Жүктер мен жүк тасу механизмін қойма рампасында сақтауға болмайды. Рампаға тиелген материалдар жұмыс аяғында жиналып алынуы тиіс.

649. Қойманың сөресіне қойылмаған тауарлар қатар-қатар орналастырылуы қажет. Есікке қарсы есіктің еніндей, бірақ кемінде 1 м кеңдігі бар жүріп-тұратын орын қалдырылуы керек.

650. Қоймадағы жүк тиейтін және түсіретін механизмдер мен электр тиегіштің шлангылық кабелі ақаусыз жағдайда болуы тиіс. Қоймада іштен жанатын двигательді жүк тиегіштерді пайдалануға тыйым салынады.

651. Қоймалардағы жалпы электрорубильник (ажыратқыш) үй-жайдан сыртта жанбайтын қабырғаға орнатылуы тиіс, ал қойманың жанатын үймеретінде бөлек тұрған таянышта, шкаф немесе қуысқа бекітіліп қойылады.

652. Қойма үймереттерінде штепсельді электр розеткаларын, қалпақсыз электр шырақтарын орнатуға тыйым салынады. Шырақ пен үйінді материалдар, бұйымдар және ыдыстар арақашықтығы кемінде 0,5м болуы тиіс.

46-тарау. Жаңғыш газ қоймалары

653. Газ баллондары сақталатын қойма бір қабатты, отқа төзімділігі кемінде II дәрежелі жеңіл жамылғылы болуы қажет, шатыр бос ұсталады. Бұл үймереттік есіктері мен терезелері сыртқа ашылуы тиіс. Электр жабдықтары жарылыстан қорғалған рубильниктер, сақтандырғыштар мен ажыратқыштар сыртта болады. Баллондарды жауын-шашын мен күн сәулесі ықпал етпейтін ашық алаңда сақтауға рұқсат етіледі.

654. Газ баллондары қоймасы мен түрлі ғимараттар мен құрылыстардың ең аз ара қашықтығы мынадай болуы керек:

1) тұрғын ғимараттар - 50 м;

2) қоғамдық ғимараттар - 100 м;

3) қойманың сыйымдылығына байланысты өндірістік ғимараттар мен үймереттер :

500 л дейін - 20 м ;

500-ден 1500 л дейін - 25 м;
1500 л артық - 30 м.

Газ баллондарын ғимараттан бөлмей жанбайтын қабырғадағы (терезесі мен есігі жоқ қабырға) шкафта немесе жанбайтын арнаулы материалдан жасалған будкада сақтауға рұқсат етіледі.

655. Сұйытылған, қысылған және ерітілген жағдайдағы газдарды сақтауға арналған баллондар қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды қауіпсіз пайдалану Ережесі талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Баллон сырты газдың түріне қарай белгіленген бояумен боялады.

656. Сұйытылған, қысылған және ерітілген газдар мен баллондарды толтырғанда белгілі нормадан асыра құюға болмайды. Баллондарды газбен толтыру және оны бақылау тәсілі цех нұсқауында көрсетіледі.

657. Жанатын газ (сутек, ацетилен, пропан, этилен) баллондары оттек, сығымдалған ауа, хлор, фтор және басқа тотықтырғыштар баллондарынан бөлек сақталады.

658. Оттек құйылған баллондарды сақтағанда және тасымалдағанда оның үстіне май жұғуына және май сіңірілген материалдың арматурамен жұғысуына жол берілмеген жөн. Оттекті баллонды қолмен домалатқанда вентильден ұстауға тыйым салынады.

659. Сұйытылған газ стансасы мен жанатын газ балоны сақталатын үй-жайда газ анализаторы қойылуы керек. Бұл аспаптар болмаған жағдайда ауысымда кемінде бір рет үй-жайдағы ауаға анализ жасау қажет.

Анализ үшін үй-жайдың жоғарғы және төменгі жағынан ауа алынады. Үй-жайда қауіпті газ жинала бастағаны айқындалса, үйді желдету, газ жинақтауының себебін білу және ақауды жою шаралары қолға алынады.

660. Орналастырған кезде баллондардың бір-біріне соқтығысуы, қалпағының және баллонның еденге түсуіне жол берілмеу керек.

661. Жанатын газдың аққаны білінсе, дереу қоймадан шығарылады.

662. Жанатын газ баллондары сақталған қойманы металл шеге немесе таға қағылған аяқ киімді адам жіберілмейді.

663. Жанатын газ балонын сақтауға арналған қоймаларда газ жинақталуын болдырмауға жағдай жасаушы желдеткіш істеп тұруы тиіс.

664. Жанатын газ балоны сақталатын қоймаларда су, төменгі қысымдағы бу немесе ауа жылуына ғана рұқсат етіледі.

665. Баллонға күн сәулесінің тікелей түсуінен сақтану үшін қойманың терезе әйнектері ақ бояумен боялады немесе күннен қорғану қондырғыларымен жабдықталады.

666. Жанатын газ баллондары сақталатын қоймаларда өзге заттарды, материалдар мен нәрселерді сақтауға рұқсат етілмейді.

667. Баллон тұрған қойманы айнала 10м қашықтықта қандай да бір жанатын материалды сақтауға және ашық отпен жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

668. Жанатын газ толтырылған башмагы бар баллондар қоймаларда тік қалыпта сақталады. Баллондардың құлап қалмауы үшін оларды арнайы жабдықталған ұяларда, клеткаларда орналастыру немесе барьермен қоршау қажет.

669. Башмагы жоқ баллондарды ағаш рамаларда немесе стеллаждарда (сөрелерде) жатқызып сақтау керек. Қаз-қатар орналастырғанда олардың биіктігі 1,5м аспауы тиіс, барлық вентилі сақтандыру қалпақтарымен жабулы және бәрі бір жаққа қаратылады.

47-тарау. Химиялық заттар мен полимер материалдары

670. Қоймаларда химиялық заттарды орналастырудың олардың неғұрлым қажетті сипаты (отқа қауіпті, улы, химиялық активті) көрсеткен жоспары болуы тиіс (осы Ережедегі 10 қосымша).

671. Химиялық заттарды физикалық-химиялық және өртке қауіпті қасиеттеріне сәйкес бірыңғай сақтау ұсынылады. Бір-біріне сәйкес келмейтін улы химикаттар таблицасы осы Ереженің 11 қосымшасында көрсетілген. Осы мақсатпен қоймалар бір-бірімен өртке төзімді қалқалармен оңашаланған жеке үй-жайларға (бөліктер) бөлінеді.

672. Химиялық заттар ұсталатын қоймаларда өзге материалдарды сақтауға, сондай-ақ химиялық заттар сақтаумен еш байланыссыз жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

673. Күшті әсер ететін улы заттарды оларға арналған арнаулы ережеге сәйкес қатаң түрде сақтау ұсынылады.

674. Химиялық заттармен барлық жұмыс тығындарын бүлдіріп алмайтындай етіп ұқыпты жүргізілуі қажет. Химиялық зат сақталатын әрбір ыдыста жазба немесе оның атауы айтылған бирка болуы тиіс.

675. Ауамен, сумен, жанатын заттармен түйіскенде өздігінен жануға қабілетті химиялық реактивтер ерекше жағдайларда, мұндай түйісу болмайтындай, сондай-ақ жоғары температура мен механикалық әсер ықпал етпейтіндей болып сақталуы тиіс. Күшті әсер ететін тотықтар (магний хлораты, хлорат-хлорит кальцийі, сутек асқын тотығы) өзге химиялық заттар мен реактивтерден толықтай оқшау сақталуы қажет.

676. Ұсақ ыдыстардағы химикаттар ашық сөрелерде немесе шкафтарда, ал үлкен ыдыстардағысы қатар-қатар қойылып сақталуы тиіс.

677. Химикаттарды орау арнаулы үй-жайда атқарылады. Төгілген және шашылған заттар дереу зиянсыздандырылуы қажет. Орауыш материалдар (қағаз, жоңқа, мақта, қалдық талшық) жеке үймеретте сақталады.

678. Өртте балқып кететін химиялық заттар сақталған үй-жайларда еркін ағуды шектейтін қондырғылар көзделуі қажет.

679. Реактиві бар үлкен шыны, бөшке, барабандар ашық алаңда әрқайсысында 100 данасы бар топ-тобымен қойылады, топ арасы кемінде 1м болуы тиіс. Әр бір топта өнімнің белгілі түрі ғана сақталады. Бұл үшін тиісті көрсеткіш жазу жазылады. Алаң жақсы түйгіштеліп, нығыздалып, тосқауылмен қоршалады. Ашық алаңдағы реактивті шөлмектер күн сәулесінен қорғалуы тиіс.

680. Азот пен күкірт қышқылдарын сақтауда олардың ағашпен, сабанмен және басқа да органикалық заттармен жанаспауы қадағаланады.

681. Қышқылдар сақталған қоймалар, қалқаларда төгілген қышқылды дереу бейтараптандыру үшін дайын бор, әк немесе сода ерітінділері болуы қажет. Қышқыл сақталған орын белгіленуі тиіс.

682. Өздігінен жанатын металл ұнтақтары (аллюминий, мырыш, магний, никель, ақ және сары фосфор, фосфорлы натрий мен кальций ұнтақтары) және басқа да материалдар сыртқа шығатын жеке есігі бар оқшауланған орындарда сақталады. Металл ұнтақтары немесе өздігінен жанатын заттар сақталған үймереттерде жанатын өзге материалдарды ұстауға тыйым салынады.

683. Өздігінен жанатын заттарды герметикалық жабылған ыдыстарды, металл үгінділерін саңылаусыз жабылған металл барабандар мен банкілерде, ақ және сары фосфорды дәнекерленген металл банкілерге салып, су астында, ағаш жәшіктерде сақтау қажет.

684. Өздігінен жанатын материалдар сөрелерге немесе жерге биігінен бір қатар етіп орналастырылады. Қоймаларда банкілерді ашуға, өздігінен жанатын материалдарды буып-түюге рұқсат етілмейді. Бұл жұмыстар жеке орында ұшқын шығармайтын аспаппен атқарылады. Банкілерді бір орнынан екінші орынға көшіру, тиеу-түсіру жұмыстары ерекше сақтықпен жүргізіледі. Банкілерді сүйреуге, бір-бірімен соқтықтыруға, ұшқын шығаратын аспапты пайдалануға тыйым салынады. Өздігінен жанатын материалдар сақталған қоймаларға кіретін адамдар саны қатаң түрде шектелуі керек.

685. Судың әсерінен жанатын материалдар (кальций карбиді және басқа да карбидтер, сілтілі металдар, натрий гидридi, барий қышқылы) құрғақ, жақсы желдетілетін бір қабатты, шатыры жеңіл, іште су, бу және канализациялық құбырлары жоқ үй-жайларға орналастырылуы тиіс.

Шатыр мен қабырғанын атмосфералық ылғалды жібермейтіндей болуы қарастырылады. Бұл заттарды жертөледе және ашық алаңда сақтауға әсте болмайды.

686. Кальций карбидін (өзге де карбидтерді) саңылаусыз жабық металл барабандармен тасымалдау және сақтауға рұқсат етіледі. Кальций карбидінен босаған ыдыс бөлек үй-жайда сақталуы тиіс.

687. Механикаландырылған қоймаларда кальций карбиді салынған барабанды тік қалыпта бір-бірінің үстіне үш қабат етіп орналастыруға болады. Механизация жоқ болса, барабандар көлбеу қалыпта үш қабаттан артық қойылмайды, ал тігінен екі қабат жеткілікті. Қабат аралығына қалыңдығы 40-50мм тақтай салынады. Ал кальций карбиді салынған барабандар қойылған қатарлар арасында жүріп-тұру жолының кендігі (ені) кемінде 1,5 м болуы тиіс.

688. Сілтілі металдар (калий, натрий, литий, кальций) және олардың қорытпалары банкілерде немесе қорғау орталықтарында (инерттік газдар, минерал май, керосин, парафин) контейнерлерде сақталады. Қорғау орталығы сілтілі металдың үстіне атмосфера әсері болмауына жағдай жасайды.

689. Сілтілі металы бар банка ыдыстардың араларына борпылдақ орауыш материалдар толтырылып, (мәселен, асбест қиындысы) ағаш жәшіктерге салынады. Бұл жәшіктер сөреге ұзыны бойынша бес, көлденеңінен екі және биіктігі бойынша бір жәшіктен орналастырылады.

690. Бір секцияға бірден бірнеше түрлі сілтілі металды сақтау керек болған жағдайда оның әрқайсысы бөлек сөреге орналастырылуы тиіс.

691. Ыдыс бүлінген жағдайда қоймадан дереу әкетіледі. Оны басқа ыдысқа салу қоймадан тыс жерде атқарылады немесе әр затқа белгіленген арнаулы тәсіл және құралмен жойылады.

692. Тотығатын химикаттар (хромпик, хром ангидридi, калий перманганаты, бром, селитра және басқа ұнтақты, кристалл тотықтырғыштары) қойманың бөлек секциясында сақталуы тиіс. Оларды жанатын материалдармен бірге сақтауға рұқсат етілмейді. Тотығатын материалдарды қойма ішінде орын ауыстырғанда және тасымалдағанда орауыштары білінбеуін, ұнтақтардың шашылмауын, басқа материалдар үстіне түспеуін қадағалау керек.

693. Құрым, графиктер мен ұнтақты полимерлік материалдарды жеке, жабық, құрғақ қоймаларда немесе атмосфера ылғалы, су, балшық түспейтін қойма секцияларында сақтау керек.

Қойма едені бір тегіс, саңылаусыз, ұнтақ үйіліп қалмай тез жиналып алынатындай болғаны жөн.

694. Ұсақталған және ұнтақ материалдарды жай бастауға болмайды, оларды техникалық талаптарға сәйкес қағаз, резеңкеленген, полиэтилен қаптарына, бөшекелер мен барабандарға салып сақтайды.

695. Металл ұнтақтар герметикалық жабық ақаусыз металл ыдыстарда сақталып, қай күні түскені, аты жазылып қойылады.

Тез жанатын металл ұнтақтар сақталған үй-жайларға жанатын өзге материалдарды сақтауға әсте болмайды.

696. Полимерлік ұнтақ материалдарды полиэтилен және резеңкеленген қаптарға салып сақтарда жоғарғы кендір орауыш алынып тасталуы керек. Ұсақталған және ұнтақ материалдарды батареядан 1м қашықтықта ұстаған жөн. Бұларды қатар-қатар етіп, не сөрелерде сақтауға рұқсат етіледі. Бірақ биіктігі 2м аспауы тиіс.

697. Әр түрлі жанғыш ұсақталған және ұнтақ материалдар жеке топпен қойылады, бұл ыдыс бүлінген жағдайда араласып кетпеу ниетімен жасалады.

698. Қойма ішінде тасымалдағанда резеңке дөңгелекті қол арбасын пайдалануға рұқсат етіледі.

699. Қойманың бүкіл үймереті мен жабдықтарды жүйелі түрде талшықтар мен шаңнан тазартып тұру ләзім. Тазалау мерзімі мен тәсілі өрт қауіпсіздігі нұсқауында көрсетілуі тиіс. Ұсақталған және ұнтақ материалдарды қабылдар алдында оның алдындағыдан қалған қалдықтардан ұқыпты түрде тазартылады.

700. Резеңке, резеңкелендірілген бұйымдар, каучук, эбонит, текстолит, органикалық шыны, пенополиуретан және жанатын пластмассадан жасалған өзге де бұйымдар, сондай-ақ талшық материалдары жанатын басқа материалдардан бөлек, оқшауланған қоймалар немесе секцияларда, міндетті түрде өрт сөндіретін автоматты құралдармен жабдықталған орындарда сақталады.

Пластмассаларды жертөледегі қоймалар мен өндірістік үй-жайларда, сондай-ақ терезесі жоқ жерлерде сақтауға рұқсат етілмейді.

Бағалығы және қасиеті бойынша әртүрлі пластмассаларды жеке-жеке сақтаған жөн.

701. Қоймалардағы сөрелер жанбайтын материалдардан жасалады. Аты аталған материалдарды биік сөрелерде сақтауға тыйым салынады.

702. Өрт бола қалған жағдайда пластмасса қоймасына демалу аппаратынсыз кіруге тыйым салынады.

703. Қойма ішінде материалдарды тасымалдауға дөңгелегіне резина кигізілген ақаусыз электрокарлар және қол арбаларын пайдалануға рұқсат етіледі. Күн сайын жұмыс аяғында қойма ішіндегі жанатын қалдықтар жиналып алынады.

48-тарау. Аэрофото және рентген үлдірі

704. Аэрофото және рентген үлдірін сақтайтын қоймалар (мұрағат) отқа төзімділігі кемінде II дәрежелі басқа ғимараттардан 25м қашықтықта орналасқан, кемінде сыртқа шығатын екі есігі бар жеке ғимараттан тұрады.

705. Қойма есігі жанбайтын материалдан жасалады, отқа төзімділігі кемінде 1,2 сағат шамасында болуы керек. Терезе ойығы жылжымалы металл торымен қорғалады.

Қойма орталықтандырылған сумен жылытылады, үй-жайдағы температура 35 °С аспауы тиіс. Жылыту батареялары қуысқа орналастырылып, тормен жабылады.

706. Көп үлдірді (пленканы) атап айтқанда, 500 кг асатынды сақтайтын қойма жанбайтын қабырғадағы секцияларға бекінеді. Әрбір секцияда табиғи немесе ықтиярсыз желдеткіш, далаға немесе дәлізге шығатын өз алдына есік болады. Секцияда 500 кг артық үлдірді сақтауға рұқсат етілмейді.

707. Қоймалар электр жарығымен қамтамасыз етіледі.

Электр сымы труба ішінде, шырақтар шаң енбейтін қораптарда болғаны жөн.

708. Аэрофото және рентген үлдірі металл қорабында (кассеталарда) сақталады. Үлдір арнаулы орындарда ашылады.

709. Қойма ішінде үлдірді тасымалдау үшін доңғалағына резеңке кигізілген қол арбасы пайдаланылады. Қоймаға авто және электр көлігінің кіруіне тыйым салынады.

710. Атцетат негізінде дайындалған үлдір нитро негізінде әзірленген үлдірден бөлек сақталады.

711. Үлдір сақталған қоймада шылым шегуге, ашық отты пайдалануға, кинофото жабдықтарын пайдалануға рұқсат етілмейді.

49-тарау. Пиротехникалық құралдар

712. Пиротехникалық құралдар қоймасы отқа төзімділігі кезінде I дәрежелі жамылғысы жеңіл, өзге қоймалардан немесе өндірістік үй-жайдан кемінде 100м қашықтықта жеке тұрған ғимарат болуы тиіс.

Қойма аймағы қоршалып, жалпақ жапырақты ағаш отырғызылады.

713. Қойма іші құрғақ, сору трубасы орнатылуы, терезелер тормен жабдықталған, терезенің ішкі төсемі қаңылтырмен, қапталған болуы тиіс. Қос есік салынады (сыртқысы темірмен қапталған, ішкісі торлы) сыртқа қарай ашылады. Электрмен жарықталған, шамдар қорғауыш қалпақпен жабылады, ажыратқыштар сыртта болады. Қоймалар орталықтанған бумен немесе сумен жылытылады.

714. Пиротехникалық құралдар түбі ағаш жәшіктерде сақталады. Қатар мөлшері: ұзыны - 5м, ені - 1,5м және биіктігі 2м аспайды. Қатар аралығында жүріп тұратын жолдың ені кемінде 1,5м.

715. Пиротехникалық құралдар қоймаларында шылым шегуге, өрт қаупі бар жұмыстар жүргізуге, сондай-ақ пиротехникалық құралдарға детонация

тудыратын жұмыс жасауға, ашық отты пайдалануға тыйым салынады. Қойманың сыртқы қабырғасына және кіретін есік сыртына: жарылу қауіпі бар, шылым шегуге, ашық от пайдалануға болмайды делінген қауіптілік белгілері ілінеді.

50-тарау. Қышқылдарға арналған қоймалар

716. Қышқылдарды ыдысқа бір даналап орауды жеке оқшауланған секцияларда немесе қалқалы жеке алаңдарда атқаруға рұқсат етіледі. Шөлмектерге күн сәулесі, жауын-шашын тимеуі керек. Органикалық және органикалық емес қышқылдарды бір секцияға, сондай-ақ жертөледе басқа материалдармен бірге қоюға болмайды. Органикалық қышқыл үшін өрт қауіпсіздігі талаптары ТТС және ЖМ қоймаларындағы талаптармен бірдей.

717. Қоймалардың сәкісі қышқылға төзімді болуы тиіс. Қышқыл төгіле қалған жағдайда жуған су ағатын канал болуы шарт.

718. Қышқыл құйылған шөлмектер бір топта 100-ден аспайтындай болып орналастырылуы тиіс; биіктігі жағынан бір қатар, ені бойынша 4 шөлмек қойылады. Топ аралығында кемінде 1м жүріп-тұратын орын қалдырылады.

Шөлмектер тығыз оралып себетке немесе ағаш торға салынады; түбіне және жанына отқа төзімді қоспа сіңірілген сабан немесе жоңқа салынады.

719. Қышқыл құйылған шөлмектерді тасымалдау арнаулы жабдықталған арбалармен (қол немесе механикалық) атқарылады, үстіне қышқылға төзімді жамылғы төселуі және ыдыс орналастыратын ұя болуы тиіс.

720. Қышқылды қойма ішінде бір ыдыстан екіншісіне құюға және ұсақ ыдысқа орауға рұқсат етілмейді.

721. Қышқылды резервуарда сақтағанда мына талаптар қадағалануы қажет:

- 1) сыйымдылық қышқылдың бұл түріне шыдамды материалдан әзірленуі;
- 2) қышқылды бір сыйымдылықтан екіншісіне ауыстыру
м е х а н и к а л а н д ы р ы л у ы ;
- 3) құйып алу-қю құбырлары, өлшеу құралдары, насостар қышқылға төзімді
м а т е р и а л д а р д а н ж а с а л у ы ;
- 4) сыйымдылық қойылатын алаңқай өзге қоймалар мен өндірістік
корпустардан жырақта болуы.

722. Қышқыл сақталатын қоймалар мен алаңқайларда қышқыл төгіле қалған жағдайда, оны жуатын су жолы, сондай-ақ бейтараптандыратын қоспа болуы тиіс.

51-тарау. Лак пен бояу сақтау орны (қоймалар)

723. Әдетте лак пен бояу сақталатын орындар отқа төзімділігі кемінде II дәрежелі бір қабатты ғимараттарда орналастырылады, үй-жайлар бір-бірінен жанбайтын қабырғалармен бөлінеді.

724. Лак пен бояу сақтау орны желдеткішпен қамтамасыз етілуі тиіс. Сорып алу жүйедегі желдеткіштер жарылысқа төзімді, электр қозғаушылары жарылыстан қорғалған болуы қажет.

725. Лак пен бояу сақтау орындары тек электрмен жабдықталады. Бөліп тастағыштар, ажыратқыштар, сақтағыштар сыртта орналастырылады.

726. Лак бояу материалдары аты жазылған ақаусыз жабық ыдыстарда сақталады.

727. Лак бояу материалдарын қоймаларда жанбайтын материалдардан жасалған сөрелер мен қатарларға орналастыруға рұқсат етіледі.

728. Банкілерді, бөшкелерді, бидондарды ені бойынша екі, ұзындығы бойынша 15 данадан асырмай орналастыру қажет, биіктігі сөреде бір қатардан артық болмауы тиіс, ал стеллажда араларына төсем салынып, екі қатардан қою ұсынылады.

729. Олифа, өсімдік майы және лак талшық материалдардан оқшау сақталады

730. Өсімдік майы немесе олифа төгіліп қалса, дереу тазалануы және төгілген орын қорғашталуы қажет. Май мен олифа сіңген сүрту материалдары қоймадан шығаруға жатады.

731. Олифа, май, лак және құрғақ бояуды бір жерге сақтағанда әрқайсысына бөлек алаңша бөлінуі тиіс.

732. Ыдысты ашу және әзірлеу (араластыру) операцияларын сақтау орнында жүргізуге рұқсат етілмейді. Бұл мақсат үшін ЛБМ құюға қолайлы оқшауланған үй-жай қарастырылуы тиіс.

733. Тиеу-түсіру жұмыстары өте сақтықпен жүргізілуі қажет. ЛБМ ыдыстарын темір ілмекпен тартуға, болат аспап пайдалануға, жерде сүйретуге, жоғарыдан тастауға рұқсат етілмейді. Лак пен бояуды қойма ішінде тасымалдауға доңғалағына резина кигізілген қол арбаны пайдалануға рұқсат етіледі.

734. Лак пен бояудан босаған металл бөшкелердің қақпақтары жабылып, қоймадан кемінде 50м жерде арнаулы бөлінген алаңқайда сақталады.

735. Темір бөшкелер, бидондар және басқа ыдыстар арнаулы орындарды немесе өрт қауіпсіздігі сақталған жеке жуу алаңдарында жуылады.

52-тарау. Жалпы талаптар

736. Өрт шыға қалған жағдайда адамдардың қоғамдық ғимараттардағы өрт қауіпсіздігі төмендегідей қамтамасыз етіледі:

1) өрт бола қалған жағдайда адамдарды тез эвакуациялауды жүзеге асыруға кепілдік беретін ғимаратпен үймереттің конструктивтік-жоспарлық шешімі;

2) эвакуация жолы өтетін жерлерді (холл, дәліз, басқыш) әрлегенде жанатын материалдарды, сондай-ақ жануды жоғарыға қарай тез тарататын материалдарды қолдануға жол бермеу;

3) эвакуация жолын және өрт сөндіру құралдары бар ғимаратты тұрақты түрде тиісті дәрежеде ұстау;

4) мейманханалар мен жатақханаларда тұрушы адамдарды, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерін өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптарымен және өрт бола қалған жағдайда сақтық шараларын сақтау ережелерімен таныстыру;

5) жөндеу жұмыстарын жүргізу, электр аспаптарын, электр қондырғыларын және жылу жүйелерін пайдалануда сақтық шараларының жасалуын әкімшілік тарапынан жүйелі түрде бақылап отыру;

6) түтіннен қорғану жүйесіне жататын басқыш алаңы, дәліз, тамбур және холл есіктерінің саңылаусыз жабылуын қамтамасыз ету, қондырғыларды ақаусыз дұрыс ұстау;

7) шылым шегетін арнаулы орын болу және тек бөлінген жерге темекі тарту керек екендігі туралы жолаушыларға дауыс зорайтқыш байланысы арқылы тұрақты хабарлап тұру.

737. Адамдар көп келетін ғимараттарда эвакуация жоспары жасалып, қызмет көрсететін қызметшілер және адамдарды эвакуация жөнінде қорғаушылардың міндеттері бөлініп беріледі, өрт бола қалған жағдайда, сондай-ақ адамдарға эвакуация тәртібі туралы хабарлайтын дыбыс зорайтқыш болуы көзделеді.

738. Табиғи жарығы жоқ басқыштар мен дәліздерге апаттық жарық орнатылады. Шығатын жерлерге жарық көрсеткіштері қойылады. Жалпы дәлізден басқышқа және сыртқа апаратын есіктерге құлып салуға әсте болмайды.

739. Қоғамдық ғимараттарда эвакуациялық жолдарда "Шығу" деген жазу жасыл фонда ақ түспен жарықпен жазылады. Дәліздерде, басқыш алаңында және есіктерде мемлекеттік стандартқа сәйкес көрсеткіш белгілер қойылады.

740. Адам көп жиналатын ғимараттарда мыналарға тыйым салынады:

1) дүкендер, шеберханалар, отқа қауіпті және тез тұтанатын материалдар қоймаларын орналастыруға;

2) егер кіріп-шығу жалпы басқыш алаңын оқшауланған жертөле мен цокольдық қабаттарда жанатын материалдар қоймаларын, шеберханалар салуға, сондай-ақ шаруашылық және отын сарайларын орналастыруға;

3) терезелерге металл тор көздер орнатуға;

4) эвакуация жолын әзірлеуге жанатын материалдарды қолдануға.

53-тарау. Аэровокзалдар мен жолаушылар ғимараттары

741. Вокзалдардың күту залдарындағы барлық орындықтар бір-бірімен жалғастырылып, еденге мықтап бекітіледі.

742. Аэровокзалдың қойма үймереттері, жүк сақтау камералары мен киім ілгіштері жергілікті байқау пульті мен орталық бақылау пункті авиациялық қауіпсіздік қызметі сыртында жалғанған өрт-күзет дабылдағышымен жабдықталуы тиіс.

743. Аэровокзалдардың күту залдарындағы мерзімдік баспасөздер, кәдесыйлар сататын дүңгіршектер жолаушыларды эвакуациялауға кедергі келтірмейтіндей етіп салынуы қажет. Дүңгіршектердің конструкциялық элементтері жанбайтын материалдардан жасалады.

744. Аэровокзалдағы барлық үй-жай мен жолаушылар ғимараттары осы Ережедегі 6-қосымшаға сәйкес норма бойынша өрт сөндірудің бірінші құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

745. Аэровокзалдарда және жолаушылар ғимараттарында:

1) тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтар мен заттарды сақтауға және п а й д а л а н у ғ а ;

2) түнгі уақытта басқыш алаңын, сондай-ақ жалпыға бірдей пайдаланатын дәліздерді жарықсыз қалдыруға ;

3) кассалар, материалдық құндылықтар сақталатын және басқа да режимдік үй-жайлардан басқаларының терезесіне металл тор орнатуға тыйым салынады.

54-тарау. Мейманханалар

746. Мейманханаларда өрт бола қалған жағдайда әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші қызметшілердің іс-әрекетін белгілейтін нұсқау болуы тиіс. Нұсқау әкімші бөлмесіндегі көрнекті орынға ілінеді. Әрбір бөлмеде (нөмірде) әркімнің өрт жағдайында әрекет ету естелігі болуы қажет.

747. Ғимараттар апат жағдайындағы жарықпен, ал қызмет көрсетуші кезекші электр фонарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

7 4 8 . Т ы й ы м с а л ы н а д ы :

1) нөмірде электрмен қыздырылатын аспаптарды пайдалануға;

2) түн кезінде шығар есікті, саты алаңын және жалпыға бірдей пайдаланылатын дәлізді жарықсыз қалдыруға.

55-тарау. Дәнекерлеу және отпен атқарылатын жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігінің талаптары

749. Дәнекерлеу және отпен атқарылатын басқа да жұмыстар қазіргі заңға сәйкес жүргізілуі тиіс.

750. Ереже бойынша, дәнекерлеу және отпен атқарылатын жұмыстар тұрақты, осы мақсатта арнайы жабдықталған үйлерде немесе өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келетін ашық алаңдарда жүргізілуі қажет.

Дәнекерлеу цехтары мен учаскелері өрт қаупі бар өндірістік үйлерден өртке қарсы қабырғалар арқылы оқшаулануы тиіс. Өрт қаупі жоқ цехтарда дәнекерлеу цехтарын биіктігі кемінде 2,5м болатын өртенбейтін жақтаулармен (калқандармен) қоршауға болады. Жанғыш материалдарды мұндай қоршауларға пайдалануға рұқсат етілмейді.

Дәнекерлеу және отпен атқарылатын басқа да жұмыстар жүргізілетін тұрақты орын Азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен белгіленеді.

751. Уақытша (бір рет) дәнекерлеу және басқа да отпен атқарылатын жұмыстар жабдықтарды жөндеу немесе монтаждау мақсатында тікелей үйлерде, өндірістік үйлерде немесе Азаматтық авиация ұйымының аумағында жүргізіледі.

Уақытша (бір рет) дәнекерлеу және басқа да отпен атқарылатын жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асырудың тәртібі ұйымның ерекшелігі еске алына отырып азаматтық авиация ұйымы басшысының бұйрығымен белгіленеді. Онда мынадай шаралар көзделген:

- 1) жұмысты рәсімдеу және оны жүргізу тәртібі;
- 2) дәнекерлеу басқа да отпен атқарылатын жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейтін цехтар мен учаскелер;
- 3) өрт және жарылу қаупі бар үйлерде отпен атқарылатын жұмыстарды жүргізудің тәртібі;
- 4) авиаұйымның өртке қарсы қызметіне жұмыстың басталуы мен аяқталғаны туралы хабарлап отыру;
- 5) жұмыстың басталуы алдында және аяқталған кезеңінде өртке қарсы жүзеге асырылған шаралардың орындалуын бақылау;
- 6) өрт қауіпсіздігі жұмыстарын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерді тағайындау;
- 7) отпен атқарылатын жұмыстарды атқару кезінде ацетиленді генераторларды, дәнекерлейтін оттық лампаларды, электрмен дәнекерлеуші бензин-керосинмен жұмыс істейтін құралдарды және басқа да қондырғы жабдықтарды қауіпсіз пайдаланудың ережелері.

752. Үйлерде немесе аумақта дәнекерлеу және басқа да отпен атқарылатын жұмыстар жүргізу кезінде құрылымдық бөлімшелер (қызметтер, цехтар, қоймалар, учаскелер) басшылары мына шараларды жүзеге асыруы қажет:

1) жұмыс жүргізіліп жатқан орындарға бақылау жасау, жұмыс орындарын алғашқы қажетті өрт сөндіргіш құралдармен жабдықтау және жұмыс орындарына жақын орналасқан отқа жанғыш құрылымдарды қорғау, қорғаушы экрандармен немесе дымқылдаушы сумен қамтамасыз етуі;

2) өрт қауіпсіздігінің шаралары жөнінде тікелей жұмыс атқарушыларға (дәнекерлеушілер, газбен кесушілер) нұсқау беру; жұмыс орындарын дайындау жөнінде өртке қарсы шараларды анықтау;

3) отпен атқарылатын жұмыстарға өрттен қорғау қызметімен жазбаша рұқсат қағазын толтыру, қол қойғызу және келісу (осы Ереженің 7-қосымша), оның көшірмесі авиаұйымның өртке қарсы шара жүргізу бөлімшелерінде сақталады.

Өрт қауіпсіздігіне жауапты нысан басшысы немесе басқа лауазымды қызметкер уақытша отпен атқарылатын жұмыс жүргізу орындары өз істерін аяқтағаннан кейін 3-5 сағат ішінде оны тексеріп шығуы тиіс.

753. Авиаұйымның өртке қарсы шаралар жүргізу қызметінің өкілі мына жайларды бақылауға алуға міндетті:

1) алдағы уақытта отпен атқарылатын жұмыс орнындағы өртке қарсы дайындалған шаралардың жайын тексеру және өрт қауіпсіздігіне қосымша шаралар қажет болған жағдайда оларды отпен атқарылатын жұмысқа берілген рұқсат қағазға қоса тіркеп жазу;

2) өрт қауіпсіздігі ережелері бұзылған немесе өртке қарсы ұсыныстар орындалмаған жағдайда тыйым салу немесе отпен атқарылатын жұмыстарды **д е р е у** **т о қ т а т у** ;

3) арнайы журналдарда бір жолғы отпен атқарылған жұмыстар жөнінде есеп жазу (осы Ереженің 8-қосымшасы).

754. Дәнекерлеу және басқа да отпен атқарылатын жұмыстарға - отпен атқарылатын жұмыстарды жүргізуге қажетті ацетиленді генераторларды, дәнекерлейтін оттық лампаларды, бензин-керосинмен жұмыс істейтін құралдарды және басқа да қондырғы жабдықтарды қауіпсіз пайдаланудың, сондай-ақ өрт қауіпсіздігінің ережелерін орнықты білетін адамдар жіберіледі. Бұл адамдардың (кәсіп иелері) мамандық алғандары жөнінде куәліктері және өрт қауіпсіздігі техникасы жөніндегі талондары болуы тиіс (осы Ережедегі 9-қосымша).

755. Уақытша (бір жолғы) отпен атқарылатын жұмыстарды жүргізу рұқсаты тек жұмыс ауысымына ғана беріледі. Егер бірнеше жұмыс ауысымы (күндер) бойы бірыңғай отпен атқарылатын жұмыстар жүргізілетін болса, онда әрбір жұмыс ауысымында онан әрі жұмыс істеу рұқсаты жұмыс орнын қарап

тексеруден кейін барып ұзартылып, бұл жөнінде тиісті қорытынды жазылып қойылады. Сәтсіздік (апат) бола қалған жағдайда шұғыл атқарылатын дәнекерлеу жұмыстары жазба түрдегі рұқсатсыз-ақ цех (учаске) бастығының бақылауымен жүргізілуі керек.

756. Өрт және жарылыс қаупі бар жерлерде дәнекерлеу және басқа да отпен атқарылатын жұмыстар ерекше жағдай ретінде және өрт-жарылыс қаупі бар бұйымдар мұқият жиыстырылғаннан соң, аппаратуралар мен үйдің іші тазаланғаннан кейін, жарылыс қаупі бар шаң-тозандар мен заттарды, тез тұтанатын заттар мен жанар майларды және олардың буларын толық кетіргеннен соң ғана жүргізіле бастайды. Мұндай үйлерді үнемі желдетіп отыру және ауа ортасының жайына мұқият бақылау орнату қажет.

757. Ішіне сұйық отын, тез тұтанатын заттар мен жанар майлар, газ құйылатын сиымды ыдыстар дәнекерлеу жұмыстары жүргізілер алдында тазаланып, күйдіргіш өткір сода салынған ыстық сумен жуылады, булап, кептіріледі және ауа ортасы желдетіледі, сондай-ақ барлық коммуникациядан ажыратылады. Дәнекерлеу жұмыстары барлық есік-тесіктер ашық жағдайда, үстеме ауаны үздіксіз беретін желдеткіштің толық іске қосылуы жағдайында жүргізілуі тиіс.

758. Дәнекерлеу, кесу жұмыстарын жүргізу кезінде мына жағдайларға тыйым салынады :

- 1) ақауы бар аппаратуралармен жұмыс істеуге;
- 2) жаңа сырланған құрылымдарды және сыры толық кеппеген бұйымдарды дәнекерлеуге және кесуге;
- 3) майланған арнайы киімдерді пайдалануға;
- 4) дәнекерлеу кабиналарына киімдерді, жанғыш сұйықтарды және басқа жанатын заттар мен материалдарды сақтауға;
- 5) мамандық алғандары жөнінде куәліктері және өрт қауіпсіздігі жөнінде талондары жоқ адамдарды (кәсіп иелерін) жұмысқа жіберуге;
- 6) электр сымдарына сығымдалған және сұйытылған газ толтырылған баллондар жанасуына жол беруге;
- 7) жанатын және улы заттар, сондай-ақ сұйық және газ толтырылып, қысымда тұрған аппараттар мен коммуникацияларға, электр кернеуі бар аппараттарға дәнекерлеу және кесу жұмыстарын жүргізуге.

759. Дәнекерлеу және отпен атқарылатын басқа да жұмыстар азаматтық авиация ұйымдарының өртке қарсы қызметімен Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары өкілдерінің алғашқы талабы бойынша дереу тоқтатылуы тиіс.

56-тарау. Өртпен күрес кезінде сумен жабдықтау

760. Өрт сөндіру жабдықтары орнатылған су құбырының жүйелері қажетті су қысымын қамтамасыз етіп, есепті мөлшерде су жіберіп тұруы тиіс. Су қысымы жеткіліксіз болған жағдайда су мөлшерін арттырушы насостар орнатылуы қажет.

Өртпен күреске қажетті су крандары орнатылған су құбыры жүйелеріндегі учаскелерді уақытша бөліп тастауға, сондай-ақ су қысымын қажетті мөлшерден азайтуға бұл туралы ведомстволық өрттен қорғау және Мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметтері хабарлауынан кейін ғана рұқсат беріледі.

761. Азаматтық авиация ұйымы аумағында су көзі, немесе оған жақын жерде табиғи су көздері (өзен, көл, тоспа) болған жағдайда олар да жылдың кез-келген уақытында өрт сөндіру автомобильдерін қоюға және су алуға мүмкіндік туғызатын оларға қарай ыңғайлы кірме жолдар мен пирстер салынуы қажет.

762. Өрт сөндіруге қажетті резервуарлардың, су қоймаларының, су құбырлары жүйелерінің, басқа да түрлі қондырғылардың ақаусыз болуын, түптеп келгенде өрт болған жағдайда мұның бәрінің үнемі дайын тұруын қамтамасыз ете алатындай тұрақты техникалық бақылау жүзеге асырылып отырылуы тиіс.

763. Жөндеу жұмыстары жүргізілетін немесе су құбырлары жүйелерінің учаскелері бөлініп тасталған жағдайда, насос станциялары істен шықса немесе, су қондырғылары ақаулы болса, сондай-ақ өрт сөндіру су қоймаларындағы су азайса дереу өрттен қорғау орындарына хабарлау керек.

764. Өрт сөндіруге қажетті су қоймасы мен резервуарға баратын кірме жолдар кедергісіз, әрдайым бос тұруы керек. Өртпен күреске қажетті су краны жанында жарық арқылы сәулелендіретін ПГ әріпті индексі бар көрсеткіш белгі орнатылуы тиіс. Онда белгі көрсеткіш пен кранның ара қашықтығы, су құбырының ішкі диаметрі қанша екені цифр тілімен айқын жазылуы қажет. Өрт сөндіруге қажетті су қоймасы жанында жарық арқылы сәулелендіретін ПВ әріпті индексі бар көрсеткіш белгі орнатылуы керек. Оған қоса ондағы судың қоры қанша текше метр екені цифр тілімен көрсетілуі тиіс.

765. Өртке қажетті жер асты су крандарындағы құдық қақпақтары батпақтан, мұз бен қардан, ал тұрақ судан босатылуы керек. Қысқы кезеңде өрт крандарының қатып қалмауы үшін жылытылып, ұсталуы тиіс.

766. Өртпен күреске қажетті су крандары, оның су шүмектері кемінде әр алты ай сайын техникалық қызмет көрсетуден өткізіліп су жіберу арқылы оның жұмыс сапасын айқындау және тексеру нәтижесін арнайы журналға немесе жасалған актіге тіркеу қажет.

767. Өртке қарсы қолданылатын ішкі су құбырының крандары 1,35м биіктікте орнатылуы керек, су шашқыш шлангілер мен ұңғылар (ствол) жинақталып, олар өртке арналған шкафтарға қойылуы тиіс. Шкафтардың есіктеріне ПК (өрт крандары) әріптік индексі жазылып, онда таяу маңдағы өрт сөндіру бөлімдерінің

реттік саны және телефон нөмірлері көрсетілуі қажет. Шкафтың сыртқы жағы қызыл түспен безендіріліп, нормативтік техникалық құжаттарға сай келуі тиіс. Алты айда бір рет өрт крандарын тексеріп, су жіберу шлангілерді шиыршықтап жаңадан қайта орап тұру қажет.

768. Мүмкіндік болмаған немесе өртке қарсы күреске пайдаланылатын су құбырларының экономикалық мақсатқа сай келмеген жағдайда Азаматтық авиация аэродромдарының аумағында су сақталатын орындардың (су қоймалары, резервуарлар) саны екеуден кем болмауы тиіс; олардың санының қаншалықты екеніне қарамастан әрбір су сақтау орындарында өрт сөндіруге қажетті судың жарты мөлшері сақталуы қажет. Бұл ретте жер асты немесе өзен суларын өрт сөндіруге пайдалануға болады. Мұндай жағдайда жер асты суларының қоры өрт сөндіруге кепілді түрде жететіндей мөлшерде болуы тиіс.

769. Ашық су қоймаларының су қоры құрылысы мына жайларды қамтамасыз е т у і қ а ж е т :

- 1) өрт сөндіруге кететін су мөлшеріне сай келетін сенімді су қорын жасау;
- 2) суды лас нәрселерден алдын ала тазарту;
- 3) су құйылатын құрылғылардың мұз және басқа жүзбелі заттар әсерінен бүлінуінен сақтау және су тереңінде пайда болатын кесек мұздардан тазартуға құрал-жабдықтар жинақтау.

770. Су жинақтайтын құрылғылардағы өрт сөндіруге қажетті қорда сақталатын су мөлшерін толықтыруға кететін ең көп уақыт мынадан аспауы к е р е к :

1) өндірісі өрт қаупі бар санатқа жатқызылатын А, Б, В, Г тобындағы ұ й ы м д а р ү ш і н 2 4 с а ғ а т ;

2) өндірісі өрт қаупі бар санатқа жатқызылатын Г және Д тобындағы ұйымдар үшін 36 сағат.

771. Ауа райы суық болып келетін аудандардағы суды қысып ағызатын мұнара жылытылып тұруы тиіс. Жылыту үшін су ысытқыш немесе бу айдайтын тетіктерді пайдалануға болады. Егер мұнара - су түтіктері құрылғыларын қамтамасыз ететін қозғаушы күш болатын болса, онда жылыту мөлшері барлық аудандарда міндетті түрде температура 0 С градустан төмен ұсталуы керек.

772. Өрт сөндіру насос стансасы үйлерінде өртке қарсы күрес кезінде сумен жабдықтаудың жалпы сызбасы, су түтіктері құрылғыларының сызбалары, сондай-ақ оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулар ілініп қойылуы қажет. Әрбір ысырмаларда және өрт сөндіру насостарында олардың қандай мақсатқа пайдаланылатындықтары туралы белгі болуы тиіс.

773. Әрбір насос стансасының Азаматтық авиация немесе қала ұйымдарындағы өрттен қорғау қызметімен хабарласатын телефон немесе сигнал беру байланысы болу керек.

774. Су насосы стансасындағы барлық өрт сөндіру насостары үнемі пайдалануға даярлық қалпында болуы және оның әрдайым талап деңгейіндегі қысым мөлшерінде тұруы үшін кемінде әр 10 күн сайын тексеріліп, журналға тиісінше қорытынды жазылып отырылуы тиіс.

8-Бөлім

Өрт сөндірудің алғашқы құрал-жабдықтары.

Өрт кезінде әкімшіліктің, жұмысшылар мен қызметшілердің іс-қимылы

57-тарау. Өрт сөндірудің алғашқы құрал-жабдықтары

775. Азаматтық авиация ұйымдарының барлық өндірістік, қойма, қосалқы және әкімшілік үйлері мен ғимараттары, сондай-ақ жеке үйлер мен технологиялық қондырғылар отты өшіргіштер; өрт сөндіру құралдары (су толтырылған күбі, өртке қажетті шелектер, асбест маталар, немесе киіздер, құм толтырылған жәшіктер және күректер); өрт сөндіру жабдықтары (ілгекті бақан, сүймен, балта, тор көздерді кесетін қайшы) сияқты алғашқы өрт сөндіру құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұлар шамалы тұтана бастаған жерлерді, сондай-ақ өрт енді қаулай бастаған тұсты қоршап, өшіріп тастауға пайдаланылады. Құм болмаған кезде оның орнын кальцийленген сода жергілікті отқа жанбайтын сусымалы материалдар алмастыра алады.

Пайдаланылатын асбест маталар мен киіздердің көлемі 1x1м, ал тез тұтанатын заттар мен жанар майлар сақталатын орындарда қолданылатын бұл материалдардың көлемі - 2x1,5м немесе 2x2м болуы керек.

776. Өндірістік және қоймалық үйлер мен ғимараттарда және Азаматтық авиация ұйымдарының аумағында құрамында 2 көбікті өрт сөндіргіш, 1 көмір қышқылды өрт сөндіргіш, құм толтырылып, күрек қойылған 1 жәшік, 1 асбест маталы және киізді төсем, 1 сүймен, 3 ілгекті бақан, 2 балта сияқты өрт сөндірудің алғашқы құралдарының жиынтығы бар арнайы өрт қалқаны қойылуы керек. Нормаға сәйкестендіріліп, бұған қосымша су толтырылған күбілер және шелектер әзірлікте тұрады. Өрт қалқандары үйдің ішіндегі көрнекі әрі тез алуға болатындай жерлерге, мүмкіндігіне қарай үйдің шыға берісіне жақын орынға жинақталуы тиіс. Ұйым аумағындағы өрт қалқандары бір қалқанның өзі 5000 шаршы метр жерді қамти алатындай есеппен реттеледі. Өрт сөндірудің алғашқы құрал-жабдықтары және өрт қалқандары Мемлекеттік стандарт талабына сай келетін түспен боялуы қажет.

777. Ауалы-көбікті өрт сөндіргіштер "ОВП-5", "ОВП-10", "ОВП-100" кернеулі электр жабдықтарын және суға араласқан заттарды есептегенде, жанғыш қатты және сұйық заттардың барлық түрінде жаңа басталған өртті өшіруге арналған. Көмір қышқылды өрт сөндіргіштер әртүрлі заттарда жаңа басталған өртті, сондай-ақ кернеуі 1000 В болатын электр қондырғыларындағы отты өшіруге лайықталған. Ал ұнтақты өрт сөндіргіштер тез тұтанатын сұйық зат және жанармайларды, қатты материалдар мен газдардағы кернеуі 1000 В болатын электр қондырғыларындағы отты өшіре алады.

778. Өрт сөндіруші құралдарды орналастыру, қызмет көрсету және қолдану тәртібі дайындаушы заводтың нұсқауларына, сондай-ақ төмендегі талаптарға с ә й к е с к е л у і к е р е к :

1) галлоидкөмірқышқылы қоспаларымен қосылған заряды бар өрт сөндіргіштерді көлемі ең кемінде 15 шаршы метр болатын желдетілмеген үйде сақтауға және қолдануға болмайды;

2) өрт сөндіретін құралды үй қуысына қоюдан басқа жағдайда, атап айтқанда өрт сөндіріліп жатқан үйден адамдар басқа жерге көшірілген кезде, олардың жолына орнатуға тыйым салынады;

3) өрт сөндіргіш құрал еден деңгейінен биіктігін 1,5м асырмай және есіктің ашылуы кезіндегі оның шеткі жағынан есептегенде 1,2м қашықтықта орналастырылуы қажет;

4) өрт сөндіргіш құрал орналастырылатын шкафтың немесе тумбаның жасалу пішіні мен сыртқы көрінісі оның ішінде сақталған өрт сөндіргіштің түрін жай көзбен анықтауға мүмкіндік туғызатындай болуы керек;

5) өрт сөндіргіш құралды қойғанда оның корпусындағы нұсқаулық жазулар айқын көрінетіндей етіп орналастыру қажет.

779. Өрт сөндіргіш құралдарды үнемі даярлық қалпында ұстау және олардың пайдалану қауіпсіздігін сақтау мақсатында мыналар қажет:

1) көмір қышқылды өрт сөндіргіштер олардың салмағын өлшеу арқылы 3 айда бір рет тексеріледі. Ол кеміген жағдайда қайта зарядталады. Бұл өрт сөндіргіш құралдардың баллондары әр 5 жыл сайын куәләндырылып отырылады;

2) ұнтақты өрт сөндіргіштердің өрт сөндіру сапасы жылына 1 рет тексеріледі; олардың корпусының мықтылығы және материалының тығыздығы гидравликалық қысыммен сынақтан өтеді.

780. Өрт сөндіретін алғашқы пайдаланылатын құралдарды Азаматтық авиация ұйымдарының шаруашылық органдары алып, құрылымдық бөлімше (қызметтер, бөлімдер, қоймалар, цехтар, мейманханалар) басшысының материалдық жауапкершілігіне беріледі.

Құрылымдық бөлімше басшысы өрт сөндірудің алғашқы құралдарын

ұқыптап ұстап, қатаң тәртіппен тиянақты пайдалану ісін бақылайды. Өрт сөндіргіш құралдардың қолды болып ұрланғаны үшін, оларды дұрыс жағдайда сақтамағаны немесе қажетті-қажетсіз жерге бей-берекет қолданғаны үшін құрылымдық бөлімшелердің басшылары және осы іске тікелей кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының тиісті заң актілеріне сәйкес тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

